

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУРАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

Қолжазба құқығында

К.К.Саржанова

**С. ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МЕТАФОРА ЖҮЙЕСІ МЕН
УӘЖДІЛІГІ**

6М020500 - Филология мамандығы бойынша
гуманитарлық ғылымдар магистрі академиялық дәрежесін
алу үшін дайындалған магистрлік диссертация

ПАВЛОДАР - 2014

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

Қорғауға жіберілді
«Қазақ филологиясы» кафедрасының
менгерушісі, филология
ғылымдарының докторы,
профессор _____ Имамбаева Ғ.Е.
(қолы)
« ____ » _____ 2014 ж.

Магистрлік диссертация

**С. ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МЕТАФОРА ЖҮЙЕСІ МЕН
УӘЖДІЛІГІ**

Мамандығы: 6М020500 - Филология

Магистрант _____
(қолы)

Саржанова К.К.

Ғылыми жетекшісі,
филол.ғ.д., профессор _____
(қолы)

Имамбаева Ғ.Е.

ПАВЛОДАР – 2014

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақ әдебиетінің негізгі кезеңі саналатын XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің маңызы ерекше.

Осы кезең ақындары әдеби тілімізді дамытуға, қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосты. Олардың арасында көрнекті ақындардың бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров та бар.

Метафора туралы түрлі ғылыми тұжырымдар баршылық. Алайда ақын тіліндегі метафоралар, олардың жұмсалуды, уәжділігі, қызметі, құрылымдық мағыналық түрлері зерттеу нысаны болған емес. Метафораларды анықтау арқылы аталмыш кезеңдегі тілдік көріністі айқындауға болады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Сұлтанмахмұт Торайғыров тіліндегі метафоралардың қолданылу уәжділігі, мағыналық ерекшелігі, жасалу сипаты теориялық мәселе ретінде зерттеу нысанына айналуы қажеттілік. Ақын тіліндегі метафораларды зерттеу – сол қажеттіліктің нақты өтелуі. С. Торайғыров тіліндегі метафораларды сипаттау оның көркем ойлау жүйесімен бара-бар. Ақын тілінің метафоралану жүйесін танытудың өзектілігі осыған саяды.

Зерттеу нысаны. С. Торайғыров шығармаларындағы метафора жүйесі.

Зерттеу пәні. С. Торайғыров шығармаларындағы метафоралардың табиғи қалыптасуы мен уәжділігі, мағыналық ерекшеліктері.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. С.Торайғыров шығармаларындағы метафораның уәжділігін, семантикалық топтарын зерттеу – диссертациялық жұмыстың мақсаты.

Жұмыста осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделді:

- метафораның әлемдік, орыс, түркі және қазақ тіл біліміндегі теориялық негіздерін саралау;
- ақын тіліне байланысты жарық көрген еңбектерге ғылыми талдау жасау;
- метафоралардың уәжділігін, сөзжасамдық тәсілдерін, жасалу жолдарын қарастыру;
- метафораларды әр түрлі семантикалық топтарға жіктей отырып, метафораның түрлерін, мағыналық ерекшелігін көрсету.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен нәтижелері. Тіл біліміндегі теориялық жүйелі ой-тұжырымдар анықталып, бұрынғы айтылған пікірлер мен қағидалар сарапталды, С. Торайғыров тіліндегі метафораларға қатысты мәселелер мынадай нәтижелермен толықтырылды:

- ақын тіліндегі метафоралар жинақталып, сараланып, талдауға түсті;
- метафоралардың уәжділігі мен сөзжасамдық ерекшелігі анықталып, олардың синтетикалық, аналитикалық және семантикалық тәсілдер арқылы жасалатыны көрсетілді;
- метафоралар семантикалық топтарға жіктеліп, метафоралардың түрлері мен олардың мағыналық ерекшелігі қарастырылды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдамалар.

- Тіл тарихын зерттеуде метафораның теориялық және практикалық негіздерін айқындау, оны сөйлеу мәдениетіміздің бір көрінісі ретінде, бейнелі ойымыздың дамуы мен қалыптасуын танытады;
- С. Торайғыров шығармаларында метафора тәсілін кеңінен пайдаланған. Метафораларды анықтау арқылы аталмыш кезеңдегі тілдік көріністі айқындауға болады;
- Ақын тілінде кездесетін метафоралар семантикалық, синтетикалық, аналитикалық тәсілдер арқылы жасалған;
- Метафоралардың түрлерін саралау олардың семантикалық негіздерін айқындайды;
- Көне замандардан бастау алған метафоралардың дамуын когнитивті-лингвомәдени тұрғыдан қарастыру жалпы көркем ойлау жүйесін анықтауға өз ықпалын тигізеді.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі. Метафора теориясына, оның уәжділігіне, сөзжасамға байланысты пайымдаулар А. Байтұрсынов, Б. Хасанов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов, Ә. Хасенов, К. Аханов, Ж.Абитжанова, С. Исаев, Н. Оралбаева, Б. Қасым, І. Кеңесбаев, Р. Сыздық, Ә. Нұрмағамбетов, Р. Шойбеков және т.б. ғалымдар еңбектерінің негізінде берілді.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Зерттеу жұмысында талдау, жинақтау, салыстыру, жүйелеу, сипаттама беру әдістері қолданылды.

Жұмыс материалы ретінде түсіндірме, фразеологиялық, этимологиялық сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар, көркем шығарма материалдары, ғалымдардың зерттеу еңбектері пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық маңызы. С. Торайғыров тіліндегі метафораларды ғылыми-теориялық зерттеу нәтижелері тіл тарихына өз үлесін қоса алады. Бұл метафоралар көркем ойлау жүйесін арттырып, семасиология, когнитивтік ілімдерді байытады, оқулықтарды ғылыми-теориялық жағынан толықтырады.

Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы. Диссертацияның нәтижелері мен тұжырымдамалары семантика, когнитивтік ілімдердің дамуына өз әсерін тигізеді, сондай-ақ, семинарлар мен практикалық курстарда, лингвистика саласына қатысты жаңа бағыттағы оқулықтар мен әдістемелік құралдар дайындауға, арнайы курстар мен семинарларға арналған бағдарламалар жасауда пайдалануға болады.

Жұмыстың талқылануы мен жариялануы. Диссертация бойынша «Мәңгілік ел» - Қазақстан білімі мен ғылымын жаңғыртуға уәждеме» атты «Аманжолов оқулары - 2014» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «Метафораның уәжділігі, сөзжасамдық тәсілмен берілу жолдары», «Ғылым және білім -2014» жас ғалымдар мен студенттердің IX халықаралық ғылыми конференциясында «С. Торайғыров шығармаларындағы семантикалық тәсілмен жасалған метафораның уәжділігі» атты мақалалар жарияланды, «ИнЕУ хабаршысына» «Метафораның шетел және түркі тіл біліміндегі зерттелуі» атты мақала берілді.

Жұмыстың құрылымы. Диссертациялық жұмыс Кіріспеден, екі бөлімнен және Қорытындыдан тұрады. Жұмыстың соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген.

1 МЕТАФОРАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

1 Метафораның шетел тіл біліміндегі зерттелуі

Зерттеулер мен оқулықтарда метафораны алғаш сөз еткен ерте дүниенің данышпан ойшылы Аристотель (б.з.д. 384-322 ж.) деп жүр. Ол метафораны поэтикалық творчествоның ең бір көрнекті саласы ретінде бізге дейін толық қалпында жетпеген, риторика сабағына арналған конспектісінің тезистері ретінде жазылған «Поэтика» мен «Риторикасында» әңгімелеген. Ежелгі грек шешендері мен оқымыстыларының метафора туралы бізге жеткен тарихи ескерткіші ретінде бағалай отырып, метафораны алғаш сөз еткен Аристотель деу де дұрыс. Бірақ Аристотельдің баяндауларына қарағанда, ғалымның алдында жалғыз аяқ болса тарихи зерттеу жолы болған. Мысалы, Аристотельден бұрын өмір сүрген Исократ (б.з.д. 436-388 ж.) шығарманың қысқа әрі шындыққа жарасымды келуін қуаттай отырып, метафора ретінде қолданылатын сөздің қабылдауға қиындық келтірмейтін, әдемі, барынша ыңғайлы, әрі жалпыға белгілі болуын талап еткен.

Грек ғалымдарының зерттеуі метафораның басқа тілдерде де зерттелуіне әсерін тигізді.

Ал метафораның ежелден ауызға алынуы сол замандағы сөз сайыстыруға, шешендікке үйретуге байланысты пайда болса керек [1, 5 б.].

Сол сияқты ізденуші Ж.А. Абитжанова зерттеуінде: «Метафора құбылысын зерттеу ертедегі грек ойшылдары Аристотель, Зенодат, Цицерон, Квинтилиан және үнді білімпаздары Анандавардхан, Бхатта Наяки заманынан басталады», - дейді [2, 7 б.].

Зерттеуші Ф.З. Сейітова диссертациясында: «Аристотель рассматривал метафору как способ замещения слов другими словами, отождествлял ее со сравнением и загадкой. Он также указывал на присутствие в метафоре эстетической, познавательной и психологической функций, но в то же время не рекомендовал использовать ее в своих рассуждениях», - дейді [3, 8 б.].

Сол сияқты ізденуші Ж.С. Ишкедеева мақаласында былай деген: «В своей «Поэтике» Аристотель впервые описал метафору как способ переосмысления значения слова на основании сходства. Метафора, по Аристотелю, дает возможность и право, «говоря о действительном, соединять с ним невозможное», иными словами, речь идет о способе называть предмет «не принадлежащим ему именем» через элемент сходства. Однако, как отмечают исследователи, «перед Аристотелем стояли проблемы поэтики и риторики, и поэтому все его суждения связаны с метафорой как фигурой речи», метафору как языковое явление Аристотель не рассматривает» [4, 106 б.].

Метафораны орыс тілінде алғаш зерттеушілердің бірі М.В. Ломоносов «Краткое руководство к риторике» деген еңбегінде оны сұлу сөйлеу тәсілі ретінде байымдайды. Ал көрнекті ғалым А.А. Потебня метафораның кездейсоқ сөз саптаудан емес, қажеттіліктен туатындығын атап көрсетті.

Метафораның мәнін ғылыми тұрғыдан зерттеуде профессор Б.С. Мейлахтың едәуір жұмыс жасағандығын айрықша атау қажет.

Б.С. Мейлах метафораны тек көркем әдебиеттің емес, жалпы ойлаудың, тілдің түбірлі категориясы екендігін, көркемдік жүйесінің элементі болып табылатындығын тұжырымдады.

Е.Т. Черкасованың Л. Леонов пен М. Шолохов шығармалары негізінде жазған «Метафоралық сөз қолдану туралы» деген мақаласы – елеулі еңбек. Автор зерттеуін таза лингвистикалық тұрғыдан жүргізе отырып, метафораға семантикалық, грамматикалық сипаттама бермек болған.

Профессор А.И. Ефимов метафораны кең мағынада ала отырып, көркем сөз стилистикасы оқулығында образды сөйлеу амалы ретінде қарастырған. Метафораның жасалу тәсілдері, түрлері мен оның қалыптасу процесін сөз етеді. Тақырыптарына қарап метафораларды бірнеше лексикалық серияларға бөлген. Сөзді метафоралы қолдану жолдарын көрсетеді [2, 6-7 Б.].

Зерттеуші С. Гусев грек тілінде метафораның бірнеше мағынасы бар екенін айтады: «греческое «фора» среди прочего означает не только перенесение, но и «множество», «производство плодов» и т.п. А приставка «мета» традиционно понимается как положение «над», «вне того» . Выходит, что метафора мыслит образами и неточностями, живописует сверх-множество и дает представление о фундаментальном устройстве мироздания» [5, 13 б.].

Араб тіліндегі сөз - бейнелердің зерттелуі ежелгі араб ойшылдарының риторика төңірегіндегі ой-пікірлерінен бастау алады. Әбу Усман Әмр ибн Бахр әл-Жахиз араб риторикасын зерттеуде үлкен үлесін қосқан төрт томдық «Әл-байан уа-т-тәбиин» - (Баяндау және түсініктеме) атты еңбегін VIII ғасырда жарыққа шығарды. Жахиз бұл еңбегінде өзіне дейінгі араб, парсы, грек, үнді ғалымдарының, әсіресе Башар ибн әл-Муътамардың риторика іліміне қатысты жазылған бақылаулары мен ескертпелерін жинақтап береді.

Нижраның 211 жылы жазылған Әбу Абида Муъаммар ибн әл-Мусаннаның «Мәжәзу-л-Құран» («Құранның астарлы мағыналары») кітабында алғаш рет образды сөйлеу, астарлы мағына (мәжаз) туралы сөз етті, сонымен қатар теңеу (ташбиһ), метафора (истиғара), метонимияға (киная) қатысты нұсқаулар берді.

Жахиз түсінігінде ақиқат: «сөздің негізгі орнында (мағынада) қолданылуы, ал мәжаз: «негізгі мағынаны қолдануға кедергі болатын қаринамен байланысы бар сөздің орнында қолданылмауы». Қарина дегеніміз – сөйлеушінің айтқан сөзінің басқа мағынада қолданылуына дәлел болатын сөз, сөз тіркесі, кейде бейнелі оралымдар. Сөздің негізгі мағынасында қолдануға осы қарина кедергі болады. Мысалы: Мен жауға оқ жаудырған арыстанды көрдім десек «арыстан» сөзінің тура мағынада қолданылмағанына дәлел болатын «оқ жаудырған» сөзі. Мұндағы арыстан - ештеңеден тайсалмайтын батыр адам.

Қазақ тіл білімінде қарина ұғымы қалыптаспаған. Бірақ айғақ сөздерді қазақ тіліндегі метафоралардан жиі кездестіруге болады. Мәселен, қазақ тілінде Ақсақ Темірді «Азия арыстаны», раушанды «гүл патшасы» деген ауыспалы мағынадағы сөздермен береді [6, 67-68 Б.].

Қайта өрлеу дәуірі метафораны тілдік құбылыс ретінде зерттеуге жол ашты. Ертедегі риторика өкілдері метафораны көркемдік тәсіл ретінде

карастырса, Барокко ғалымдары интуитивті таным тәсілі ретінде танып, оның адамдарға эмоционалды әсер ету ерекшеліктеріне көбірек көңіл бөлді. Дж. Вико троп түрлерінің ішіндегі өте өнімдісі, жиі қолданылатыны әрі ең қажеттісі метафора деп атап көрсетті. Оның ойынша, адамдар тек символдармен ойлайды. Э. Мак-Кормак жай сөздердің жаңа әдіспен қолданылуын метафора деп таныды [2, 7 б.].

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте метатафораға келесідей анықтама беріледі: «метафора (от греческого *metaphor* - перенос) троп или механизм речи, состоящий в употреблении слова, обозначающий некоторый класс предметов, явлений и т.п. для характеристики или наименования объекта, входящего в другой класс, либо наименования другого класса объектов, аналогично данному в каком-либо отношении» [7, 164 б.].

Дж. Лакофф пен М. Джонсон ғалымдар ойдың өзі метафоралы, ол салыстыру арқылы дамиды, міне осыдан тілде метафоралар пайда болады деп есептейді. Сондай-ақ, ол метафора физикалық және мәдени тәжірибенің негізіне жататынын, метафора поэтика мен риторикаға ғана тән емес, ол күнделікті өмірде, ойлауда, іс-әрекетте орын алатынын айтады.

Зерттеуші Э.С. Азнаурова метафораның ауыспалылығын экспрессивті-образды және образды-өшірілген деп қарастырады. Соңғысына сөздің тілдік жүйесінде «ұмытылған» образ, ал сөйлеуде – «өшкен» метафоралар деп алады. Ол ауыспалы атаудың пайда болу негізі жалпы денотат пен референт белгілері екенін қарастырады.

Ғалым Н.Д. Арутюнова образды метафораның ерекшелігін былайша сипаттайды: «образная метафора не всегда сохраняется в своей яркой первоизданности. Но, умирая, она обычно завещает языку новое значение или смысловой нюанс» [2, 7 б.].

Метафора сөзжасам, сөз тіркесі және кірме сөздермен қатар жаңа атау жасау тәсілі ретінде орыс тіл білімінің лексикология саласында, онда да семасиологияда, біршама зерттеліп келеді. Метафораны ономасиологиялық тұрғыдан орыс ғалымдары қарастырады. Сондай еңбектердің бірі – «Языковая номинация. Виды наименований» (1977) атты ұжымдық монографияда тілдік атау алу мәселелері, атаулардың нақты түрлі деңгейлеріндегі бірліктерінің атау алуындағы тілдік және әлеуметтік-психологиялық жағдайлар сөз етіледі. Лексикалық сөзжасам және синтаксистік номинация зерттеледі. Номинация құбылысы әр қырынан қарастырылып, ол туралы жалпы түсінік беріледі. Еңбекте метафора құбылысы номинативті қырынан қарастырылып, метафораландырудың онтологиялық негізделуі сипатталады. Жаңа атаулардың қалыптасуына алып келетін метафораны әрекетте көрсету, яғни метафораландыру тетіктерін ашу зерттеуші В.Н. Телияның басты мақсаттарының бірі болды. Ол «метафораны кәдімгі атаудың бейнелі қайта ойлауға өтуі» деп, метафора көбінесе жасырын салыстыру негізінде жасалатындығын, мұнда қайта ой елегінен өткен мағына тілдегі бар мағына тілдегі бар мағына атауымен салыстырылатындығын айтады. В.Г. Гак мақаласында метафораны әмбебап құбылыс ретінде қарастырады. Адам

ойының шексіз ерекшелігінен метафора пайда болатынын, ерте дәуірлердегі адам ойлау қабілеттері метафорада сақталатынын көрсетеді.

Метафораның бала тілінде қолданылуы мәселелерімен А.М. Шахнарович, Н.М. Юрьева, Л.С. Выготский сияқты ғалымдар айналысты [2, 8 б.].

Зерттеуші Д. Роббинс мақаласында Л. С. Выготскийдің мынадай пікірін келтіреді: «Являясь моделирующей идеей, метафора нацеливает учащегося на восприятие целостности. Две разнородные сферы трансформируются в компоненты нового, систематизированного, целостного значения. Метафоры - это не иллюстрации эмпирических фактов, а скорее визуальные образы отвлеченных, теоритических связей, и, следовательно, отражения. Служа посредниками между объектом и субъектом, метафоры связывают также эмоции и познание, видение и суждение, инсайт и интуицию» [8, 122 б.].

Ғалым Х.Д. Леэметс тілдің әр түрлі жүйелеріндегі метафоралану мәселелерін қамтыды. Т.З. Черданцева метафора, символ, фразеология арақатынасына назар аударса, Н.А. Кожевникова метафораның поэтикалық мәтіндегі мәселелеріне тоқталған [2, 8 б.].

Қорыта келгенде айтарымыз, Аристотель ілімінен бастау алған метафора теориясы көптеген шетел зерттеушілерінің назарына ілігіп, ғылыми теориялық жақтан жан-жақты толығып, бүгінгі күнде ғылым салаларынан өзіндік орын алып үлгерген күрделі мәселелердің қатарында.

1.2 Метафораның түркі тіл біліміндегі зерттелуі

Түркі тілдерінде метафораның зерттелу жайын сөз еткен Ә. Қайдаровта метафораның грамматикалық жағы теңеумен көп ретте ұштаса ұласқан. Қырғыз тіліндегі метафора мәселесі А. Сапарбаев, ал метафора теориясы Т. Аширбаев пен М. Борбугулованың еңбектерінде де көрініс тапқан. А.А. Қасиеваның «Лексико-семантический анализ метафор Кудатгу билиг» атты диссертациялық жұмысы бар.

Тіл білімінде метафораны көркемдік тәсіл ретінде А. Байтұрсынұлы, Р. Барлыбаев, Ә. Болғанбаев, Б. Хасанов сияқты зерттеушілер қарастырған. Қазақ тіл білімінде метафораның табиғатын көркемдік тәсіл ретінде қарастырып, алғаш тұжырым жасаған А. Байтұрсынұлы. Ол өзінің «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегінде троп түрлеріне, соның ішінде метафораға түсініктеме берген [2, 8 б.].

«Сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында түк ұқсастық жоқ, екі нәрсенің ететін әсері бірдей болса, біріне қас ғамалды, екіншісіне ауыстырып айтамыз. Мәселен, «күн құтырып кетті», «аяз қарыған», «қырау соққан» дейміз. «Құтырып кетті», «қарыған», «соққан» деген сөздер нақ өз мағынасында емес, өзге мағынасында емес, өзге мағынада айтылып тұр. «Құтыру» жанды, есті нәрсенің күйін көрсететін сөз күннің күйін көрсетуге ауыстырылып алынып тұр».

Сол сияқты «қарыған», «соққан» сөздеріне талдау жасап, метафораға мынадай анықтама береді: «Осындай ұқсастығымен ауыстырып, өз

мағынасынан сөзді өзгелеп айту – ауыстыру деп аталады». Ғалым метафораны «ауыстыру» деп алған [9, 27 б.].

Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалығында метафораға мынадай анықтама беріледі: «Метафора (грек. *metaphora* - ауыстыру) троптың (құбылтудың) бір түрі. Құбылыстар мен заттардың ұқсастық белгілері негізінде астарлы мағынада қолданылуы» [10, 369 б.].

Сол сияқты әдебиет зерттеушісі З. Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде: «Әдеби тілдегі ең басты құбылтулардың бірі – ауыстыру, яки метафора (грекше *metaphora* – көшіру) – сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту», - дейді [11, 219 б.].

Ғалым З. Ахметов «Поэзия шыңы - даналық» еңбегінде: «Метафораның өзгешелігі жай ғана екі нәрсені теңестіруде емес, балама бейне туғызуда», - деп атап көрсетеді [12, 28 б.].

Әдебиетші ғалым Қ. Жұмалиев «Әдебиет теориясы» еңбегінде метафора туралы «екі нәрсені бір-біріне ұқсастық жағынан ауыстырылса, метафора деп атайды» дей келе, метафоралық сөздердің жасалу тәсілдерін, метафоралардың түрлерін келтіреді [13, 115 б.].

Енді бір еңбегінде көрнекті қаламгер Абай өлеңдеріндегі ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздерді (тропы) зерттей келе метафора туралы мынадай пікір айтады: метафора – сыртқы не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау. Екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қою десек, қазақ өлеңдерін де солай етіп шығару үшін, кейде бір нәрсені екінші нәрсеге тікелей болса да, кейде жалғау арқылы, кейде көмекші етістіктер арқылы жасалатындығын көреміз.

Ғалым қазақ әдебиетіндегі метафораның құрылысы жағынан бес түрін көрсетеді. Олар:

Бірінші: метафораның жай түрі.

Екінші: жалғаулар арқылы жасалынатын метафора.

Үшінші: көмекші етістік арқылы жасалынатын түрі.

Төртінші: күрделі метафора немесе метафораның ұлғайған түрі.

Бесінші: метафораның бейне бір, тең деген сөздердің көмегімен жасалатын түрі [14, 111-114 Б.].

Сол сияқты зерттеуші М. Шәбжантайқызы «Әдебиет теориясы – көркемсөз ғылымының айнасында»: «Сөздің ауыстыру мағынасында келіп, сыртқы не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір затты екінші бір затқа балауды метафора деп атаймыз», - дейді. Еңбегінде метафораның жасалуын сөз етеді [15, 44 б.].

Қазақ тілі энциклопедиясында метафораға мынадай анықтама берілген: Метафора – белгілі бір нысанның басқа топтағы нысандардың белгісі мен қасиетіне қарай ауыстыра қолданатын троптың бір түрі. Метафора әрдайым ауыспалы мағынада жұмсалады. Соның өзінде кемінде екі түрлі мағына болуы мүмкін [16, 274 б.].

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте: «Метафора сөздің басқа мағынада қолданылуы. Риторика мен лексикологияда метафора номинациялық құрал ретінде қарастырылады. Көп қырлы құбылыс болғандықтан, метафораны тіл білімінің бірнеше саласы зерттейді (поэтика, стилистика, риторика, эстетика), лексикология, психолингвистика мен психология, логика мен философия да метафораны зерттейді» делінген [17, 143 б.].

М. Балақаев, А. Ысқақов, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Н. Сауранбаев сияқты ғалымдар метафораға мынадай ғылыми анықтама берген: «Лексикада түріне, түсіне, қимылына т.б. белгі, ұқсастығына қарай, бүтін бір ұғымның бөлшегін басқа жеке сөзге ұқсату арқылы жаңа мағына ашуын метафора дейміз» [2, 8 б.].

І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаев ғалымдардың «Қазіргі қазақ тілі» (1962) оқулығында «Тілдің лексикасындағы сөздердің сыртқы дыбысталуын, түрін өзгертпестен, заттың, құбылыстың түрінің, белгісінің ұқсастығына қарай жаңа мағынада қолданыла беруін ұқсату заңы» деп түсіндіреді [2, 8 б.].

Сондай-ақ ғалым Ә. Хасенов «Тіл білімі» оқулығында: «Метафора (гректің *metaphora* – ауысу, ауыстыру мағыналы сөзі) – белгілі бір ұқсастықтарына қарай екі я одан да көп зат немесе құбылыстың бір атаумен аталуы», - дейді [18, 143 б.].

Зерттеуші К. Аханов «Тіл білімінің негіздері» еңбегінде метафораға мынадай түсініктеме берген: «Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың немесе құбылыстың басқа бір заттың не құбылыстың атауы мен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады» [19, 108 б.].

Ғалым Р. Барлыбаев метафораны сөздің ауыс мағынасы, ұқсату заңы деп атайды. Ол бір заттың атауы жалпы сыртқы ұқсастық, сәйкестікке қарай екінші бір заттың, құбылыстың атауына ауысатыны, сөз мағынасының ауысуы объективтік болмыстағы заттардың, құбылыстардың жалпылық жақтарының негізінде туған тілдік құбылыс екендігін айтады.

Зерттеуші Б. Хасановтың «Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы» атты монографиясында метафора алғаш рет арнайы қарастырылған. Еңбекте А. Құнанбаев, І. Жансүгіров, С. Сейфуллиннің, ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармаларындағы метафоралар мен метафоралы тіркестерге талдау жасап, метафораның жасалу жолдарына ерекше көңіл бөлген. Метафоралық қолданыс пен метафоралық мағына түсіндіріледі, метафоралардың сөздің көп мағыналылығын, омонимдерді, терминдерді жасаудағы қызметі айтылады, ономастика мен топонимиканың, фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің, қанатты сөздер, афоризмдердің, табу мен эвфемизмдердің метафораға негізделуі, жұмбақтардың метафораға құрылуы т.б. мәселелер жан-жақты қамтылып сөз етіледі. Метафораның лексикалық және грамматикалық басты ерекшеліктері, оның көркем әдебиетте қолданылуы, метафораның түрлері, метафораның образдылығы мен оның баға беруде жұмсалуды, ойлаудың ұлттық ерекшелігін көрсетудегі мән-маңызы және тілдегі қосымша қызметтері кеңірек зерттелген.

Қазақ тіл білімінде тілдік метафора, оның түрлері туралы К. Ахановтың «Қазақ тілі лексикасының мәселелері», «Тіл біліміне кіріспе», М. Балақаев,

М. Томанов, Е. Жанпейісов, Б. Манасбаевтың «Қазақ тілінің стилистикасы», І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі», Ә. Болғанбаевтың «Қазақ тілінің лексикологиясы», А. Айғабыловтың «Қазақ тілінің лексикологиясы» т.б. біршама қазақ тіліне қатысты еңбектерде айтылған [2, 8-9 Б.].

Метафораны тілдің құрылымдық элементі ретінде (сөзжасамдық, атаужасамдық, тілдің көркемдегіш құралдары тұрғысынан) қарастыратын еңбектер қазақ тіл білімінде жетерлік. Соңғы кезде метафораларды когнитивті тіл білімі тұрғысынан зерттеуге бетбұрыс жасалумен байланысты қазақ тіл білімінде когнитивті, концептуалдық метафораларға арналған зерттеу еңбектер пайда бола бастады. Мысалы, Г.Ж. Зайсанбаеваның «Метафоралы аталымдардың когнитивті аспектiсi», А.С. Сыбанбаеваның «Қазақ тіліндегі концептуалдық метафоралардың қызметі» және т.б. [20, 34 б.]. Метафора – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Ол – жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Тілдің дәстүрлі теориясында метафора ойдың емес, тілдің ғана құбылысы деп танылып келді. Когнитивистер алғашқылар қатарында метафораның әлемдік бейнені танудағы, оның концептуалды сипатын айқындаудағы қызметін сұрыптаған ғалымдар қатарында М. Реддидің есімін атаған орынды деп есептейді. Аталмыш зерттеуден бастап метафораның зерттелу аясы кеңейіп, адамның ұқсату әрекеті тек салыстыру мақсатында ғана емес, мәсер ету, шынайы болмысты өзгеше қабылдау бағытында да ұғынылды деп көрсетіледі. Осы орайда, бүгінгі күні метафора танымдық құрылғы ретінде ғана емес, абстрактылы ұғымдарды нақтылауға көмектесетін құрал есебінде қарастырылып, қоршаған әлемді танудың, ол туралы тұжырымдаудың нақты көрінісі, амал-тәсілі тұрғысынан сипатталып отыр, сондықтан тілшілер когнитивтік метафораның шығу тегін адамдардың әр түрлі тұлғалар мен объектілер арасындағы ұқсастықтарды құрастыра білу қабілетінен өрбітеді. Бұл ұғым бір объектінің екінші объект арқылы сипатталуымен ерекшеленетіедіктен, ғалымдар оны жекелеген құбылыстар табиғатынан гөрі күрделі ой кеңістігіне сәйкестендіре зерделейді, олар танымдық үрдісте орын алатын ой-қорытындылар метафора арқылы бір-бірімен байланысқа түсе келе, нақты және абстрактылы бірліктердің үйлесу заңдылықтарын саралауға септігін тигізеді деп пайымдайды. Демек, ойлау жүйесіне құрылған метафораның танымдық қызметін өзектеумен қатар, қазіргі тіл ғылымында оны «абстрактылы тұжырымдарды саналы түрде қабылдаудың тәсілі, абстрактылы ойлауға мүмкіндік беретін механизм ретінде» қарастыру керектігіне өзгеше мән берілуде, сол себепті Дж. Лакофф пен М. Джонсонның авторлық бірігуімен дүниеге келген еңбекте «Адам ойлайтын, әрекет ететін жүйе табиғатынан метафоралық күйде болатындықтан, метафоралық таным адамның күнделікті өмірінде тек тілге ғана емес, оның ойы мен әрекетіне де әсер етіп, толығымен кірігіп кеткен» делінген [21, 281-282 Б.].

Ізденуші А.Б. Сарсенбаева мақаласында былай дейді: «Метафора – это ментальный, когнитивный феномен, поскольку метафора демонстрирует один из способов человеческого мышления, мыслительных операций человека. В лексике законы и механизмы метафоризации приводят к образованию лексем косвенной номинации, слов образно переносной семантики типа осел – глупый,

змея – о хитрой женщине» [22, 82 б.]. С. Торайғыров шығармаларында «есек» метафорасы «ақымақ «мағынасында көптеп кездеседі. Мысалы: Бір күн тойса **есектер**, Ми жоқ алдын есептер, - деп, тойған тоққа, жиылған топқа буланысып, лепіріспеген жан жоқ еді [23, 48 б.].

Метафора – ұлттық тілдегі өзіндік күрделілігі бар, әр түрлі ұлттық бояуға қаныққан категория. Метафораның тамыры ұлттың дамуы, қалыптасуы, сонымен қатар, оның өзіндік мәдениетінің, тарихының, халықтың менталитетінің қалыптасуында жатыр. Метафора қоғам мен тілдің тікелей сабақтастығының әсерінен ұлт дамыған сайын әр түрлі сипатта көрініп отыратын бірлік. Метафора – жалпы әмбебаптық сипаты бар құбылыс, сонымен қатар ол ұлттық дүниетанымға, сол тілді қолданушы халықтың тұрмыс-тіршілігіне, табиғатына, қоршаған ортасына тән, бір сөзбен айтқанда, мәдениеттің тілдегі көрінісі [24, 11 б.].

Троптың бір түрі ретінде ол ойды көркем, бейнелі жеткізу құралы екені бәрімізге белгілі. Алайда, метафораның қызметі тіл білімінде біржақты ғана зерттеліп келе жатқандығын байқауға болады. Олай дейтін себебіміз – қазіргі таңда қазақ тіл білімінде метафораның табиғатын ашатын, оны тек лингвистикалық аспеткіде ғана емес, адамның ойлауы мен танымына қатысты философия, психология, логика және тағы басқа да ғылымдармен байланыстырып қарау қажеттігі туындап отыр. Сондықтан метафораны жан-жақты зерделей, қарастыра келіп оны ұлттық болмысын танытатын құбылыс ретінде қарау керек [25, 14 б.].

Қорытындылай келсек, түркі, соның ішінде қазақ тіл білімінде метафораның А. Байтұрсынов заманынан бері тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылып жатқанына көзіміз жетті. Қазіргі таңда метафора антропоцентристік бағытта, тілдің әлем көрінісі тек адамға қатыстылығы жағынан, танымдық әрі тілдік аспектіде байланыстырып қарау бағытында зерттеулер жүргізіліп келеді.

2 С. ТОРАЙҒЫРОВ ТІЛІНДЕГІ МЕТАФОРАНЫҢ УӘЖДІЛІГІ МЕН ЖАСАЛ У ТӘСІЛІ ЖӘНЕ СЕМАНТИКАСЫ

2.1 С. Торайғыров шығармалары тілінің ғылыми зерттелуі

Көркем әдебиет тілін зерттеудің алғашқы қадамдары ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезінде Еуропа тілші-ғалымдары тарапынан жасалды.

Еуропа тіл ғылымындағы эстетикалық ағымның өкілдері Б. Кроче, К. Фосслер адамдардың шығармашылық қызметінің жемісі ретіндегі тілді зерттеуге баса көңіл бөлсе, көрнекті орыс филологы А.А. Потебня мен тағы басқалар олардан да асып түсіп, көркем (поэтикалық) тіл туралы теорияны жасауға алғашқылардың бірі болып ат салысты.

Көркем тіл мәселесі формалды әдіс иелері Л.П. Якубинский, Р. Якобсон, В.Б. Шкловскийлердің теориясында өзінше көрініс тапты. Формалистердің бірінші ұсынған тезисі: практикалық тіл жүйесі мен поэтикалық тіл жүйесі бір емес, басқа-басқа. Соңғысы – практикалық тіл

заңдылықтарына бағынбайтын өзіндік ерекше тіл. Екіншіден, поэзия – бейнелеудің сыртқы болмысына айрықша көңіл бөлетін ерекше тілдік қолданыс түрі. Үшіншіден, көркем шығарма – таза тілдік тәсілдердің жиынтығы ғана. Мұндай пікірді сол тұстағы және кейінгі дәуірлердегі бірсыпыра зерттеушілер де қолдады.

Зерттеуші В.В. Виноградов көркем әдебиет тілін зерттеуді әдебиеттану мен тіл ғылымының аралығындағы, бірақ екеуімен де тығыз байланысты, аралық, жеке-дара ғылым саласы ретінде қарау мәселесін қояды. Ғалымның бұл идеясы көптеген еңбектерінде ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделіп, кейінгі зерттеулерде жалғасын тапты.

Көркем әдебиет тілін зерттеу түркологияда 1950-1960 жылдардан бастап қолға алынды. Соның өзінде жекелеген жазушылардың не олардың белгілі бір шығармаларының тілін талдау түрінде қалыптасты.

Сонымен бірге түркологияда көркем әдебиет тілін әдеби тіл дамуының тарихы тұрғысынан қарап шешу жағы басым болды.

Көркем әдебиет тілін зерттеудің қазақ тіл біліміндегі, жалпы, қазақ филологиясындағы жайына келетін болсақ, оның біршама қалыптасқан тарихы, жасалған үрдісі, жинақталған тәжірибесі бар. 50-жылдары М. Балақаев, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев т.б. ғалымдар тарапынан негізі қаланған бұл сала алғашқыда жекеленген жазушылардың тіл ерекшеліктерін анықтау, сараптау тұрғысынан және әдеби тілмен арадағы байланысын анықтау тұрғысынан қолға алынса, кейін қомақты жалпы теориялық және нақты тәжірибелік ізденістерге ұласты. Бұл еңбектерде көркем әдебиет тілін зерттеу жекелеген ақын, жазушылардың әдеби тілге қосқан үлесін анықтау тұрғысынан да, сөз қолданудың көркемдік қырларын, шеберлік сырларын сөз ету тұрғысынан да жүргізілді. Оларда көркем шығарма тілін зерттеудің теориялық мәселелері де қаралады, жекелеген көріктеу құралдары да зерттелді және көркем шығарма тілін талдаудың нақты үлгілері де жасалады.

М. Әуезов көркем әдебиет тілі туралы арнайы зерттеу жұмысын жазбағанмен, сөз өнерінің көркем тілдік материалы туралы қазақ филологиясында осы күнге дейін айтылмаған тың ойды сонау елуінші жылдары айтып, оны талдаудың үлгісін де атақты «Манас» жырының тілдік өрнектерін талдау арқылы көрсетіп берген еді.

Қазақ көркем әдебиеті тілін зерттеуге қомақты үлес қосқан ғалымдардың бірі – Р. Сыздық. Әдеби тіл тарихы, ондағы ақын-жыраулар шығармашылығының орны, рөлі туралы зерттеулері ғалымды ақын-жыраулар тілінің көркемдігін, дара стиль мәселесін зерттеуге алып келді. Ол Абай тілінің лексикасы мен грамматикасын жан-жақты талдай келе, тілдік жүйенің Абай поэзиясының құдіретті қуатын қалай жасайтынына да көңіл аударды.

Сол сияқты көркем әдебиет тілінің мәселелері Е. Жанпейісов, Қ. Өмірәлиев, Х. Кәрімовтің еңбектерінде қарастырылады [26, 6-15 Б.].

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы әдебиетіне Б. Кенжебайұлы 1900-1920 жылдар арасындағы әдебиетін, ақын, жазушыларын жатқызады. Ұлы филолог: «XX ғасыр басы Ресей тарихының, соның ішінде қазақ халық

тарихының ұлы өзгерісті, үлкен асулы кезеңі: қиын-кескі күрес-көтерілістер, сұрапыл соғыстар, ұлы төңкерістер дәуірі», - дейді [27, 208 б.].

3. Ахметовтың «метафоралық бейне» ретінде келтірген мысалына қарап, оны да ауыстыру көріктеуіші ұғымына әкелсек, ол да әйтеуір бұрынғыдан оқшаулану емес, алдыңғы сәтті ойда да дамыту, өрістетуге талпыну белгісі деп қараған жөн: «Адасқан күшік секілді, Ұлып жұртқа қайтқан ой» деген ақын (Абай) поэзиясындағы ең бір келісті жасалған метафоралық бейне де оның асқақ арманымен ұштасып жатыр». Біздіңше, осы үзіндідегі «ой» дерексіз ұғымын бірден-бір айқындап, ажарлап тұрған // Адасқан күшік секілді, Ұлып жұртқа қайтқан» сөздері ғой. Демек ол сөздер тек «метафоралық бейне» емес, ажарлаушы метафоралық бейне, яғни «ауыстыру көріктеуіші (метафоралық эпитет)».

«Күрделі көріктеуіш» ұғымын ашарлық мысал ретінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың кешендеп жарық көрген «Алаш ұраны» өлеңінің бастапқы түйдегін келтіреміз:

Алаш туы астында –
Біз алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді
Сарыарқаның даласы.
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған.
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған,
Жерімізді шимайлаған
Өшті залым қарасы.

Міне, осындағы «Өшті залым қарасы» жолының алдында тұрған «Құрта аурудай жайлаған» деп басталып, «Жерімізді шимайлаған» деп ұайрылатын жеті жолдық тармақтың бәрі белгілі бір ұғымды – «залымды» ауыспалы мағына емес, тура мағынада ажарлап тұрған көріктеуіштер шоғыры, яғни күрделі көріктеуіш екенін аңғаруға болады [28, 63-64 б.].

Ғалым А. Еспенбетов «Уақыт өрнегі» еңбегінде Б. Кенжебаевтың тағы бір пікірін келтіреді: «Қысқасы, қазақтың XX ғ. басындағы ақын-жазушылары өздерінің таңдаулы шығармаларында қазақ халқының бұрынғы, өз тұстарындағы әдебиеттің жақсы үлгі, дәстүрлерін өз әлінің келгенінше ілгері дамытты, оны қазақ халқының бүгінгі барынша озат, терең идеялы, көп жанрлы, барынша көркем совет әдебиетіне, социалистік реализм әдебиетіне әкеліп ұштастырды» [29, 152 б.].

XX ғасыр басында жасаған ақын С. Торайғыров шығармалары тілінің зерттелуін қарастырайық.

С. Торайғыров – қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы. Ол сол кезде жаңа ғана көрінген қазақ прозасын кемелдендіріп, жазба әдебиет тарихында тұңғыш рет шыншыл сипаттағы поэма мен әдеби сынының негізін қалады. Қазақтың әдеби тілін дамыта түсті.

Әдебиетші-ғалымдар – Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов, Б. Шалабаев, Ы. Дүйсенбаев, Ә. Дербісәлин, К. Шәменов еңбектерінде Торайғыровтың шығармашылығы әр қырынан сөз етілген. Сол сияқты ақынның философиялық, этикалық көзқарасы, прозасы, шығармаларының тілі диссертациялық көлемде зерттелгені көпке мәлім [29, 131-314 Б.].

Тұңғыш сұлтанмахмұттанушы Ж. Аймауытов: «Сұлтанмахмұт жас ақындардың ішіндегі бір күшті ақын еді. Өнер-білім сәулесін аңсап, құлаш ұрып, кедейлік, жоқшылық зарын шегіп, жауыз тұрмыспен жанталасып, алысып, жеңе алмай мерт болды. Тірі жүрсе, өзі айтқандай, қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болғандай, от-жалындай зулаған болат қайрат, құрыш жігердің, кекті жүректі ақыны еді», - деп ақын талантына бас иген [30, 4 б.].

Сұлтанмахмұт Торайғыров өмірбаянын жазу ісіне әр кезде С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ы. Дүйсенбаев, Д. Әбілев, К. Шәменов сияқты жазушылар мен ғалымдар ат салысты. Әйтсе де С. Торайғыровтың бірінші биографы қазақ әдебиетінің кемел суреткері Жүсіпбек Аймауытов екендігі тарихи ақиқат. «Мен бес алты айдан бері Сұлтанмахмұт сөздерін жинап жақында бітіріп, көшіріп, реттеп баспаға, Ордаға апарып тапсырып қайттым», - деп жазады Ж. Аймауытов 1927 жылдың 20 мамырында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына Шымкенттен жолдаған хатында [31, 99 б.].

С. Торайғыров шығармаларының тілін зерттеген әдебиеттанушы Б. Кенжебайұлы: «Жазушының, көркем шығарманың тілі көбінше оның негізгі материалына қарай болады. Яғни, олардың басты кейіпкерлеріне, олар өмір сүрген заманаға, саяси-шаруашылық халіне, қоғамдық қызметіне, салт-санасына байланысты болады» дейді. С. Торайғыровтың негізгі кейіпкерлері – қазақтың кедей шаруалары, әйел, қыздары. Басқаша айтқанда, олардың қайғы-шерін, мұң-арманын өзінің жыры еткен, зұлымдық пен надандыққа кектенген, шындықтың ауылын іздеген ақын. Қазақтың кедейі, күң есепті әйелі ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамының, капитализм тұсындағы екі бірдей қанау дәуірлеп тұрған кездегі саяси-шаруашылық жағынан да, рухани-мәдени жағынан да мейлінше жаншылып, түрлі соққы жеп, зар еңіреген мүшелері.

Бірақ олар сол күйіне риза болып, барды қанағат тұтып, шүкіршілік еткен жандар емес. Көрген азаптары шектен асып, арқасына заманның аязы әбден батып, төзімі біткен, ашынған, қаһарына мінген, арман-талап жетегіне ерген жігерлі адамдар.

Шығармаларының тақырыбына, негізгі кейіпкерлеріне, олардың хал-жайына, өмір сүрген ортасында сәйкес Сұлтанмахмұт шығармаларының өзіне тән тіл, стильдік мынадай өзгешелік, ерекшеліктері бар:

а) Сұлтанмахмұт шығармаларында жай, қарапайым, дөрекі, өрескел сөздер, ұрыс-керіс, қарғыс-сөгіс сөздері көп қолданылады. Мысалы: ит, шошқа, қоңыз, доңыз, хайуан, қырт, қаншық, сұмырай, зұлым, оңбаған деген сияқты сөздер көп ұшырайды.

ә) ақын шығармаларында жалыныш, жалбарыныш, күйініш, жиреніш сөздері, қайғы шердің сөздері, жүрек сезім, сыр сөздері көп қолданылады. Мысалы: жүрек, жан, сыр, қайғы, шер, нұр, сәуле, әзәзіл, жын, шайтан, малғұн,

арам, алла, құдай, жұмақ, дозақ, періште, о дүние, бұ дүние, пайғамбар, әулие, дұға, аяқ, парыз, ант, сезім, ар, намыс, сүю, махаббат, достық сияқты сөздер көп айтылады.

б) Сұлтанмахмұттың өлең, поэмаларында, лепті, әуезді сөздер, әсерлі, ұран, үндеу, арнау, беттеу сөздер, одағай сөздер, жігер, қаһар, жеку сөздері шешуі өзінен өзі түсінікті сұраулы сөздер көп кездеседі. Мысалы: «Ей, махаббат, ей, достық», «А, дүние. Берсе қанат тәңірім маған», «Мен емес пе ас қылған, малын сауған?» деп келеді.

в) Торайғыровтың өлең-жырлары, поэмалары, көбінше кейіпкердің өз аузынан әңгіме, кеңес, шешендік сөз, сыр, зар, арман болып айтылады. Сөз, өлең қаншама кейіпкердің өз аузынан айтылса, соншама өткір, әсерлі болады.

Жалпы алғанда, С. Торайғыров шығармалары аз сөзді, терең мағыналы; автордың тілі таза, нағыз әдеби, жалпы халықтық; сөз байламдары, сөйлем құрылыстары дәл, айқын.

Сұлтанмахмұт шығармаларында қазақ тілінің негізгі сөздік қорын мейлінше көп, дұрыс, шебер пайдаланған: соның негізінде өзі бірсыпыра сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер, идиома, синоним, омоним, метафора, метонимия түрлі, ауыспалы мағына береді. Мысалы:

Әділдік, ұлт деген сөз, дін деген сөз
Залымдық жем болуға қармақ үшін.

Ерте уақытта қазақ тілінде «ұлт» деген сөз «ру» мағынасында қолданылатын; бір елдің қазағы екінші елдің қазағына кездескенде «ұлтың кім?» деп сұрайтын. Ол Сұлтанмахмұтқа дейінгі жазба әдебиетте де солай қолданылып келді. Сұлтанмахмұт тұсындағы ақын-жазушылар, Сұлтанмахмұттың өзі де, әуелі кезде ол сөзді байырғы мағынасында ұғып, «нация» деген ұғымды, сөзді татардың «міллет» деген сөзімен беріп, түсіндіріп жүрді. Тек революция тұсында жазған шығармаларында ғана ол «міллет» дегенді қойып, оның орнына «ұлт» деген сөзді алды; оның бұрынғы «ру» мағынасында емес, «нация» мағынасында пайдаланды. Ескі сөзге жаңа мағына берді.

Әділдік орнамасқа көзім жетті,
Дүниеден ет жейтін ауыз құрымай.

Осындағы «ет жейтін ауыз» Сұлтанмахмұттан бұрынғы мейлі ауызша, мейлі жазба әдебиетте болсын тек тікелей, тура мағынасында қолданылатын еді. Соны Сұлтанмахмұт ауыспа, астар, екінші мағына беріп қолданып, бай-феодал, саудагер, алып сатар, капиталист сияқты адам қанаушы, адамның ақысын жеуші, қанын сорушы, арам, жемқор мағынасында қолданып отыр.

...Әкем, шешем, арғы атам солай өткен,
Олардың да кеудесін есік тескен.

Бұрын қазақ тілінде, бұрынғы әдебиеттерде байға жалданып адамға малай, малшы, жалшы деп, туа-туғаннан жалшы болып келеді, өмірі жалшылықта өтті деп айтар еді де, кеудесін есік тесті деп айтпас еді. Бұлай деп тек Сұлтанмахмұт ғана айтқан. Байырғы сөздері жаңаша, соны мән беріп, екінші түрлі мағынада қиыстырған.

Жұмыскерлер жасаған революция

Байлар үшін деймісің, айтшы, кісім?

Қазақ бірдеңені ұғындыршы деп біреуге беттегенде: айтшы, қалқам; түсіндірші, бауырым; мұның қалай, азаматым деп келетін. «Айтшы, кісім» деп айтпайтын... Бұлай деп Сұлтанмахмұт келтірген. Себебі, оның лирикалық кейіпкері, көбінше, бөгде, жат адамға, басқа тап: үстем, езуші тап өкілдеріне беттеп сөйлейді. Оларды «қалқам, бауырым, азаматым» деп іш тартып айта алмайды. Тек осылай, кекесін, уыт беріп «кісім» деп айтуы мүмкін. Онысы өте орынды, жарасты.

Сұлтанмахмұт өз шығармаларында осы келтірілген мысалдар секілді қырық шақты сөз, сөйлем құраған. Ол, әйтеуір жаңалық ашу керек деп, сөзді, сөйлемді беталды, өзінше, «жаңаша» қиыстыра бермеген. Тақырыбы, халық өмірінде болған жаңалық білгір, қажет еткенде бұрынғыны ұстарту, өңдеу, дамыту жолымен тапқырлықпен шебер жаңартқан [27, 263-265 Б.].

«Сұлтанмахмұт жырлары – жалаңаш та жайдақ, сусыз, саясыз жапан дүздің бар тұз, бар сөлін түгел сіңіріп, шаң мен суыққа, аптап аңызға қаймықпай бой түзейтін дала жусанындай, қазақ өмірінің барша қайшылығы мен қатыгездігінен қаймықпай өркен жайған түс-перзент жырлар. Онда нұр мен нәр деп телмірген шикі, солық мінез жоқ. Өңшең қиынға салып, қияға ұмтылған өжет өлеңдер. Өйткені, ол өмірді сүйеді», - деп, Қазақстанның Халық жазушысы Ә. Кекілбаев ақын жырларының өміршеңдігін тілге тиек етеді [30, 4 б.].

С. Торайғыров өз романдарының арқауы ретінде ақылды, сезімтал жандардың трагедиялық тағдырын алады. Оның бас қаһармандары тұлғалық деңгейге дейін даралана көрсетіледі. Әлеуметтік тұрмыс пен қоғам өмірге, салт-санаға ене бастаған жаңалық, күрес идеяларын талдау – С. Торайғыров үшін басты мақсат. Оның ұлттық ерекшеліктері де осы күрес үстінде ашылады. Мысалы, сүймеген адамына ұзатылып, зар жылаған қыздың тойындағы сый-сияпат пен ет аңдыған адамдар бейнесі қаламгер шығармашылығында өзіндік бояуға ие. Олар үшін нақты жағдайда адам қайғысынан гөрі той сияпаты, қызығы қажеттірек. Жылау мен адам трагедиясы – олар үшін күнделікті оқиға. Оны көп көрген, тойған, көнген. Солай болған, бола бермек деп ойлайды. Оны өзгерту керек-ау деп ойланып жатқан да олар жоқ, жолсыздық, заңсыздық – өмір заңы. С. Торайғыров осы пәлсапаны қадала жазады. Трагедияның содан екенін айтады, енжарлық пен көнбістіктің, надандықтың сұрықсыз сипатын бейнелейді.

Қаламгер романдарында, әсіресе «Кім жазықтыда» оның қаншалықты романдық ойлау деңгейіне көтеріле алғаны айқын көрінеді. Оның таланттылығы – прозамен жазылған романның кейін өлеңмен жазылған романға тәуекел етуінде, күрделі жанрды түрлі үлгілерде байқап көруінде. «Қамар сұлу» романында әлеуметтік мазмұнды жинақтаудың, мақсатты бейнелеудің алғашқы қадамдары аңғарылса, «Кім жазықты?» романында ол ұшталады, әлеуметтік мазмұн тығыздалады, қаламгер идеясының басты нысанасына айналады [32, 32 б.].

«Сұлтанмахмұт» роман-трилогиясының авторы Д. Әбілев: «Өмірде мынадай бір шындық бар ғой. Қай заманда да қара ниетті жаумен шайқастарда

батырлар жүрегіне ел-жұртының ақ арманы, ісінің әділдігі күш үстейді. Жауына алдырмайды. Алдырса – ақ жолдағы шәһит өлім. Міне, менің де сұлтанмахмұт туралы романдар жазуымда ұстанғаным осы қағида. Маған күш күйған – Сұлтанмахмұттың ақындық құдіреті, арманының ұлылығы, ақ жаны, адал жүрегі, нажағайдай жарқылдаған құдіретті поэзиясы. ... Сұлтанмахмұт өмірінің жан өзегін бала жасынан «дертті» еткен жүрек шері – халық шері. Сұлтанмахмұт сол шерді халық жүрегінен қалай арылту жолына – күреске тіккен, өмірін қиған әділет күрескері – ар перзенті, ақ арманның қияпат қияншыл жас сұңқары, бүгінін де, алдын ала көре білген қыран», - деген еді [30, 4 б.].

Сұлтанмахмұт – қысқа өмірінде әділдік үшін күресіп, өзінің бар ғұмырын халқының азат, бақытты ел болуы жолына жұмсаған, өле-өлгенше «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам» деп өткен ардагер азамат ақын.

Жалпы алғанда, XX ғасыр басындағы ақындарды қазақтың ұлы ақыны Абайдың ізін жалғастырушылар деп атай аламыз. «Өзіне дейінгі бай дәстүрді пайдаланып, оны жаңа биікке көтерген Абай қазақ поэзиясының дамуындағы ізденістердің, үлкен бір серпілістің басы болды» [33, 79 б.].

Академик-ғалым Р. Бердібай: «Сұлтанмахмұт – қазақ әдебиетінің Абайдан кейінгі ең биік асқары. Ол қазақ өмірінің шындығын жырлаған нағыз ұлттық ақынымыз еді. Өзімен тұстас ақынның ешқайсысы да дәл Сұлтанмахмұттай поэзиясын жалпыхалықтық дәрежеге көтере алған жоқ. Сұлтанмахмұт – өз заманының рухын мейлінше кең көрсете білген классик ақын», - деп, Сұлтанмахмұт поэзиясын жоғары бағалаған [30, 4 б.].

Ақтық демі таусылып, фәни дүниемен қоштасарда алып азамат: «Тым болмаса екі жыл тұра алмадым, іштегіні түгел жарыққа шығара алмай кетіп барамын», - депті.

С. Торайғыров – төтенше өзгерістер мен дүрбелең сілкіністер дәуірінде тарих сахнасына көтеріліп, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіндік жол салған, шығармаларына тұтас бір дәуірдің шындығын сыйғызған суреткер. Ол артына өлмес те өшпес мол мұра, қымбатты қазына қалдырған ұлы ақын. «Ақынның хаты өлмейді», - дейді халық нақылы. Осы дана тұжырымды Торайғыровтың өміршең шығармалары дәлелдей түспек [31, 116-118 б.].

Ақын, сыншы Ж. Әбдірашев: «Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығы несімен бағалы, несімен құнды? Туған халқын надандық құрсауынан құтқаруға ұмтылып, әділет пен шындық жолын шарқ ұра іздеген демократтығымен, парасатты патриоттығымен бе? Әрине! Әлеуметтік теңсіздіктің бетпердесін ашып, тұтас бір кезеңнің келбетін жасаған сыншыл реализмді дамытып-орнықтыруымен, азаматтық тұғыры биік, белсенділігі жоғары ақындығымен бе? Әлбетте! ... Бүгінгі замандас, болашақ ұрпақ, бүкіл адамзат үшін ше? Меніңше, ... адамды Адам болуға үндеген ұлы гуманистігімен құнды!», - деп ақын шығармашылығының құндылығы туралы сөз қозғайды [30, 4 б.].

Ардақты азаматымыздың артына қалдырған өшпес мұрасын зерттеп, талдау біздің міндетіміз.

Сөйтіп, XX ғасыр басында өмір сүрген ақын С. Торайғыров әдеби тілімізді дамытуға, қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосты деп айта аламыз. Ол шұбар тілді шығармаларды сынап отырып, Абай, Ыбырай негіздеген әдеби тілден үйренуге шақырды.

2.2 Метафораның уәжділігі, сөзжасамдық тәсілмен берілу жолдары

Сөздегі уәждеме табиғатын алғаш сөз еткен – В. Гумбольдт. Ғалым тіл біліміндегі лингвистикалық концепциялардың бірі таңба теориясының негізін қалаушы болып саналады. Ғалымның еңбектерінде тіл бір мезгілде әрі бейне, әрі таңба десе, ал сөз жеке ұғымның таңбасы деген түйін жасайды. Тілдің негізгі қызметі қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды сөздермен таңбалаудан, белгілеуден басталады. Сөз шын мәніндегі сөз болу үшін екіжақты бірлікте болу қажет: ол – дыбыс пен ұғым. Сөздің сыртқы жамылғышы заттың толық қасиетін анықтай алмайды, сондықтан оның атау болып қалыптасуына не себеп, негіз, уәж болатын белгілері, ерекшеліктері жинақталып, ескеріледі. Тіл тәжірибесінде мұндай белгілер көптеп кездеседі. Зерттеуші сөздің мағынасы мен дыбысталуына тоқтала келіп: «Если значение слова как знака мотивировано пониманием предмета, т.е. понятием, то звуковая форма слова является произвольной, лишь практикой закрепляемой в языке. ... что существует связь между звуком и его значением; но характер этой связи редко удается описать достаточно полно, часто о нем лишь можно догадываться, а в большинстве случаев мы не имеем о нем никакого представления», - деп айқындайды. Сөйтіп, тіл зергері екінші бір зерттелімінде: «...слово как элемент языка мотивировано тем характерным признаком предмета, который лег его наименования и был закреплен языковой практикой» - деген тұжырымдама жасайды. Осы пікірден сөздің мағынасы мен жамылғышы арасындағы байланыс заңдылықтарын толық ашудың мүмкіндігі әр кез бола бермейтіндігі байқалады.

Сөздің уәжділігі мен уәжсіздігі туралы ұғымды ғылыми айналымға енгізген – Ф.де Соссюр. Ғалымның пайымдауынша, сөзді «таңба» деп алсақ, оның екі жағы болады, бірі – бейне таңбалаушы, екіншісі – дыбыстық бейне таңбалаушы, яғни сөздің мазмұндық мәнін, оның дыбысталуынан бөліп қарауға болмайтынын айтады. Осы ойдың жалғасы ретінде: «В слове важен не звук сам по себе, а те звуковые различия которые позволяют отличать это слово от всех прочих, так как они-то и являются носителем значения», - дейді тілтанушы. Ғалымның пікіріне сүйенсек, сөз мағынасы оны өзге атаулардан ерекшелейтін дыбыстық жамылғышының астарында жатыр. Жеке сөздердің жасалуында, қалыптасуында тек құрылымдық жағының дұрыс қалыптасуымен қатар, шешушісі олардың мазмұндық құрылымында және атайтын заттың мазмұнын дәл, нақтылы беретіндей болуы керек, сонымен бірге ол мағыналар бір-бірімен байланысып жатуы қажет. Сонда ғана атау тіл иесінің сұранысын, қажетін өтейді [33, 95-96 Б.].

Қазақ тіл білімінде уәж, уәжділік мәселелеріне қатысты зерттеулер кең көлемде жүргізіліп келе жатыр. Бұл ретте Ө. Қайдар, М.М. Копыленко,

Б. Қалиев, Ж. Манкеева, А. Салқынбай, Ұ.Б. Әділбаева, Ә.Б. Алмауытов т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі уәж, уәжділік туралы пікірлері мен тұжырымдары мысал бола алады.

Тіл білімінде уәжділікті жеке пән ретінде болу туралы 1973 жылы М.М. Гинатуллин сөз қозғаған болатын. Уәжділік – лексикологияның сөз бен заттың арасындағы ат беру сәтіндегі байланысты зерттейтін бөлімі.

Қазақ қолөнеріне байланысты атауларға зер салсақ, олардың уәжі мен аталушы нысан арасындағы байланыс атаудың құрылымдық және мағыналық үлгілерінде(модель), ат қою уәждерінде орын алады. Бұл атаулардың пайда болуы, даму тарихы халқымыздың тарихи-мәдени өмірімен ұштасып, астарласып жатады. Басқаша айтқанда, атаулардың қалыптасуында экстралингвистикалық факторлардың тигізетін әсері мол.

Уәжділік мәселесі лингвистика, философия, социология, психология, семиотика сияқты көптеген ғылым салаларында зерттеу тақырыбы болуда [35, 92 б.].

Жалпы тіл білімінде, орыс және қазақ тіл білімінде уәжділік мәселесін бір топ ғалымдар сөз еткен. Ғалымдардың зерттеулеріне зер салып қарағанда, бұл мәселеде түрлі-түрлі көзқарастар, пікірлер бар екендігі байқалады. Уәжділік кей жағдайда тілдің жоғары деңгейіне орналасса, екінші жағдайда мағыналық, грамматикалық және фонетикалық сияқты күрделі қабаттасулар түрінде келуі мүмкін [36, 63 б.]. Осыған байланысты тілдегі атауларды Н. М. Шанский екіге бөледі: 1) уәжді атау, 2) уәжсіз атау [37, 35 б.].

Тіл білімінде уәждер, тілдік белгілер туралы екі түрлі пікір бар. Бір топ ғалымдар тілдік белгілер дыбысқа еліктеу уәжінен пайда болған деп санайды. В.П. Поршнева бұған қарама-қарсы пікір айтады. Оның ойынша уәжді құрылымдардан уәжсіз құрылымдарға жайлап өту мүмкін емес [38, 71 б.].

Зерттеуші И.С. Торопцевтің пікірі бойынша «Лексикалық уәжділік – лексикалық бірліктердің материалдық жағы мен идеялық жағының байланысы. Уәжділік идеялық және материалдық жағынан екі жақты көрініс табады. Идеялық көрінісі лексикалық бірліктердің мағынасында жалпы және ұқсас белгілер мен сөзжасамдық байланыс арқылы айқындалады. Материалдық көрінісі олардың дыбыстық сыртқы қабығына сәйкес келеді немесе жалпылық қасиетке ие болады» [35, 92 б.].

Уәжділік мәселесі И.С. Улухановтың зерттеулерінде сөзжасамдық уәжділікке байланысты қарастырылған. Сөзжасамдық уәжділік – кез-келген мынадай белгілері бар әр түрлі екі сөздер арасындағы байланыс: 1) екі сөз де бір ғана түбір болады; 2) біреуінің мағынасын екіншісінің мағынасымен түсіндіруге болады. Сөзжасамдық уәжділіктегі сөздерде сөздің уәждеуші белгісі мен сөзжасамдық формант арнайы бөлініп алынады да, ол «сөзжасамдық уәжділік» деп түсіндіріледі.

Жалпы түркі тілдерінің, қазақ тілінің материалдары бойынша атаулардың уәжділігін анықтауға арналған еңбектер аз емес. Мысалы, А.М. Щербак «Түркі тілдеріндегі үй және жабайы жануарлар атаулары» деген еңбегінде жануар атауының алғашқы мағынасын анықтап, олардың түркі-моңғол-маньчжур

тілдеріндегі бір-біріне әсерін, арақатынасын, шығу төркінін, уәжділік белгілерін зерттеген.

Қазақ тіліндегі шөп атауларына байланысты М. Бимағамбетовтың мақаласында қырыққа жуық шөптің халықтық атауларын үш топқа бөліп, олардың уәждері негізінен үй жануарларымен байланысты екенін сөз етеді (тайтұяқ, түйетабан, атқұлақ т.б.). Автордың айтуынша, шөп атауларындағы өнімді уәжділік шөптің басқа өсімдік атауларымен ассоциативті белгілерінің сәйкес келуінде екен.

Зерттеуші М.М. Гинатуллин «К исследованию мотивации лексических единиц» (на материале наименований птиц) атты зерттеуінде туыс емес тілдердегі атаулардың уәжділігін зерттеу келе, әр халықтың өзіне тән ат берудегі ерекшеліктерін анықтайды. Зерттеуші құс атауларындағы уәжділіктің дыбыс бейнелеушілік қасиеттеріне де кеңірек тоқталады. Бұл еңбек – жалпы уәж мәселесін Қазақстандық тіл білімінде кең көлемде қарастырған алғашқы еңбектердің бірі. Оның айтуынша, «Мотивация – как языковое явление есть как отражения признака предмета в его названии средствами языка. Мотивема – термин для обозначения класса гомогенных мотивов. Мотив названия как конкретное воплощение мотивемы и собственно мотивема единицы различных уровней абстракции». Басқаша айтқанда, уәжділік – заттың белгісінің оның атауынан тілде көрініс табуы. Уәждеме – гомогенді уәждер тобын білдіретін термин. Зат атауының уәжі – белгілі уәждердің нақтылы түрде атаудан көрінуі, уәж бірлігі әр түрлі деңгейдегі абстракция деп түсініледі. М.М. Гинатуллин құс атауларындағы уәжділікті түр-түсіне, мекеніне, пішін-тұлғасына, иісіне т.б. байланысты он түрлі уәжге бөліп көрсетсе, М.М. Копыленко «Түркі тілдеріндегі жануарлар атауының уәжділігі» деген еңбегінде А.М. Щербак, Э.В. Севортян, К.М. Мұсаев, А.Т. Қайдаров, М.М. Гинатуллин еңбектерінде берілгендерді, тұжырымдарды кеңейте түскен. Ол М.М. Гинатуллин көрсеткен он уәж санын он сегізге жеткізеді. Олар: атаудағы іс-әрекет нысаны, жасы, іс-әрекет қорытындысы, культтік шығу тегі т.б. Осы уәжге қатысты М.М. Копыленко: «Если этимология является надежным инструментом изучения взаимоотношений Народов – носителей языков и историй их материальной культуры, то мотивология незаменима при исследовании их воззрений, психологии, духовной жизни», - деп тұжырымдайды.

Зерттеуші Г.И. Ұйықбаеваның зерттеуінде қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі өсімдік атауларының уәжі, ат беруге негіз болған, негізінен, олардың түсі, көлемі, формасы, органдарының саны, дәмі, иісі т.б. белгілері екендігі сөз етілген.

Ғалым Б. Қалиев «Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының лексика-грамматикалық және морфологиялық құрылысы» деген монографиясында қазақ тіліндегі өсімдік атауларына байланысты уәж белгілеріне жан-жақты тоқталып, олардың құрылысы жөнінде баяндайды.

Уәжділікті қазақ тіл білімінде дыбысбейнелеушілік және дыбысәлестірушілік жағынан зерттегендердің бірі – К.Ш. Құсайынов. Ғалым белгілердің мәнін кең ашып түсіндірудің жалпылама сөзден гөрі шындық болмысқа атау берудегі белгілі бір адамдар ұжымының көзқарасы тұрғысынан,

нақты жағдайлардан, атау берудің мақсатынан туындату дұрыс болатынын айта келіп, былай дейді: «В лингвистическом плане под мотивированностью слова понимается закономерная историческая обусловленность его значения в момент наименования или на определенном этапе его эволюции формой или значением исходного слова» [35, 92-93 б.].

Зерттеуші Ж. Манкеева қазақ тіліндегі заттық мәдениет лексикасына байланысты атаулардың уәждерін оның атау сәтіндегі мағынасымен тарихи байланыста зерттей отырып, атаулардың фоносемантикалық негізін анықтайды, атаулардың дыбысбейнелеушілік және дыбыселіктеушілік табиғатын ашады. Соған байланысты уәжділікті үш түрге бөліп қарастырады: 1) дыбыстық уәж, 2) морфологиялық уәж, 3) семантикалық уәж [39, 13 б.].

Уәжділік мәселесі тарихи сөзжасамдық тұрғыдан А. Салқынбайдың зерттеулерінде де кең түрде зерттеледі. Зерттеуші уәжділік тек философиялық ұғым ғана емес, оның тіл білімімен де тығыз байланыстылығын анықтай келе, тіл таңбалық жүйе болғандықтан сөздің жасалу негізділігін айқындайтындығын, туынды сөздер құрылымдық және әлеуметтік негізділігімен ерекшеленетіндігін, сондықтан да оның уәжділік аспектісінде қарастырылатынын айтады. Уәжділіктің бір ұшы этимологиямен байланысады. Этимологиялық зерттеулер болмаса, негіздеме мәні айқындалмайды [40, 145 б.].

Уәжділікке байланысты мәселе «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты еңбекте де сөз болады. Онда негіз сөз бен негізді сөздің жұптасуы туынды түбірлердің бір белгісі, ал негіз сөз болудың басты шарты – оның лексикалық мағынасының болуы. Негізділік қатынаста тұрған екі сөздің бірі – негіз сөз, екіншісі – негізді сөз болады деп анықталады. Негізді сөздің мынадай белгілері бар: 1) негіз сөз өзінің қарама-қарсы сыңарынан морфемдік құрамы жағынан күрделі болады; 2) негізді сөздің мағыналық құрылымы да күрделі болады [41, 49 б.].

Соңғы кезде қазақ ғалымдарының зерттеулерінде уәжділік мәселесі жалғасын тауып, оған жиі көңіл бөліне бастады. Мысалы, зерттеуші Ұ. Әділбаева өсімдік атауларының уәжділігін арнайы қарастырып, жоғарыда көрсетілген еңбектердегі «ұсынылған уәж түрлерін қолдай отырып, олардың адам пиғылына, мінезіне, ауа райына, құрал-саймандарға т.б. байланысты да түрлері болатындығын» сөз етеді.

Ұ. Әділбаеваның бұл зерттеуінде алғаш рет өсімдік атаулары дыбыстық уәж, морфологиялық уәж, лексика-семантикалық уәж сияқты түрлерге бөлініп қарастырылады. Сонымен бірге өсімдік атауларындағы уәжділік жартылай уәжді, толық уәжді, абсолютті уәжді және уәжсіз (бейуәжді) атаулар деп сараланады.

Ә.Б. Алмауытованың киім атауларының этнолингвистикалық табиғатына қатысты еңбегінде уәжділік мәселесі де қамтылып, олар уәждік белгілері бойынша топтастырылып беріледі. Зерттеуші қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық мәнін ашу үшін мынадай уәжділік түрлерін анықтайды: материалына, формасына (пішініне), жасалу технологиясына, әлеуметтік

мәніне, этномәдени ерекшелігіне, түсіне, қызметіне, көлеміне байланысты уәжділік.

Жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектеріндегі тұжырымдарды жинақтай келгенде, уәжділік ұғымы тіл білімінде сөздің мағынасы мен оның формасының атау сәтіндегі немесе дамудың белгілі бір деңгейіндегі тарихи байланыстың заңдылығы ретінде қарастырылады.

Қазіргі ғылым жетістіктері тұрғысынан қарағанда, уәжділік көптеген ғалымдардың тоғысқан жерінен орын алады. Уәжділікті шектес ғылым салаларымен байланыстыра зерттеу уәжділік теориясын кең ауқымда түсіндіруге мүмкіндік береді [35, 91-94 Б.].

Уәждеме лексеманың қалыптасуында реалийлердің арасындағы байланысты, яғни атауға қандай белгінің, ерекшеліктің, қасиеттің негіз, өзек, себеп болғанын қамтамасыз етеді. Зат пен құбылысқа ат қоюда өмір шындығы, болмыс тіл деректеріне, атауға айналады.

Уәждену үрдісінде ат беретін нысанға мән беріліп, сол туралы уәждеуші пайымды қалыптастыру және тілдік құралдарды таңдау, соның негізінде атауды жасау, ал атаудың мазмұнында бұрынғы пайым жатады. Аталатын нысанның белгісі таңдалынып, ол белгі жаңа нысанды ерекшелейтін сипат алады және жаңа атауды жасауда көзге түсетін таңбалаушыға жаңа мән беріліп, жаңа мазмұнға көшеді, сонда ғана жаңа лексема қалыптасады.

Күрделі аталымның мағыналық құрылымынан шығатын: айқын (теміржол, шашбау, аяқкіім т.б.), жасырын (алаяқ, итжеккен, алаңғасар т.б.) және осыған қатысты қазақ тіліндегі үш түрін көрсетіп: уәжділік дәрежелердің үш түрі: тура уәжділік, жартылай уәжділік, жасырын уәжділіктердің қалыптасуын анықтауға болады [35, 104 б.].

Тілдің сөздік қорын үздіксіз байытып толықтырып отыру негізінен тілдің ішкі мүмкіндіктерімен, заңдылықтарымен байланысты. Басқа тілдерден сөз қабылдау арқылы да тілдің сөздік қоры байып отыратыны көпшілікке таныс. Бұл – құбылыс қай тілге де жат емес және ертеден келе жатқан, белгілі жағдай. Алайда сөз байлығының толығу арнасы – тілдің сөзжасам жүйесі, оның ішінде сөзжасам тәсілдерімен тікелей байланысты. Ал ол тілдің сөзжасам жүйесінің негізгі құрылымдық мәселесі, сондықтан сөзжасам өзекті мәселе болған жерде – оның сөзжасамдық тәсілдері сөз болмауы мүмкін емес. Басқа тілден кірген сөздерді былай қойғанда, тілдің ішкі мүмкіндігі арқылы сөздік қорды молайтып, тілге үнемі қосылып жатқан жаңа сөздердің бәрі де белгілі жолмен жасалып, тілдің лексикалық қорынан орын тебеді. Тілде жаңа сөздердің жасалу жолы, тәсілдері аз емес. Бірақ олардың жалпылық жақтарын ескеріп, жинақтап үш түрлі тәсілдерді көрсету қазақ тіл білімінде дәстүрге айналып қалды. Олар: 1) синтетикалық (морфологиялық), 2) аналитикалық (синтаксистік), 3) лексика-семантикалық тәсілдер.

Тілдің сөзжасам жүйесінде қызмет атқаратын осы үш тәсілдің бәрі де – ертеден келе жатқан тәсілдер. Оларды үшке бөліп көрсеткенмен, әрқайсысының іштей өзіндік ерекшеліктері де бар. Бірақ олардың ішкі ерекшеліктері мен бірге ортақ белгілері де бар. Осы ортақ белгілер ерекшеліктерге қарамастан, олардың басын қосады. Ал сөзжасамдық үш тәсілдің сөз жасауға қатысатын тұлғалар

жағынан да, мағынаға негіз болатын тұлғалар арқылы да, тіпті жаңа туылымның білдіретін ұғымның көлемі жағынан да, жасалған жаңа сөздің тұлғасы тұрғысынан да үлкен-үлкен айырмашылықтары бар. Міне сол айырмашылықтар сөзжасамда үш түрлі тәсілдің танылуына негіз болады [41, 64-65 Б.].

Сөзжасамның негізгі нысаны – туынды сөз жасау, белгілі затқа ат беру, жаңа сөз жасау. Сөзжасам сөз жасау тәсілдері арқылы іске асатындықтан атауыштық ұғымды белгілеу үшін қолданылады. Сөзжасам жаңа ұғымды атайтын туынды сөздердің семантикалық топтасуын, даму жүйесін, жасалу жолын зерттейді. Белгілі бір зат пен құбылыс алдымен жалпы басты қасиеттері арқылы танылып, бірте-бірте жеке қасиеттеріне, сапасына, мөлшеріне, белгісіне назар аударылады. Танылған сапалық белгісіне атау беру қажеттігі туындаған тұста екіншілік номинация негізінде метафоралар жасалады. Тілдегі екіншілік мағынадағы бірліктің негіздемелік қатынасының мәні мен ерекшелігін анықтау сөзжасамдық талдаудың маңызды бөлігі [2, 11-12 Б.].

Қорытындылай келе айтарымыз, метафора жасауда сөзжасам тәсілдерінің мәні зор. Себепсіз салдар жоқ демекші, кез-келген атау ерекше мәнге ие, белгілі бір уәжге негізделген. Осы уәждер атауды беруші адамның тұрмыс – тіршілігінің, қоғамдық әлеуметтік өмірінің көрінісі ретінде танылады.

2.2.1 С. Торайғыров шығармаларындағы синтетикалық тәсілмен жасалған метафора уәжділігі

Синтетикалық (морфологиялық) тәсіл (арғы тегі қосу, жапсыру, біріктіру деген мәндегі синтез сөзінен жасалған, ал тілдік термин мәнінде дербес мәнді тілдік единицаға дербес мәні жоқ, яғни қосымша мәнді тілдік единицаны қосу, жалғау деген мәнде қолданылады) қосымша морфемалар, аффикстер, дәлірек айтсақ, сөзжасам қосымшаның сөзге, түбірге жалғануы арқылы жаңа мағыналы сөз, лексикалық единица жасап, тілдің сөздік құрамын, байлығын арттырып, сөзжасам қатарын молайтады [42, 260 б.].

Синтетикалық байланысқан метафоралық қолданыстар қосымшалар арқылы жасалған ауыспалы туынды сөздерде көрініс тауып, уәжделеді. Адам танымына бұрыннан таныс детонат пен оның номинативтік белгілері жаңа атаудың тууына негіз болады. Бұрын белгіленген денотаттық ұғым арқылы жаңа зат пен құбылыстың номинативтік белгілері негізделеді. Адам танымы арқылы белгілер жинақталып, негізделіп, ұғым туғызады, одан жаңа номинация жасалады. Кейін өз кезегінде бұл номинация екінші, үшінші номинация жасауға негіз болады. Өзі де себепші негізге айналып, басқа жаңа номинациялардың өрістеуіне жол ашады [2, 12 б.].

Яғни, синтетикалық тәсіл – түбірге сөзжасамдық жұрнақтардың қосылып, жаңа туынды мағыналы сөздер жасайтын тәсіл.

Ақын тілінде синтетикалық байланысқан метафоралық қолданыстар қосымшалар арқылы жасалған ауыспалы туынды сөздерде көрініс тауып, уәжделеді.

Мен **өлік**, менде жан жоқ бұдан былай, Тағдырда солай жазған кәрі құдай [43, 153 б.] немесе Мен **өлік**, мен суық тән, менде жан жоқ, Жүрегімде өмір жоқ, ыстық қан жоқ. [43, 212 б.] сол сияқты Қарын тоққа қанағат қылатұғын Мен емес, тәнім тірі, жаным **өлік** [43, 196 б.] Сонда мен көп **өліктің бірімін** ғой, Сүйгеннің аузындағы жырымын ғой [43, 153 б.] мысалдарындағы өл етістігіне – ік зат есім тудыратын жұрнақ қосылып, есім сөз туып тұр. Өлік сөзі ауыспалы мағынада қолынан ешнәрсе келмейтін, қауқарсыз дегенді білдіреді [44, 544 б.].

Топас күш – **тасқын**, біз – жаңқа, **Сең** соқса достар айрылар [43, 138 б.] және **Тар тағдырдың тасқыны** Су толтырған ініңе [43, 176 б.], Ризалықтың еріксіз **тасқыны** ұстап, Ақынға дүниесін берер халық [23, 212 б.] мысалдарындағы тасқын метафорасы «ағын судың жағадан, ернеуден көтеріліп асуы, басқа жерге жайылуы» [44, 48 б.] мағыналы тасы етістігіне зат есім тудырушы –қын жұрнағының жалғануы арқылы жасалған.

Тасқын – арнасынан асып көтеріліп, тасып жайылған сел, су [44, 44 б.].

Сең - өзендер мен көлдерде, теңіздерде қыс бойы қатып жатқан мұздардың көктемде еріп сынған бөліктері, мұз ағыны [44, 270 б.].

Яғни, тасқынның ерекшелігі уәждеіліп, «асып-тасқан күш, жігер, қарқын» [44, 44 б.] ауыспалы мағынасында метафораланған.

Сонда сен **көгересің**, -дейді халық, Көп өмір өтпеді ме бұған налып? [43, 215 б.], Жаңбырдан соң көгерген Сарыарқадай Бостандықтың күшімен **көгерсін** ел! [43, 109 б.] және Орны отайып, **көгерер**, Қызығын жайлап ел көрер [43, 59 б.] мысалдарындағы көгер сөзінің жасалуына келсек, көк – көгеріп шыққан өсімдік; өскен шөп [45, 407 б.] мағынасындағы зат есімге –ер етістік тудырушы жұрнақ қосылып, жайнау, құлпыру, дегеніне жету [44, 91 б.] мағынасындағы метафора жасалған.

Мұздан жастық, бұлттан көрпе жамылып, Қыс жылқы бақпап па едім қарға малынып? [43, 217 б.] мысалындағы «мұздан жастық, бұлттан көрпе жамылып» тіркесіндегі жастық – ішіне құс мамығын салған, бас астына салу үшін жасалған үй бұйымы [45, 278 б.]. Жастық сөзінің «жастану» мағынасындағы етістік пен –ық зат есім тудырушы жұрнақтың бірігуі арқылы жасалған деп топшылаймыз.

Жалпы, бұл тіркес қыстың суық күнінде киерге киімі болмай тонып жүрген адамның кейпін танытады.

Шыбын жаны соның үстінде шықсын деп, иіліп **төсек**, жайылып **жастық** болып, өліп-өшіп барады. [23, 65 б.] мысалындағы иіліп төсек, жайылып жастық болу фразеологизмнен болған метафораның мағынасы – тік тұрып күтіп алды, асты-үстіне түсті [46, 240 б.].

Фразеологиялық образды жасаудағы негізгі тәсілдерге метафора, метонимия, теңеу жатқызылып келеді. В.Г. Гак атап көрсеткендей, бір ұғымның атауы екінші бір ұғымның атауына айналуы үшін бұл екі ұғымның арасында белгілі бір ассоциация болуы керек. Троптардың жасалу процесінде пайда болатын ассоциациялар гетерогенді мәндерді салыстыра отырып, олардың арасындағы ұқсастықтарды, аналогияны табуға негіз болады. Мұндай аналогия көзбен көріп, қолмен ұстай алатын шындық пен көзге көрінбейтін идеялар мен

сезімдер әлеміне қатысты элементтер арасындағы ұқсастықты табуға негізделеді. В.Н. Телия гетерогенді мәндердің арасындағы ұқсастықты тануды «метафорадағы нерв» деп атайды. Фразеологиялық образдылықты жасаудағы ең жиі қолданылатын тәсіл метафора мен метонимия.

Когнитивтік тұрғыдан келгенде, метафора мен метонимия тек қана троп емес, сонымен бірге адамның қоршаған ортаны танудағы құралы да. Ол әртүрлі категорияларды салыстырып, салғастыру, олардың арасындағы ұқсастықтарды табу секілді адамның ойлау қабілетіне, логикалық операцияларға негізделеді [47, 225-226 Б.].

Кәрі әкем қысқаннан соң ақша таппай, Кеп түскем саудагердің **қақпанына** [43, 218 б.] мысалындағы қақпан - аң аулауға қолданылатын темірден жасалған, шаппалы құрал.

Сөз төркінің түркі тілінің өздерінен табамыз. Якут тілінде «хап», туба-кижи тілінде де дәл осы тұлғалы сөз «ұстап алу», «шап беріп ұстау» мағыналарында айтылады. Құралдың осындай іс-әрекетіне байланысты –қан жұрнағын қосып «қапқан» атауын берген. Біздің тілімізде оны «қақпан» тұлғасында көрінуін тілдегі метатеза (дыбыстадың орын ауыстыруы: қолқап-қолбақ) құбылысынан деп қараған жөн [48, 153 б.].

Яғни, талдап отырған метафорамыз «ұстап алу, шап беріп ұстау» мағыналы «қап» сөзіне –қан есімшесінің жалғануы арқылы жасалған.

Қақпанның қасиеті уәждеіліп, ақын оны адамның уысына, ықпалына түскенін білдіру үшін ұтымды қолданған.

Жауабың кеше-бүгін болмаған соң, Көз жасым көктен құйған **жауын** еді [23, 28 б.] мысалындағы жауын сөзі «су тамшылары түріндегі атмосфералық тосап, жаңбыр» [45, 283 б.] дегенді білдіреді.

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде бұл сөздің жасалуы туралы былай айтылады:

Жауын сөзі екі морфемадан жасалған: жау+ын: 1) жау- (қаз.) // яғ- (ұйғ.) // еғ- (өзб.) // жаа- (қырғ.) – байырғы етістік түбірі, қазірде дербестік мағынаға ие; 2) –ын (қаз.) // -ин (өзб.) етістік түбірінен есім сөз жасайтын өлі жұрнақ (салыстыр: и-ін, жи-ын, жұл-ын) [49, 216 б.].

Жауынның ағу, құю қалпы уәждеіліп, бұл мысалда «көп көлемде, көп мөлшерде» мағынасында жұмсалғанға ұқсайды.

Бұл күнде ұйқы - тамақ, қайғы - **жолдас**, Мұндай өмір ешкімге қызық болмас. [43, 210 б.] мысалындағы синтетикалық тәсіл арқылы жасалған «жолдас» сөзі тура мағынада жолға, сапарға шыққан адамның қасындағы серігі; ерлі-зайыпты адамның біреуі мағыналарын білдіреді. Ауыспалы мағынасы – өмір бойы бірге болатын, қол үзбейтін зат [44, 155 б.].

Бұл сөз «жол» сөзіне –дас жұрнағының жалғануы арқылы жасалған.

Яғни, серік мағынасындағы сөз уәждеіліп, келтірілген мысалда «қайғының» сол кезде қасынан шықпайтын, өмір бойы бірге болатын құбылыс екенін білдіріп тұр.

Дүние - **өзен**, **ағысын** кім тоқтатар? Ағып кете баратын мен бір салам [43, 206 б.] мысалындағы талданатын метафора – ағыс. Ақ – етістік, судың өз арнасымен төмен қарай жылжуы, бір орында тұрмай, ілгері қозғалып отыруы

[44, 136 б.]. Оған зат есім тудырушы –ын жұрнағы жалғанып, ағын сөзі пайда болды. Мағынасы – су және басқа да сұйық заттың белгілі бір бағытқа жылжып, ойысуы, ағыс . Тағы бір мағынасы – қатты қарқын, екпін [44, 59 б.]. Мұнда метафора екінші мағынасында қолданылған.

Айтпаймын: «құдай мені жаратты» деп, **Ойыншық** қып сынуға ермегі үшін [43, 206 б.] және Бұлардың бәрі **ойыншық** Тек аурудан тыс қылшы! [43, 61 б.] мысалдарындағы ойнау үшін жасалатын әрекеттер, қимылдар мағынасындағы «ойын» сөзіне зат есім тудырушы –шық жұрнағының қосылуы арқылы жасалған ойнау үшін балаларға арналып жасалған әр түрлі, кішігірім қызықтыратын заттар мағынасындағы «ойыншық» сөзі туып отыр [44, 398-399 Б.].

«Ойыншықтың» осы қасиеті уәждеіліп, «түкке тұрмайтын, болмашы, оңай» ауыспалы мағынасында жұмсалған [44, 399 б.].

Қызғалдақ пісіп тұрған шілдедегі, Жер гүлі, қызыл нұрлы шашып ұрық. [43, 150 б.] мысалындағы «қызғалдақ» сөзі жазғытұрым кезінде шешек ататын жіңішке ұзын сабақты, ал қызыл түсті, үлбіреген дала гүлі [44, 550 б.]. Бұл сөз қыз түбіріне –ғылт салыстырмалы шырайдың жұрнағы қосылып, -ақ зат есім тудырушы жұрнақ жалғануы арқылы жасалған деп болжаймыз.

Осыдан көретініміз, жалпы гүл атаулылардың әдемілік қасиеті уәждеіліп, сұлулықтың, жастық шақтың рәмізі, өмірдің сәні ретінде метафора болып қолданылған. Түркі халықтарында қуаныштың, шаттықтың белгісі қызыл түс болып саналады.

Енді мына бір топ мысалдарда «ек» етістігіне –ін зат есім тудырушы жұрнақ жалғанып, «пайда, жеміс» мағынасында келген метадораларды көре аламыз: Не дерт келсе, қайтермін деп сақтанып, Жұтай ма еңбегінен **егін орса** [23, 232 б.], Ектің талай **егінді** білесің бе оарын? [43, 119 б.], Дедім мен: Құтты болсын шекпеніңіз, Артқыға қандай **егін** еккеніңіз? Жусақ та денемізден кетер емес, Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз» [43, 78 б.] немесе Қазақты намыс деген тентіреткен, Партия, дау мен жанжал түпке жеткен: Намыспенен жанына қайғы шашып, **Егінін** орсын енді, қолдан еккен [43, 38 б.] , Себепті жарата алу арқасында, Адамзат еңбегінен **егін** орған [43, 204 б.] және Адамға еш нәрсе жоқ тектен тегін, Оарсың бейнеттеніп ексең **егін** [23, 214 б.].

Ал мына мысалда метафора ек түбірлі етістікке көсемшенің -іп жұрнағы жалғанып, «елге пайда келтіру» мағынасында жұмсалған: Оқу-білім өркеймек, Елге **егіп** пайдасын [43, 168 б.].

Жиырма жыл медреседе дауам етіп, **Қапшығы садақаның** болған қандай? [43, 27 б.], Підие, зекет, пітірге **қапшық болып**, Миллетке микробтігі тие отыруға [43, 22 б.] мысалдарындағы қапшық – кішірек қап [45, 476 б.]. Бұл сөз қап сөзіне -шық деген реңк мәнді қосымшаның жалғануы арқылы жасалған. Яғни, қапшықтың заттарды салу қасиеті уәждеіліп, метафора ретінде қолданылған.

Қалың ел **оянғанда** көзін ашып, Азаттық, теңдік үшін ұрандасып [43, 179 б.] мысалындағы оян етістігіне есімше жұрнағы қосылып, халық надандықтан құтылып, сауатын ашқанда мағынасында келген.

Төмендегі мысалда метафора «жалданып істейтін жұмыс» мағынасындағы жал сөзіне –шы жұрнағы қосылып, «бағынышты, қызмет ететін» мағынасында келген: Өзіне от, жел, суды **жалшы** қылып, Алланың сайран етер аспанында [43, 20 б.].

Сол тілмен шешем мені әлдилеген, Еркелеткен: «**құлыным, жаным**» деген [23, 214 б.] мысалындағы метафоралар құлын және жан сөздеріне тәуелдік жалғаудың I жағының жалғануы арқылы жасалған. Бұл сөздер еркелету мәнін білдіреді. Яғни, мал төлінің сүйкімділік қасиеті уәждеіліп, метафора жасауға негіз болған. Және де әр ата-ана үшін баласы өз жанынан артық болып келеді.

Солдырып сені осынша көп зарлатқан, Атаңның шалдан алған бес қарасы [43, 20 б.] мысалындағы метафора сол етістігіне өзгелік етіс және көсемше жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалған. Сол сөзі «қиыншылықтан, аурудан әбден жүдеп, бозарып қалу» мағынасын білдіреді [45, 735 б.].

Көріп отырғанымыздай, ақын тілінде синтетикалық тәсілмен жасалған метафоралар кездеседі. Бірақ олардың саны шамалы ғана. Синтетикалық тәсілмен жасалған метафоралар түбірге сөзжасамдық жұрнақтардың қосылып, жаңа туынды мағыналы сөздердің пайда болуы арқылы жасалған.

2.2.2 С. Торайғыров шығармаларындағы аналитикалық тәсілмен жасалған метафора уәжділігі

Аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау – сөзжасамның өте көне тәсілі.

Түркі тілдерінде де бұл тәсіл көне замандардан келе жатыр. Орхон жазба ескерткіштерінің тіліндегі мынадай күрделі сөздерді Ғ. Айдаров осы жазба ескерткіштердің лексикалық қоры ретінде келтірген: йашыл угуз – көк өзен, күнтүз – күндіз, беңгү таш – мәңгі тас (жазулы тас), Беш балық – Бесбалық (қала аты), Қазлық көл (көл аты), Көмур тағ (тау аты), Білге қаған (хан аты), Құны сеңүнг (кісі аты), Оң оқ (халық аты), Көк түрік (халық аты) т.б. Келтірілген мысалдар күрделі сөздердің көне замандардан қолданылғанын білдірсе, екіншіден, күрделі сөздердің географиялық атаулар, яғни өзен, көл, жер, қала және кісі аттарында жиі кездескенін көрсетеді.

Тілімізде аналитикалық тәсілдің төрт түрі бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту.

Сөзжасамның аналитикалық тәсілінде түбір сөздер бір-бірімен не бірігеді, не тіркеседі, не қысқарып барып сөз жасайды. Қалай болғанда да, сөзжасамға түбір сөздер ғана қатысады. Міне, бұл – сөзжасамның аналитикалық тәсіліне қатысты ерекшелік [41, 90-99 Б.].

Ғалым С. Исаев қысқартуды аналитикалық тәсілге жатқызбайды. Ол туралы былай дейді: «Сөздерді қысқартып алу соңғы кезде сөзжасам тәсілдеріне қате қосылып жүр. Сөздерді қысқартып алуда сөзжасамдық сипат жоқ» [42, 279 б.].

Аналитикалық тәсіл бірнеше ұғымды бір лексеманың бойына түйістіріп, ұғымды жеткізуде, атау беруде, тілдің дамуында үлкен қызмет атқарады [34, 9 б.].

Яғни, аналитикалық тәсіл – түбірлерді бір-бірімен біріктіру, қосарлау, тіркестіру жолдарымен жаңа мағыналы сөздер жасайтын тәсіл.

Аналитикалық тәсіл сөзжасамдық өте көне тәсіл ретінде, С. Торайғыров тілінде екі сөздің қосарлануы, бірігуі арқылы жасалған. Мысалы:

Аққу құсты **жапалақ** қалай алар, зар-зар! Ойлап па едің **ақтұйғын**, текке қалар зар-зар! [23, 46 б.] мысалындағы аққу – иілген ұзын мойынды, ақ қауырсынды, үйректер тобына жататын үлкен құс. [44, 142 б.]. Аққу – сұлулықтың символы.

Аққу заттың түсін білдіретін «ақ» сөзі мен қу сөзінің бірігуінен жасалған Хакас тілінде «хуу» сөзінің мағынасы біздегі «ақ» сөзімен бірдей. Осыдан «ақ+қу» (ақ-хуу). Сөйтіп, «аққу» өз атын «ақ-ақ» деп күшейте айту нәтижесінде иеленген. Басқаша айтқанда, «аппақ» сөзімен барабар.

Жапалақ – жыртқыш құстың бір түрі. Бұл сөз екі түбірден құралған деп жорамалдаймыз. Біріншісі – «йап». Бұл сөз түрік тілінде «үнсіз», «тым-тырыс» деген мағынаны білдіреді. Екіншісі – «құлақ». Екі түбірді қосқанда «йапқұлақ» пайда боды. Кейбір туыс тілдердегі «й» дыбысының орнына қазақ тілінде «ж» қолданылады. Екі сөз қосылғаннан кейін соңғы түбірдің бас дыбысы – «қ» түсірілген. Осылайша «йапқұлақ» сөзінен «жапқұлақ» одан әрі «жапұлақ» сөзі келіп шыққан. Кейін келе, «а» дыбысының қоршауына түскен «ұ» солардың ыңғайына қарай сәйкестеніп, «жапалақ» болып өзгерген. Басқа құстарға қарағанда жапалақтың тыныштық сақтауға төзімі жететіндігін еске алсақ, оның атының пайда болуы жөніндегі жорамал теріс емес сияқты [49, 40-45 Б.].

Көріп отырғанымыздай, мысалдағы аққу мен жапалақтың өзіндік бір-біріне қарама-қарсы қасиеттері уәжделіп, метафора ретінде қолданылған. Сол сияқты төмендегідей мысалды келтіруге болады.

Балауыз, балбыраған бала **бұлбұл** Қалайша **жапалаққа** болады азық?! [23, 53 б.]. Мұнда да келтіріп кеткен мысалдағыдай метафоралар біріне-бірі қарама-қарсы қолданылып тұр.

Сен **бұлбұл**, ол **қарақұс** болса-дағы, Қосатын сені өзіне халі бар шал. [23, 60 б.], Жұрт отыр дуан созған дауысты аңдып, Бір сөзді де ұға алмай текке қаңғып. **Қарға** ма қарқылдаған, яки **бұлбұл**, Біле алмай мен отырдым бұған таңғып [43, 29 б.] мысалдарында метафоралар қарама-қарсы мағынада қойылған: бұлбұл-қарақұс, бұлбұл-қарға. Яғни, бұл құстардың өзіндік қасиеттері уәжделіп, метафора ретінде қолданылған.

Қалам қас, мамық тамақ, уыз қойы, Мөлдір көз, тілің **бұлбұл**, алма мойын [43, 28 б.] және мысалдарындағы бұлбұл – орман-тоғайда, нулы жерде, бақта болатын, даусы әдемі, кішкене әнші құс; сандуғаш. Ауыспалы мағынасында «ақын, жыршы, өлеңші; тілге шешен, сөзге жүйрік» дегенді білдіреді [44, 516 б.]. Яғни, бұлбұл құстың әншілік қасиеті уәжделіп, метафораланған.

Алма жемісін сұлу әйелдің мойынының эпитеті ретінде қолданылуы – Шығыс поэтикасында кең тараған дәстүр. Қазақ тіліндегі поэтикалық фразеологизмдердің бірі алма мойын тіркесінің парсының зәнәх сиб (сөзбе-сөз аударғанда: зәнәх мойын, сиб алма) метафорасының калькасы болуы керек. Жалпы, парсы тілінде жеміс-жидектердің атаулары образдылық, бейнелі сурет жасауда мол қолданылады. Алма сөзінің поэтизм ретінде қолданылып, метафоралануына негіз болған белгілер туралы жеміс атауларының тарихына қатысты зерттеуінде өзбек ғалымы Ю. Ишанқұлов былай дейді: «Плоды вообще, особенно разнообразные признаки и особенности яблок (изящная форма, прозрачность и др.) издревле служили для художников (писателей, поэтов, ученых, ремесленников, архитекторов и др.) источником вдохновения. Мастера слова, не ограничиваясь точным и живописным описанием своеобразных особенностей яблок, использовали для яркого, подчеркнутого воплощения предмета изображения, признаки и особенности данного плода. Это привело к тому, что слово олма стало широко употребляться в различных иносказательных значениях с оттенком экспрессивности, эмоциональности, в разнообразных нюансах значения, что, в свою очередь, привело к дальнейшему расширению его семантики. Так, слово олма в письменных памятниках различных эпох употреблялось в значениях «девушка», «возлюбленная»; для обозначения частей тела возлюбленной (лица, шеи, подбородка, груди и т.д.), для выражения иносказания и различных эпитетов: Гәһи елгә алыб алма сақакын (Кутб. «Хосров и Ширин») – «Притрагиваясь рукой к ее подбородку, круглому как яблоко»; Қолум сйм алмаңызға йетмәді ыйч (Хорезми. «Мухаббат-наме») – Мои руки никогда не касались ваших серебряных яблок (т.е. груди)». Алма сөзінің қыздың кеудесіне, мойынына қатысты қолданылып, бейнелі образдар жасауда оның жұмырлығы, тегістігі мен дөңгелек пішіні алынғаны және әдебиетте қолданылуы орта ғасырлардағы түркі ескерткіштерінен басталатынын көрсетіп отыр. Түркі поэзиясында ХҮ ғасырдан бастап сиби занахдон (сиб парсы тілінде «алма», ал сиби «алма секілді», занахдон «мойын, бұғақ») «алмадай жұмыр бұғақ» түрінде кездеседі. Орта ғасырлардағы түркі поэзиясына араб, парсы әдеби дәстүрінің, парсы-тәжік классиктері шығармаларының ықпалы үлкен болғаны мәлім [47, 66-67 б.].

Басында жаназаның **қызғыш** көрдім, Сырты - қой, іші – қасқыр бұзғыш көрдім [43, 44 б.] мысалындағы қызғыш – көзінің айналасы мен бауыры ақ, басы мен мойны қара, үлкендігі көгершін шамалас, өзен, көл маңын, сазды жерді мекендейтін құс. Қызғыш – екі сөздің қосындысы. Ерте кездегі «қыз» сөзінің мағынасы – сараң, қызғаншақ дегенді аңғартқан. Ал ғыш қазір өзіміз айтып жүрген «құс» сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі. Демек, қазіргі «қызғыш» тұлғасы алғашқы кезде «қыз құс» та, ал мағынасы – «қызғаншақ құс» [50, 50 б.].

Мысалымыздағы қызғыштың қызғаншақтық белгісі уәжделіп, адамның жаман қасиетін білдіріп метафораланған.

«Сырты - қой, іші – қасқыр» тіркесі орыс тіліндегі «Волк в овечьей шкуре» тұрақты тіркесімен үндес. Оның сол тілдегі мағынасы: «Человек,

прикрывающий свои дурные намерения, действия маской добродетели; лицемер» [51, 76 б.].

Ал мына мысалдарда метафора «тіршілік көзі, өмір негізі» мағынасында жұмсалған: Жер-анада жететін тамақ жоқтан Отыр ма адам бірін-бірі шайнап? [43, 202 б.] және Керегін Жер-анадан оңай алып, «Аш қалам» деп көңілін бөлмес болса [43, 200 б.].

Азамат үш ағасы сақа бойдақ, **Еңбектің қазанында** піскен қайнап [43, 157 б.] мысалындағы қазан – металл қорытатын үлкен шойын ыдыс, багранка [44, 501 б.]. Бұл жерде қазан жалпылама қолданылып, ағайындылардың еңбекқор екенін білдіріп тұрған сияқты.

Жүректің қазынасы тазартылса, Пайдасын көрер әлі-ақ ертең халқым [43, 89 б.] мысалындағы қазына – түрлі бағалы заттар, дүние-мүлік; материалдық байлық [45, 453 б.]. Яғни, бұл мұнда «жүректің қазынасының тазартылуы» адамның рухани баюы мағынасында жұмсалғанға ұқсайды.

Дөңгелек – арбаны не механизмді қозғалысқа келтіріп, айналып тұратын білікке кигізілген шеңбер [45, 206 б.]. Мына мысалда «дөңгелектің» айналу ерекшелігі уәждегі, метафора өмірдің жылжып отыруын, өткіншілігін білдіріп тұр: **Дүние дөңгелегі** айналады: Кім үстінде гуляйттап жайланады [43, 120 б.].

Ауыл – отырықшы болып, ұжымдасқан шаруалардың қыстағы [45, 73 б.]. Мына мысалда «шындықтың аулы» метафорасы белгілі бір мекенді, жерді білдіріп тұр: **Шындықтың аулын** іздеп түстім жолға, Разымын не көрсем де осы жолда [43, 60 б.]. Яғни, шындық бар жер, орын мағынасында қолданылған тәрізді.

Кір – таза емес, былғаныш, лас [45, 438 б.]. Яғни, төмендегі мысалда «көңіл кірі» метафорасы «арамдық» мағынасында жұмсалған: Бұрын жоқ іштерінде **көңіл кірі**, Бұл турада түйедей Әжібай міні [43, 261 б.].

Топырақ – жердің үстінгі жұмсақ қабаты. Тілімізде «Топырағы торқа болсын!», «Топырақ бұйырды» тіркестері кездеседі [45, 812 б.]. Яғни, мына мысалдарда «топырақ» «өлік» мағынасын білдіреді: Сонда жатып аздан соң мен **топырақ**, **Топырақта** жоқ сезім, тіл мен құлақ, Бір дыбыс ала алмассың өмір бойы, Қасымда отырсаң да жауап сұрап [43, 212 б.] және Не болар **топырағы жүрегімнің – Тірліктегі ұясы тілегімнің?** Не болар бәрін көрген **көз топырағым**, **Топырағы миымның, білегімнің** [43, 213 б.], сол сияқты Әлде дерсің: «Құтқармас қараңғы көр, **Топырақ** болып, ұйықтарсың сонда барып» [43, 193 б.].

Мына бір топ мысалдарда «теңізді» надандыққа, қараңғы елге, арамдыққа балап отыр: Қыздырып күннің қарауы **Надандық теңізі** тартылар [43, 59 б.], Қараңғы ел **қара теңіз** тасып жатқан, Шыпшық боп өртеймін деп өлері жоқ [43, 152 б.], Нашарды, момындарды езбейтұғын **Арамдық теңізінде** жүзбейтұғын [43, 127 б.].

Ақын «гүл» метафорасымен қатар «көңіл» сөзін ұтымды қолданған: Бір сенсің дүние көрген көзім нұры, Жарқырап жаным тартар, **көңілім гүлі!** [43, 163 б.].

Оқ – дәрімен атылатын қарудың жез гильзаларына ыңғайлап орнатылған домалақ немесе сопақша қорғасын [44, 402 б.]. Төменде келтірілген мысалдарда «оқ» метафорасы тұрмыстың ауырташылығын көрсету үшін қолданылғанға ұқсайды: **Тұрмыстың оғы** шыбындай, Тезінен туар көңілімде ай [43, 89 б.], Талықсып, ес жинауға шамасы жоқ, **Тұрмыстың оғы** тиіп жатыр сұлап [43, 153 б.].

Мен **тұрмыстың қылышы**, Тағдырдың буынар тынысы [43, 101 б.], Әлпеті **алмас қылыш** жайнап тұрған, Ашуы шапшаң, қатты барып тұрған [43, 247 б.] және Милеттің кел де бірік, ал жастары, Қызмет қыл, **өткір қылыш алмастары!** [43, 25 б.] мысалдарындағы қылыш – шауып түсуге ыңғайлап, болаттан істелген өткір жүзді, ұзындау келген, тұтқалы имек қару [44, 598 б.]. Мұнда қылыштың өткірлік қасиеті уәждеделіп, автор өзін, адамның әлпетін, жастарды соған балап тұр.

Жеміс- жеміс беретін ағаштар мен сабақты өсімдіктер басына шығатын шырынды мәуе, миуа. Ауыспалы мағынасы – бір нәрсенің, еңбектің табысты нәтижесі, қорытындысы [31, 294 б.]. Осы ауыспалы мағынада келген мысалдарды келтіріп кетейік: Жасамаймын: **«Еңбектің жемісін** көзбен көрем» деп, Жасаймын: «Бір қолғабыс Кейінгіге берем» деп [43, 110 б.], Шынында ол ойлары кетпей теріс, Уақытша пайдасына берді **жеміс** [23, 147 б.] және Адамның, адамдықтың берген **жемісін**, Жейтін адам бар басқа, иттер жемес [23, 153 б.], Егін-сегін, машинаң керегі жоқ, Бәрінен **мал бағудың жемісі** көп [23, 223 б.].

Мына мысалда алма жемісінің формасы уәждеделіп, әйел адамның кеудесі соған ұқсатылған: Аналыққа жарасқан төстек кеуде Қатарласа тік біткен **қос алмасы** [43, 126 б.].

Қорытындыласақ, аналитикалық тәсіл сөзжасамдық өте көне тәсіл ретінде, ақын тілінде екі сөздің қосарлануы, бірігуі арқылы келген.

2.2.3 С. Торайғыров шығармаларындағы семантикалық тәсілмен жасалған метафора уәжділігі

Семантикалық тәсіл белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, көп мәнді, ең бастысы омонимдік қатарда келуі арқылы жасалады. Сондай-ақ осы жол кейбір сөздердің ол бастағы мәнін жоғалту не болмаса әлсірету барысында басқа бір сөз тобының қатарынан танылуға жол береді.

Семантикалық тәсілде аффикстік тәсіл болмайды. Сөзжасам белгілі бір сөздердің лексико-семантикалық мәнімен тығыз астарласып жатады. Осының нәтижесінде бір сөздер ол бастағы мәнін әлсіретіп, жаңа мағынаға ие болып жатса, енді бір сөздер омонимдік қатар құрап, әр түрлі сөз табының туындауына себепкер болады [41, 99-101 Б.].

Ақын шығармаларының тіліндегі семантикалық тәсіл арқылы жасалған метафораларды талдайық.

Бақыт – **кұс** ұшып жүрген қолға түспес, Билеуге оны ешкімнің күші жетпес [43, 68 б.] мысалындағы құс – дене аумағы әр түрлі қауырсынды, қанатты, ұшып жүріп тіршілік ететін жәндік. Тілімізде «бақ дарыды, құт

қонды» мағыналы «басына бақыт құсы қонды» тұрақты тіркесі кездеседі [44, 675 б.]. Яғни, құстың ұшу қасиеті уәждеделіп, метафораланған.

Қазақ тілінде жан сөзімен бірге шыбын сөзі жүреді. Ол ескі ұғым бойынша адам жаны шыбын тәрізді өте кішкене, нәзік әлсіз келеді және ол кеудеде ұшып жүреді деген сенімнен қалған түсінік, наным [44, 303 б.]. Мысалы: Даңқы жер жарған, шешендігі ел жарған, күліп кісі бетіне қарап көрмеген, атақты, ибалы, асыл Қамарымыз жоқ жерден мұндай жалаға ұшыпар, бүлік шығып кеткендігіне қайғыра-қайғыра сүзектен тұрған кісідей, құр **шыбыны** ғана бар еді [23, 38], **Шыбын жан** айналсоқтап, сасық көрде «Періште келеді» деп, босқа күтті [43, 130 б.].

Ғалым Р. Сыздық: «Шыбын жан» тіркесі жөнінде бұл күнге дейін «діни ұғым бойынша, кісі өлгенде, жаны шыбын тәрізді ұшып кетеді-мыс» деген пікір айтылып келеді. Бірақ біз бұл тіркестің мағынасын өзгеше топшылаймыз.

М. Қашқаридың жазып қалдырғаны бойынша, көне түркі тілдерінде чывы (чыбы) сөзі «ру, тайпаның жебеушісі», «рух» деген ұғымды берген. Мүмкін, чыбы (н) сөзімен ру-тайпаны жебеп-қорғап жүретін ғана емес, адамдарды қолдап, жебейтін күшті де, яғни адамның жанын да білдірген болу керек. Бірақ бұл пікіріміз - әзірге жорамал ғана. Біз бұл жерде бір нәрсені кесіп айта алмаймыз. Ол – қазақ тілінде «жан» мағынасында шыбын сөзінің жеке тұрып та қолданылатындығы. Мысалы, халық өлеңінің қайырмасында келетін «шыбыным, шыбыным, айдарлым» деген сөздерде де шыбыным – жаным деген сөздің баламасы» - дейді [52, 110 б.].

Бұған мысалдар келтіріп кетейік: Ес те жоқ, қуат та жоқ, үрей де жоқ, Кеудеде бар демесең **шыбын жаны** [23, 269 б.], Қарайсың мөлдіретіп жәудір көзің, Шын айтсам, **шыбын жаным** сенің өзің [23, 27 б.], Ақыл-ой, сын-сымбатта маған теңсің **Шыбыным**, шын сүйгенім жалғыз сенсің [23, 31 б.], Даламның мен сағынам бек пен ханын, Ел үшін аямайтын **шыбын** жанын [23, 206 б.].

Дүние қызықтырған – қызыл **киік**, Бар адам соны қуған көңілі сүйіп [23, 67 б.]. Киік – айыр тұяқты, ешкіге ұқсас, жабайы, тағы аң [44, 44 б.].

Ертеде халық киікті «киелі, қасиетті аң» деп түсінген [53, 194 б.].

Киіктің осындай қасиеттері уәждеделіп, метафора ретінде қолданылған. Қызыл – жастықты, әдемілікті, сұлулықты білдіреді. Қызыл түс - қанның түсі, яғни, өмірдің символы.

Көзің – **нұр**, сөзің – **алма**, аузың – **алтын**, Самород, қоспасы жоқ нағыз балқын [43, 163 б.], сондай-ақ Даладағы фальшысыз **самородтың**, Олармен ауыстырман бір күлкісін [23, 221 б.] мысалдағы нұр – сәуле, жарық, шұғыла [44, 357 б.]. Нұрдың осындай қасиеті уәждеделіп, әдемілікті білдіріп тұр.

Алма – шар тәріздес жеміс [44, 228 б.]. Бұл жеміс тәтті болып келеді. Алманың тәттілік қасиеті уәждеделіп, метафораланған. Мұнан біз ақынның сөзді «тәтті, яғни жағымды» деп айтқысы келгенін білеміз. Осындай жағымды сөздерді айтқан ауызды да алтынға балап тұр. Алтынның бағалылығын көрсету үшін орыстың сөзін пайдаланған. Оның түсінігін сол тілде қарастырайық: Самородный – природный. Самородок – добытый из земли кусок чистого металла [54, 576 б.].

Болғанда көзің – **жақұт**, етің – **торғын**, Қасың – **ай**, шашын – **жібек**, мамық тамақ [43, 163 б.] мысалындағы жақұт – түрлі түсті көбіне көгілдір асыл тас, лағыл [55, 125 б.]. Торғын – қымбат, бағалы жібек матаның түрі. Ауыспалы мағынасы – жұмсақ [55, 228 б.]. Яғни, бұл мысалда жақұт пен торғынның қасиеттері уәждеделіп, метафора ретінде қолданылған. Сол сияқты айдың формасы, жібек пен мамықтың жұмсақтық ерекшеліктері уәждеделген.

Жорға – жылқының төрт аяғын тең салып, ырғатыла, тайпала басқан жайлы жүрісі. Ауыспалы мағынасы – бір нәрсеге жүйрік, жетік, шебер [44, 166 б.].

Қазақта жүйріктіктің символы – жылқы болып есептеледі. Жылқының жүйріктік қасиеті уәждеделіп, метафора жасауға негіз болған. Мысалы: Шайтан беріп, төмені – тілмаш болсам, Байың тұрсын, болысың болар **жорға** [43, 235 б.], Ондай жан ойлаушы едік молда болар, Тең басқан төрт аяғын **жорға** болар [43, 127 б.], Меніңше, Халел деген сынсыз **жүйрік**, Не түрлі ұзақ салсаң шабар шүйгіп [23, 142 б.], Көп талант бабын тапсаң **жүйрікке** ұқсас, Бабын тапсаң жұрт қалар шаңына ере алмай [23, 151 б.], Бірінің баласы **жүйрік**, бірінікі **жорға**, бірінікі **шабан** [43, 306 б.].

Арыстан айға шауып мертігіпті, Секірме, қолың жетпес көктегі **аймын** [23, 29 б.], Әрине, қолым жетпес көктегі **айсың**, Қағу көрмей, қарсы өскен қалқатайсың [23, 30 б.], Бәрі сенің бір өзің: **Күн, ай, жұлдыз** – дәл көзің [43, 99 б.], Гүләйім ұлдан үлкен жалғыз қызы Ұқсайды көркемдігі **туған айға** [43, 86 б.] мысалдарындағы ай мен күн – метафоралар. Ай да, күн де – аспан денелері.

Әлемдік мифологияда Ай мен Күн егіздер, кейде қосыла алмай жүрген ғашықтар, кейде ерлі-зайыптылар немесе аға мен қарындас болып бейнеленеді [56, 100 б.].

Қазақта жақсы көретін адамдарын «айым», «күнім» деп еркелетіп жатады. Бұл сөздер қымбатты, сүйікті деген сияқты мағыналарды білдірсе керек. Осыдан келіп ай мен күннің осындай ерекшеліктері уәждеделіп, метафораланған.

Ерте заманда, түркі халықтары шаман дінін ұстанған кезде Ай «сұлулықтың», «көркемдік пен әдеміліктің» символы болған және Айға табынған, «әулие», «пір» тұтқан. Әлі күнге ел арасында: «Ай көрдім, аман көрдім, ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа», - деп, жаңа туған айға қарап сыйыну дәстүрі бар [53, 28 б.].

Адам баласы үшін Ай мен Күннен қасиетті ұғым жоқ. Ай мен Күнге табынады, тіршілік негізін солардан табады. Жақсысын Ай мен Күнге теңейді. Ұақытын Ай мен Күн арқылы есептейді. Барар жерінің алыс-жақындығын да солармен өлшейді. Аңыз, ертегілердегі, эпостық жырлардағы «Ай десе аузы, Күн десе көзі бар», «Айшылық алыс жер», «Ескі ай есірке, жаңа Ай жарылқа», «Айдың аманында», «Айдай таза, Күндей нұрлы», «Айы, Күні жеткен» деген тәрізді тіркестер осыны дәлелдесе керек [57, 33 б.].

Толған ай шілдедегі жалт-жұлт еткен, Мүбәда көрген кісі қиыр шеттен [23, 22 б.] мысалындағы толған ай да сұлулықты білдіріп тұр.

Сұлулықты аймен, күнмен теңестіру барлық халықтарда кездеседі, алайда аймен, оның ішінде толық аймен теңестіру – шығыс аруының жастығы мен жамалының тұрақты атрибуты. С. Төлеубаева «Мың бір түн» секілді араб

ертегілерінде мол кездесетін бұл метафораның тек сұлу қызға қатысты емес, жас жігіттің көркін сипаттауда да қолданылатындығын айтады. Түркі тілдеріндегі ай жүзді фразеологизміндегі айдың сұлулық феноменін сипаттаудағы символдық мәні шығыс мәдениетінен келгені туралы пікір жаңа емес, көп айтылып жүр. Шығыстанушылар күнге қарағанда айдың сұлулық феноменін берудегі ерекше қызметін атап өтіп, оның себебін бұл аймақтардағы күннің ыстығы секілді табиғат, ауа райы факторымен байланыстырады. Ыстық жақта өмір сүретін халықтар үшін аптаптың көзі – күннен гөрі, жанға жайлы салқындықпен байланысты ай образы жағымды болып табылады. Парсы тілінде әдемілікті айтуда ай секілді, жаңа ай секілді, он төрт күндік ай секілді түріндегі фразеологизмдер қолданылады. Қазақ тілінде де толықсыған айдай деп те айту бар. Айдың араб, парсы лингвомәдениетінде ерекше маңызға ие екенін жаңа туған айды ылғал сөзімен атайтынын, ал толған айға қатысты бадр сөзінің қолданылуын келтірсек болады. Осындағы әсіресе бадр «толған ай» сөзі ерекше поэтикалық экспрессивтілікке ие бірлік. Сондықтан арабтар да, парсылар да үйге келген адамды қарсы алуда «толық ай (бадр) келді, үйді нұрландырды» секілді этикеттік клише қолданылады [47, 223 б.].

Енді бір топ мысалдардағы күн, ай метафоралары бағалы, атақты мағынасында жұмсалған сияқты. Мәселен, Халел мен Әлімханды **ай** деп айтсақ, Шолпандыққа жарайды ай қасында [23, 149 б.], Газет пен журналдарда жайым толып, Бірі **күн**, бірі атымды **ай** қылатын [43, 211 б.], Қараңғы қазақ көгіне Өрмелеп шығып, **күн** болам! [43, 59 б.], Кешегі қара күнде болмап па еді, Бірі **күн**, бірі **шолпан**, бірі **айым** [23, 139 б.].

Мына мысалда күн сөзі «таңның атуы мен күннің батуы аралығындағы тәулік уақытын» [45, 429 б.] білдіріп, түнге қарама-қарсы қолданылып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты білдіріп тұр: Бірің - **күн** де, бірің - **түн**, бір кемеге салса да, Сыйысу жоқ, зар-зар! [23, 46 б.].

Жұлдыз – Жерден өте қашық орналасқандықтан нүктедей ғана болып жалтырап көрінетін аспан денесі [44, 213 б.]. Ерте замандарда ата-бабаларымыз Ай мен Күнге табынған. Сол сияқты жұлдызды да қасиетті, киелі, әдемі деп санайды. Жұлдыз осындай қасиеттерге байланысты уәждеіліп, Сұлтанмахмұт ақынның тілінде метафора болып қолданылған. Мысалы: Мен балаң жарық күнде сәуле қуған, Алуға **күнді** барып белді буған. **Жұлдыз** болып көрмеймін елдің бетін, Болмасам толғанайдай балқып туған [43, 43 б.].

Кілегей қара **бұлтпын**; Келе бір жаумай басылман [23, 216 б.] және **Бұлтты** кетір ойыңнан, Жазды шығар бойыңнан [43, 80 б.] мысалдарындағы бұлт – судың жылу әсерінен аспанға көтеріліп, буға айналған түрі. Алғашқы мысалдағы бұлт бірбеткей, айтқанынан қайтпайтын адам мінезіне байланысты алынса керек. Соңғысы ой мағынасында жұмсалғанға ұқсайды.

Шоңның, Торайғырдың көк **жапырақтары**, **Бұтағыңа** келіп қонған едік. [43, 76 б.] мысалындағы жапырақ – өсімдіктердің көктеген жапырағы. Сондай-ақ жапырағы жайқалды тіркесі өсіп-өркендеді, көбейді [45, 269 б.] мағынасында жұмсалады. Мұндағы жапырақтың өсу, өркендеу, көбею қасиеттері уәждеіліп, ұрпақ мағынасында метафора боп қолданылған. Бұған дәлел «бұтақ» сөзінің ауыспалы мағынасы – белгілі бір атадан тарайтын ұрпақ, буын [45, 157 б.].

Теңіз – жан-жағы құрлықпен ұштасып жатқан, кеме жүретін ұшы-қиыры жоқ су. Ауыспалы мағынасы – орасан көптік, молдық [44, 121 б.]. Яғни, теңіздің молдық, көптік ерекшелігі уәждеіліп, метафора ретінде қолданылып тұрған мысалды келтірейік: Тауылмас ғылым **теңіз** шалқып жатқан, Соңынан қалмас оның дәмін татқан [43, 124 б.].

Ақын тілінде суға байланысты «қара су», «көл», «дария», «бұлақ» сияқты метафоралар кездеседі.

Қара су «мол, көп су» мағынасында қолданылады. Мына мысалда сол қара судың көптік қасиеті уәждеіліп, метафора боп пайдаланылған: Шынында, ғылым артық мал мен бақтан, Ғылым болса **қара су** тасып аққан [43, 124 б.].

Көл – айналасы табиғи не жасанды түрде тұйықталған, дөңгелек не сопақша біткен айдын- шалқар су. Ауыспалы мағынасы - мол, көп, аспа-төкпе. Сонымен қатар «көзінің жасын көл етті» көп, ұзақ уақыт егіліп жылады мағынасын білдіреді [44, 138-139 Б.]. Мына мысалда көлдің көптік қасиеті уәждеіліп тұр: Көркіне табиғаттың көңіл босап, **Көл қылған көз жастарын** терең сайлар [43, 289 б.].

Сол сияқты мына жерде де көлдің көптік қасиеті уәждеіліп, адам қанының өнердің арқасында көлден де көп, орасан мол болғанын көреміз: Бұрын **көл** болса, енді **теңіз** болды Өнердің арқасында адам қаны [43, 201 б.].

Дария – суы мол, көлемі кең өзен, көл, теңіз [44, 482 б.].

Дәл осыған ұқсас тұлғада әрі мағынасы жағынан да жақын сөзді парсы тілінен табамыз. Кейбір зерттеушілер оны осы тілдің туындысы деп қарайды. Сөз төркінің парсы тілі дерлік мықты дәлел – «дарияны» тудыарлықтай мағынасы жағынан жуық келерлік түбір табу қиын. Сондықтан біздің ойымызша, сөз төркінін түркі тілдерінің өзінен іздеуді жөн көрдік.

В. Радлов сөздігінен: дарйа – түпсіз, терең мағынасын береді. Ол мұны қарайым тілі дерегінен ұсынады. Осыған бой ұрсақ, «дария» сөзі тек «терең» -нің дыбыстық өзгеріске түскен түрі ме деген де ой келеді. Мұны біз тек бір тіл дерегіне сүйеніп қана айтып отырған жоқпыз. Түркі тілдерінде т~д, е~а дыбыстары бірінің орнына бірі қолданыла беретінін «терең» сөзінің кейбір тілдерде: тарән, дэрин, дерин тұлғасында кездесулерінен-ақ байқау қиын емес.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөз түбірі – «тера» қалпында болғандығын анықтай түседі: терэ – алқап, ойпат. Жазық жерге қарағанда алқап, ойпаттың терең көрінетінін ескерсек, «терең» сөзінің алғашқы түбірі – «терэ» болғандығына сенбеске де болмайды. Біздің түсінігіміздегі «дарияның» суының тайыз болмай, терең келетінін ойласақ та, оның тұңғыш төркіні «терэ» екендігіне сенім молая түседі. Осыдан: терэ > терэ +ң > терең немесе терэ > терэ + й > терй > дәрй > дарй + а > дарйа > дарйа пайда болған сияқты [48, 68 б.].

Мына бір топ мысалдарда дарияның көптік, молдық қасиеті уәждеіліп, метафора болып қолданылған: Не жаздым жеті жаста жылатқандай, Көз жасты **дария** етіп бұлатқандай [43, 178 б.], **Бостандық дариясы** былтыр тасып, Жұрт кетті ағынға еріп араласып [23, 217 б.], Үйреніп әрбір түрлі өнер-ғылым, Теңіздей **дария** болып тасам дедік [43, 25 б.], сол сияқты Бұл күнгі бақытсыздық дүние толған, Нақақ қан, нақақ көз жас **дария** болған [43, 202].

Жасыл шөп, көз жасындай аққан **бұлақ** Бассаң да қай жерге аяқ, жүрген жолың [43, 289 б.], Шыңғыртып асқа сойған жылқылардың Қандары **бұлақ** болып ақты сайдан [43, 273 б.], Мұны естіп әр жердегі биік таулар Көз жасы **бұлақ болып атқып саулар** [43, 55 б.] мысалдарындағы бұлақ – басы бастаулардан, қайнарлардан басталып, сай-жыралармен ағатын кішігірім су [44, 510 б.]. Бұлақ кішігірім су болса, келтірілген мысалдарда оның ағу қасиеті уәждеіліп тұрғанға ұқсайды.

- Обалым шөп шаппаған иеме, - деп, Қандары **сел** боп жатыр хайуан малдың [43, 274 б.] мысалдағы сел – қар мен мұздың еруінен немесе қатты нөсердің салдарынан болатын су тасқыны [44, 256 б.]. Су тасқынының ерекшелігі уәждеіліп, «көп», «мол» мағынасында қолданылып тұр.

Сабан – дәнді дақылдардың бастырылып, дәні алынғаннан кейін қалған сабағы [45, 695 б.]. Төмендегі мысалда «сабанның» курап қалу қасиеті уәждеіліп, қазақтың жағымсыз мінезі соған баланып тұр: Бұл сөзді қыстамаймын жалғыз саған, Мысалы курап қалған қазақ **сабан**. Өзімшіл, өзге үшін жәрдемі жоқ, Жақынын жат көретін жаудан жаман [43, 37 б.].

Қурай – биік болып өсетін шөп тектес, ірірек өсімдіктердің жалпы атауы. Енді бір мағынасы – осы өсімдіктердің мал жемейтін қатты сабағы [45, 530 б.]. Мына мысалда да қурайдың курап қалу қасиеті уәждеіліп, метафора ретінде қолданылған: Өн бойы суық үйде шаншу алған Сау жер жоқ, бейне **қурай** қатып қалған [43, 269 б.].

Мен тойып, күнде болам тамаққа **ыдыс**, Ұйықтамаймын, осыным ба жақсы жұмыс? [43, 211 б.] мысалындағы ыдыс – ішіне әр түрлі нәрселер салып, ас-су құятын заттың жалпы атауы. «Ыдыс» сөзі көп дәуір, талай заманды басынан өткізіп барып қазіргі мағынасына ие болған. Сөздің өте ежелгі мағынасы тіпті басқаша болғандығын қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінен ғана білеміз. Якуттағы «ытыс», тувалардағы «адыш», тофалардағы «адыш» тұлғасындағы сөздердің бәрі қазіргі қазақ тіліндегі «алақан» мағынасының орнына қолданылады. Бұдан байқайтынымыз, адам баласының өте ерте заманда белгілі бір нәрсені сақтайтын алғашқы қуыс ыдысын алақанға ұқсатқандығы. Сондықтан да, алақанның алғаш «ыдыс» аталуына таңдануға болмайды. Бертін келе кейбір түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде «ыдыс» зат салатын атауға көшкен де, «алақан» жеке атау болып қалыптасқан. Сонымен, қазақ тіліндегі ертедегі «қол» мағынасын беретін «ыдыс» сөзінің ескерткіші есебінде – «уыс» сөзі тілімізде сақталып қалған [50, 101 б.].

Яғни, ыдыстың өзіндік қасиеті уәждеіліп, метафора болып пайдаланылған.

Торсық – сусын құю үшін ысталған теріден жасалынған шағын ыдыс. «Жан торсық» тіркесі жолға шыққанда сусын құйып, жанға байлап жүретін торсық мағынасын білдіреді [44, 212 б.].

Мұнда ыдыстың пішіні уәждеіліп, метафора ретінде қолданылып тұр: Буаз қатын секілді шартиганда, **Айран құйып шартиган бір жан торсық** [43, 151 б.].

Дүние – **жеу, жегізу майданы** екен, Жеңе алсам жеймін демей мен не дейін [43, 209 б.] мысалындағы майдан – соғыс қимылдары жүріп жатқан жер, аймақ. Ауыспалы мағынасы – белгілі бір іс-әрекет, еңбек саласы [44, 92 б.].

Зерттеуші Р. Сыздық бұл сөздің этимологиясы туралы мынадай дерек келтіреді:

Бұл сөзді қазіргі кезде көбіне-көп «ұрыс-соғыс болатын (болған) жер» деп ұғамыз. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі майдан сөзін: сұрапыл соғыс даласы, белгілі бір бағытта әрекет жасау үшін біріккен әскери күш, бір қолбасшының басқаруымен бірнеше армия құрамаларының қимыл-әрекет жасайтын ауданы деп түсіндіреді. Бұл сөздің соңғы екі мағынасы Ұлы Отан соғысы кезінде пайда болған, орыс тіліндегі фронт сөзінің баламасы ретінде алынған жаңа мағына екені көрініп тұр.

Ал бұрынырақ қазақ тілінде майдан сөзі әрі осы күнгідей, «ұрыс, шайқас орны», әрі «көгал» және «алаң» деген мағыналарда жұмсалған. Мысалы, «Қыз Жібек» жырында өлейін деп жатқан Төлеген алты қазды шақырып:

Қонар болсаң, жануар,
Міне, майдан, міне саз, -

дейді. Мұндағы майдан да, саз да «көгал жер, көкорай шалғынды жер» дегенді білдіреді.

Н.Ф. Катанов жинап бастырған қазақ мақал-мәтелдерінің ішінде «асылсаң – биікке, жығылсаң - майданға» деген мәтел бар. Мұндағы майдан сөзі де «ұрыс даласы» дегенді емес, «алаң» дегенді білдіреді. Майдан сөзінің осы күнгідей «ұрыс даласы» деген ұғымы да батырлар жырында жиі кездеседі.

Сөйтіп, майдан мен саз сөздерінің осы күнгі әдеби тілімізде норма емес, «көгал, көкорай шалғынды жер» және «алаң» мағыналары ескі жырлар мен мақал-мәтелдерде, сондай-ақ жергілікті сөйлеу тілінде кеңінен орын алған.

Майдан (егер өзі о бастан түркі сөзі болмаса) –парсы тілінен енген сөз, сөздіктердің көрсетуіне қарағанда, парсы тіліне араб тілінен енген [52, 147-148 Б.].

Сөйтіп, «майданның» «ұрыс-соғыс болатын жер» мағынасы уәжделіп, метафора болып қолданылған.

Ақ сәуле күміс жүзді, құндыз қабақ, Сен **гүлсің** иіс шашқан жарып сабақ. Болғанда көзің – **жакұт**, етің – **торғын**, Қасың – **ай**, шашың – **жібек**, мамық тамақ [43, 163 б.] және Талпынам асыққандай жігіттікке, Ұқсайтын жүзім **гүлге**, шаш сүмбілге [43, 192 б.] мысалдарындағы гүл – түрлі түсті, үлбіреген өсімдіктің жалпы аты. Ауыспалы мағынасы – сән, ажар, көрік [44, 690 б.]. Яғни гүлдің әдемілік қасиеті уәжделіп, метафора болып қолданылып тұр.

Жапанда бір **гүл** едім жеке біткен, Қызықты дүниеден өмір күткен[43, 155 б.] мысалындағы гүл – түрлі түсті, үлбіреген хош иісті өсімдіктің жалпы аты [45, 180 б.].

Гүл – араб, парсы мәдениеттерінде ерекше коннотацияға ие мәдени код. Гүл парсылардағы ғаламның тілдік бейнесінде әдеміліктің образы, қоғамдағы ең таңдаулы адам, итғашықтық объектісі ретіндегі сұлу қыз, әдемі сөз, адамның бұл өмірдегі жақсылықтарының бәрінің символы – гүл. Мұсылман әлеміндегі арабески деп аталатын кескіндемелер, миниатюралардағы гүлдердің бейнесін еске алайық. Мұсылман өркениетіндегі идеяларды білдіруде символдар туралы Л. Масиньон былай дейді: «Следует признать, что всякая мысль содержит в себе некий символ, и в этом смысле всякая мысль соответствует определенной

логической схеме. Абсолютно простой идеи нет, и именно поэтому мы стремимся выразить ее символом, построением. В литературе символами идеи выступают тропы... В исламской поэзии порождает прежде всего неодушевленность метафоры. Ее пытаются сделать нереальной. Метафора строится по нисходящей линии. Человек сравнивается с животными, животное к првилу – с цветком, а цветок с камнем: тюльпан с рубином, например». Сондықтан қазақ тіліндегі «жақсылар мен жайсандар» дегенді білдіруде парсы тілінде «себет бетіндегі гүл» /гул сәр сабад/ тіркесінің қолданылуы осыны көрсетеді [47, 268 б.].

Тамырына оқ атып, **Қызыл гүлді** солдырған Түсін суық, ажал-ай! [43, 105 б.] мысалындағы «қызыл гүл» тіркесі адам өмірінің жастық дәуренін білдіріп тұр.

Гүл – сұлулықтың, жастық шақтың, әйелдің, перзенттің т.т. адам баласына бұл дүниенің бар қызығының рәмізі, өмірдің сәні. Түркі халықтары секілді, ирандықтарда да қуаныштың, шаттықтың белгісі – қызыл түс. Маталардың ішінде мақпал, оның қызыл түсті мақпалды ең жақсы, қымбат мата деп бағалау да Шығыс халықтарында берік орын алған түсінік екенін парсы мақал-мәтелдері де аңғартады.

Қазақ тілінде де гүл бейнесімен барлық жақсы нәрсені байланыстыру бар. Гүл жастық шақтың, шаттық пен қуаныштың, сұлу қыздың, перзенттің, ғашық жардың символы болуы мүмкін. Сондықтан да қазақ тілінде де «бала – өмірдің гүлі», «қыз – өмірдің гүлі» деген паремиялар қолданыста бар. Алайда қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде қызыл гүл тіркесінің Абайдың бір ғана өлеңіндегі мағынасы келтірілген: Қызыл гүл. Ақын бұл жерде сұлу, жас қызды бейнелеп отыр. Ол жас ағаш, бір қызыл гүл, жапырағы жаңғырар. Сорлы Онегин, жолды өзің біл, Қай тарапқа қаңғырар (Абай). Қазақ әдебиетінде қызыл гүл образының Шығыс мәдениетінен сусындаған жыраулардың, қиссасыл ақындардың шығармашылығында кең өріс тапқанын байқаймыз. Абыл ақын (1777-1864) қолданысындағы қызыл гүл адам өмірінің ең жақсы, қымбат тұсын бейнелейді:

Басында миуа ағаштың сайрап бұлбұл,
Жігіттік өтер, кетер бір қызыл гүл.

Абыл ақын адамның жастық шағын – жігіттік кезеңін қызыл гүл символымен береді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858-1931) дүниетанымындағы қызыл гүл де жастық шақ идеясымен байланысты, бұл тіркестің мәнмәтінде жасару етістігімен қатар келуі мұны айқындай түседі:

Қызыл гүл жасарсайшы солып жатқан,
Өр нәрсе шағымызда болып жатқан.
Жақсылық ойлаңыздар, біздің халық,
Тастаңыз жамандықты толып жатқан.

Ақын елдің бас көтерер жігіттеріне қызыл гүл тіркесімен сөзін қарата сөйлейді, жастарды белсенділікке шақырып, толып жатқан олқылықтарға назар салуын сұрайды.

Қызыл гүл тұрақты тіркесінің Шығыстан келген көркем образдардың бірі екендігіне кезінде Р. Сыздықова мынадай пікір айтқан болатын: «...XX

ғасырдың бас кезіндегі нағыз қиссалар қазақ әдеби тілінің дамуында белгілі рөл атқарды: қоғамның мәдени-рухани өмірі мен діни ұғымдарға қатысты толып жатқан сөздер әкелді, ...қазақ тіліне көркем шығыс поэзиясының кейбір қонымды образдарын қосты, сол образдар арқылы жеке сөздер мен тұлғалар енгізді: бақта бұлбұл сайрау, қызыл гүл, дүлдүл, саф алтын, гауһар, маржандай тіс, інжу-маржан, ғибрат, ғанибет, аузынан дүр шашу, сахарадай кең, жер-жиһан, қаһарман т.т. сияқты» [47, 84-87 Б.].

Ағаш – бұтақты, жапырақты, қатты түбірлі көпжылдық өсімдік; жалпы ағаш атаулы [45, 16 б.]. Тал – майысқақ бұтақты, жіңішке жапырақты бұта, ағаш [45, 776 б.]. Төмендегі мысалдарда ағаш пен талдың өзіндік қасиеттері уәжделіп, бір-біріне қарама-қарсы мағынада қолданылған. «Қу ағаш» кәрілікті, «тал» жастықты білдіреді. Мысалы:

- **Қу ағаш** бола ма екен **талмен** күпу? Майысқан өрім талдай жас қыздардың Болмайды екі аяқты **малмен** күпу! [23, 60 б.] және Құдай тұрсын, ынсапты пендесі де Қоса ма **қу ағашқа** өрім талды? [23, 57 б.], **Қу соқыр жемісі жоқ ағашқа** еріп, Дүние мен ақыреті бірдей күйген [43, 40], Мен көрдім **соқыр ағаш** басын иген, Жаһаннамға кетеді оған тиген, Зәһәр деп **жас алманы** дұспан тұтып, Мисыздар ол ұрмақ деп барып сүйген [43, 40 б.].

Айтып кеткендей, «тал» сөзі жастықты, әдемілікті білдіреді. Бұл сөзімізді «тал шыбықтай» тіркесінің нәзік, талдырмаш мағынасында қолданылуы дәлелдейді [45, 776 б.]. Мысалы: Майысып солқ-солқ еткен өрім **талмын**, Жас **алма** пісіп тұрған шекер **балмын** [23, 52 б.].

Ақын қазақ өнерінің жойылудан сақтау қамын ойлаған. Оны мына мысал дәлелдейді: Қазақты **жансыз ағаш** қылып отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар [43, 309 б.].

Көңілге қиял қадар ала көрме, Болады **достың суы-достына бал** [43, 36 б.] мысалында айырылмас достықты білдіру үшін «бал» метафорасы қолданылған. Бал – гүл шырынынан ара арқылы алынатын қоймалжың келген, шипалы тәтті тағам. Ауыспалы мағынасы – тіл үйіретін, дәмді (тағам) [44, 67 б.].

Шоқпар – бір басы дөңкиіп жұмыр келген ағаш қару. Ауыспалы мағынасы – соққы беретін негізгі күш [44, 241 б.]. Мына мысалдарда «шоқпар» ауыспалы мағынасында қолданылған: Әкім деген – күштіге **шоқпар** деген Зорлығын істегенде күшсіздерге [43, 198 б.], Байлар мен үкіметке **шоқпар** болып, Жүргенін өз-өздерін ұрмақ үшін [43, 200 б.].

Тұрмыстың ұзын құрығы Бұрды ма түсіп мойныңды [43, 137 б.] және Ден сау болса, тұрмыстың Маған **салған құрығын** Бойлап алып кетермін! [43, 62 б.] мысалдарындағы құрық – жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық. Ауыспалы мағынасы - айла-шарғы, қулық-сұмдық. Сондай-ақ «құрығы ұзын» тіркесі айла-шарғысы мол, қулығы жетерлік, «құрық салды» тіркесі қолға түсіруге әрекет етті, ұстамақ болды мағыналарында жұмсалады [44, 547 б.].

«Құрық» сөзінің тұңғыш мағынасы өзгеше болғандығы жөніндегі мәлімет ертедегі түркі жазба ескерткіштері арқылы белгілі. М. Қашқари сөздігінде «арқанмен жерге тау иілмес, қайық теңізге бөгет болып, су иірмес» деген мақал

бар. Біз келтірген, «арқан» сөзінің орнына М. Қашқарида «уқрук» тұлғасы қолданылған. Қазіргі «құрық» аталатын құралдың басты бөлегі – ілмектеп жасаған арқан. Ерте кезде-ақ «уқрук» аталатын зат, сонымен жабдықталған құрал атауына көшіп, қазіргі қолданылып жүрген «құрық» қалыптасқан. Кейде арқаннан жасалған ілгекке де «уқрук» сөзінің атау болып көшкенін маньчжур тіліндегі «хурқа» (ілгек), моңғол тіліндегі «һурақа» (тұзақ) тұлғаларынан білеміз.

Тағы бір еске сала кететін жайт – ертедегі түркі тілдерінде «арқан» мағынасын- беретін «уқрук» - қырғыз тілінде қазіргі кездегі «құрық» мағынасына да қолданылып, сақталғандығын көреміз, «курук», «укурук» қалпында жарыса айтыла береді [48, 186-187 б.].

Милеттің түзелуі сіздерменен, Бұзып шық, солмай жылап, қалың **торды** [43, 20 б.], Сұлуды **тұрмыс торы** шырмап алған, Үзем деп Мұқандағы қарсы тұрмас [43, 152 б.] мұндағы тор – жіптен кереге көздендіріп, шаршылап тоқылған зат. Торға түсті – біреудің қармағына ілікті, қолға түсті; тор жайды – қолға түсіруге әрекеттенді, айла-шарғы істеді [44, 207 б.].

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігіндегі «торға түсті» тұрақты тіркесінің білдіретін мағынасы – еркінен айрылды, кіріптар болды, қамауға алынды [46, 506 б.].

Қармақ – қатты металл сымнан бір жақ басы ілмек тәрізді етіп иіп, ұшы үшкірленген, балық аулауға арналған қарапайым құрал. Сондай-ақ «қармағына ілінді» тұрақты тіркесі біреудің алдауына түсті мағынасын білдіреді [44, 101 б.]. Мына мысалдарда қармақтың аулауға арналған қасиеті уәжделіп, метафора болып қолданылған: Мұқанның жанын жейтін ауыр қайғы, **Қаптырған** Күләймеге **тұрмыс қармақ** [43, 151 б.], Елді, жерді бір майлы жем қылмауға, Қалаңның салған жауыз **қармағы** үшін [23, 224 б.] және Әділдік, ұлт деген сөз, дін деген сөз Залымның **жем** болмауға **қармағы** үшін [43, 203 б.].

Мен – **ұжмақ періштесі**, көңілім таза, Қандай нәрсе білмеймін бәле, **ұжмақтан жаңа шыққан** [43, 192 б.] мысалдарындағы періште – мифология мен діни ұғымдар бойынша, құдайдың әмірін жеткізіп тұратын, табиғаттан тыс мифтік көмекшілер. Ауыспалы мағынасы – кіршіксіз адал жан, таза адам [45, 675 б.].

Адамның қауқарсыздығы мына мысалда көрініс тапқан: Бұл күнде **аруақ** та бір, мен де бірмін, Тек қана сырт көргенде тірімін ғой [43, 153 б.].

Тұмар – жас бала не жаңа туған төлді көз тиюден, ауру-сырқаудан сақтайды деген ұғыммен ішіне құран сөзі жазылған, үш бұрышты мата не былғарымен тысталған дұғалық қағаз. Ауыспалы мағынасы – ең қастерлі, киелі зат [47, 273 б.]. Төмендегі мысалда «тұмар» ауыспалы мағынасында қолданылған: Жазылмаған, жатқа ұғып ел өлеңін, Бейне бір кеудесіне қылған **тұмар** [23, 213 б.].

Сұлу Қамар, акын Қамар, жаным Қамар, Қамаржан, сені ойласам, ішім жанар. Үлбіреген аузыңнан бір сүйгізсең, Ішкендей кәусар суын мейірім қанар... – дегендей өлеңдер сол маңайдағы бозбалалардың аузынан екі елі тастамайтын **тәсбиғы** еді [23, 23 б.] мысалындағы таспиқ – діни адамның Құдайға сиыну кезінде қолына ұстап санап, тартып отыратын моншақ

тізбектері [45, 787 б.]. Яғни, таспиктың қолына ұстап отыру ерекшелігі уәждеііп, метафора «аузынан тастамайтын» мағынасында пайдаланылған.

Атанды жау шапқанда бірге шауып, **Борсықтар** семіріп жүр көміп арды [43, 181 б.] мысалындағы борсық – сусар тұқымдас, қымбат терілі жыртқыш аң [45, 138 б.]. Бұл мысалда борсықтың семіздік қасиеті уәждеііп, метафора адамның жағымсыз қасиетін көрсету үшін қолданылған.

Кескекті туған **аюмын**; Кескілеспей басылман [23, 216 б.] мысалындағы аю – денесі үлкен, әрі икемсіз келген ірі жыртқыш аң. Ауыспалы мағынасы - ызбарлы, қаһарлы, адуынды, сұсты [44, 539 б.].

Түркі тілдерінің көбінде – айув, айығ, айыв, азығ, адығ, т.б. дыбыстық құрамда кездеседі. Аю сөзінің пайда болуы туралы ғалымдар көзқарасы әр түрлі. Аю өз атын бойына біткен кейбір қасиеттеріне байланысты алса керек. Ертедегі түрлі жазба ескерткіштерде: айығ – ашулы, жауыз; айын – қорқынышты, қауіпті мағыналарында кездеседі. Қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінде ай түбірлі сөздерде осы сияқты мағынаның сақталғандығы байқалады. Тува тілінде: айылдығ – қауіпті; хакасша: айдас – күшті, ірі, мықты мағынасында қолданылады. Дәл осы сияқты мағынадағы сөз сол іспеттес тұлғада моңғол тілінде де ұшырасады: аюул – қауіп, айх – қорқу, шошу [47, 33 б.].

Адам ұлы – **патшасы жер жүзінің**, Еңбегін сал, пайдалаң, шығар кенін [23, 214 б.] мысалында патша сөзі уәждеііп, «бағасы, құны артық, ең асыл, ең құнды, басқадан жоғары» [44, 640 б.] ауыспалы мағынасында қолданылып тұр.

Мына мысалда лауазымдық атаулар «өзіме-өзім иемін, не істесем де өз еркім» мағынасында жұмсалған: Өзім – **патша**, өзім – **хан**, Құя бер, міне, босады! [43, 119 б.].

Қағаз – жазуға, бір нәрсе орауға арналған жұқа зат [45, 446 б.]. Мына мысалда «қағаздың» жазу қасиеті уәждеііп, «мұра», «мирас» мағынасында қолданылғанға ұқсайды: Жазған **қағаз** кеудесі, қазағымның Сақталған жоғалса да ерте **көзі** [23, 213 б.].

Бұл сөзімізді осы мысалдағы «көз»сөзінің қолданылуы дәлелдейді. Көз – өткеннен қалған нәрсе; біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ [45, 404 б.].

Кітап – баспадан түптеліп шығарылған мәдени рухани қазына [45, 441 б.]. Газет - саяси-әлеуметтік өмірден мәлімет беріп отыратын мерзімді баспасөз [45, 173 б.]. Пошта – хат, ақша, газет-журнал, т.б. заттарды бір жерден екінші жерге жеткізу ісімен айналысатын мекеме [45, 678 б.]. XX ғасыр басында шығып тұрған «Айқаптың» қанатын кең жайып, кеңінен тарауына С. Торайғыровтың қосқан үлесі бар екенін ескерсек, мына мысалда ақынның жан-жақты болуына талап қойылған сияқты: Ақынның **кітап** та өзі, **газет** те - өзі, **Пошта** да - өзі: таралар айтқан сөзі [23, 213 б.].

Біреуі Бидахмет Сәрсенұлы, Ыңғайлы, **қырғиға** ұқсар көрсең түрі [23, 148 б.] мысалындағы қырғи – имек тұмсық, өткір тырнақты қарлығаштың бір түрі [45, 560 б.]. Мұнда қырғидың ұшқырлық, алғырлық қасиеті уәждеііп, метафора ретінде қолданылған.

Сол сияқты қаршыға құстың ұшқырлық, өткірлік қасиеті уәждеіліп, сол қыран құсқа баланған мысалды келтірейік: Меніңше, Ермеков деген бала, Ұқсайды ұшқыр қыран **қаршығаға** [23, 140 б.].

Төмендегі мысалда осы «қаршығаның» жыртқыштық қасиеті уәждеіліп, метафора ретінде келген: Билердің ауыздығын алып қойды, Әркімге **қаршыға** қып салып қойды [43, 276 б.].

Теңіне теңелем деп жүргендердің Талайын қара **қарға** қылған жауыр [23, 30] мысалындағы қарға – қара немесе сұр қауырсынды тамақ талғамайтын еті арам құс [45, 484 б.]. Бұл мысалда қарғаның өзіндік қасиеті уәждеіліп, метафора жағымсыз мағынада жұмсалып тұр.

Мына мысалда қыран құстың батылдық, қайраттылық қасиеті және сұқсыр үйректің жексұрындық қасиеті уәждеіліп, адамдардың бір-біріне тең емес екенін білдіріп тұр: Не шара, айтқан сөзім ем болмаса, **Сұңқар** мен **сұқсұр үйрек** тең болмаса [23, 30 б.].

Міне, сонда мейлің **бұлбұл** бол, мейлің **дүлдүл** бол, 21 сағаттың жартысы 10 сағат оқытатын шамаң бар ма? [43, 307 б.] мысалында **бұлбұлдың** сайрауқасиеті мен **дүлдүлдің** жүйріктік қасиеттері уәждеіліп, метафора ретінде келген.

Құзғын – көбіне өлексені жемтік ететін қарға тұқымдас құс. Ауыспалы мағынасы – жауыз, озбыр, қанішер [45, 534 б.]. Мына мысалда «құзғын» «жалмауыз, тойымсыз» мағынасында қолданылған: Балам десең, шешетай, Маңыма **құзғын** жинама [43, 147].

Мына мысал да молдалардың «жалмауыз, тойымсыз» екенін дәлелдейді: Білмесе де әлхамның ғибарасын, **Жемтік көрсе** молдамын деп тістей қату [43, 22 б.].

Енді «ит» сөзімен келген метафораларды келтірейік. Иттің тура мағынасы – қасқыр тұқымдас сүтқоректі үй хайуаны. Ауыспалы мағынасы – оңбаған, жауыз [45, 358 б.]. Бұл сөздің ауыспалы мағынасына қарап отырсақ, қазақта итті жеті қазынаның бірі санағанымен, жағымсыз мағынада жұмсалады екен. Мұны мына мысалдардан аңғаруға болады: Бармаймын матаса да, байласаң да, Кәрі **итті** алтын жағып майласаң да [23, 56 б.], - Бас салып елге келсе ұстап берем, Ол **иттің** залымдығы асты, - деген [43, 276 б.] және Белгілі: қазақта ондай залым адамдардың өзіне қауіптілеу орынды күзеттіріп, сорпа-сумен алдап қоятын **иттері** болатын. Сол арсылдатып қойған **иттерінің ең басты төбеті** – біздің Оспан би еді [23, 39 б.], сол сияқты Нұрымның қасындағы **төбеттер**: - Біз мұндай қорлықты қайдан көріп едік?.. деп бұлқынайын десе, Нұрым әлгі Оспанның тартып ал деген сөзіне түсініп, баса берді [23, 62 б.].

«Қойшы, деп есіктегі иттің сөзін», Әр жерде **ит** есепті саналғанға [43, 225 б.], «**Ит** едім, байлық мені кісі қыл» деп, Адамның несі адам болған жерік [43, 195 б.] мысалдарындағы ит метафорасы «жалшы, малай» мағынасында қолданылған. Яғни, иттің есік алдында жатып, үйді күзетіп, иесіне бағынышты болу қасиеті уәждеіліп, метафора жасалған.

«Ит» сөзінің этимологиясына келсек, бұл үй хайуаны өз атауын тұла бойына біткен қасиетіне орай алған. Тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің

көбінде «иит», «иитмэт» сияқты тұлғалар «ырылдау», «тісін қайрау» мағынасында қолданылады [50, 46 б.].

Тілімізде төбет сөзі де қолданылады. Төбет – үлкен арлан ит. Ауыспалы мағынасында - «жексұрын», «оңбаған». «Көк төбет» тұрақты тіркесі құдай атқан, озбыр мағынасында айтылады [44, 227 б.].

«Төбет» сөзінің этимологиясына келетін болсақ, бұл сөз ірі ит, үлкен ит мағынасын білдіреді.

Әдетте, жануарларды еркек, ұрғашы деп бөлгенде, алғашқысы соңғыға қарағанда ірілеу болуы – жаратылыс заңы. Ірілік, үлкендік мағынасын беретін монғол тілінде «тойв», «томо» сияқты сөздер бар. Біздің топшылауымызша, сол сөздердің бірі, айталық – тойв тіліміздегі ит сөзімен тіркесу нәтижесінде қалыптаса келіп, төбет тұлғасы пайда болуы ықтимал. Тіркестен кейін біріге бастаған сөз түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігі заңдылықтарына бағына отырып, «в» дыбысы «б», «й» дыбысы «е» дыбысына өзгерген. Демек, тойв + ит > товит > төбет схемасы арқылы қалыптасу жолын көруге болады [48, 276 б.].

Ұялмай оны қостап өңшең **күшік**! Жапырылып, ыңғайына ұшып түсіп [23, 60 б.] мысалындағы күшік – иттің және ит тұқымдас жыртқыш аңдардың баласы [45, 436 б.] . «Иттің» жағымсыз мағынада жұмсалғанына қарағанда, мына мысалда да «күшік» сондай мағынада жұмсалған.

Есек – жылқы тұқымдас, аласа бойлы, ұзын құлақты күш көлігі. Ауыспалы мағынасы – ақымақ, миғұла, кеше [45, 235 б.]. Төмендегі мысалдарда есектің қырсықтық, ақымақтық қасиеті уәждегіліп, ауыспалы мағынасында қолданылған: **Есекке** еп білмейтін зарлап қосып, Жүрмісің бәлі тілеп, ажал тосып? [23, 55 б.], Ұрынуға қара таба алмай, ермек қылуға жара таба алмай жүрген өңкей **есектер** солай екен деп қоя қою қайда? [23, 36 б.], Бір күн тойса **есектер**, Ми жоқ алдын есептер, - деп, тойған тоққа, жиылған топқа буланысып, лепіріспеген жан жоқ еді [23, 48 б.] және Еріксіз бір **есекке** қостың елім, Дүниеде не қорлық бар онан ауыр? [23, 49 б.], «Ата-бабаларыңыз да айтқан екен: «Есеп білмеген **есек**» - деп, өзіңмен тұрмай балаларыңды да **есек** қылғың келсе, тіпті, оқытып не қыласың?» - деп, көптің көзінше ұялтып сөгіп тастады [43, 304 б.].

Тұратын **мал** емеспін тоққа алданып, Ұшатын **қарға** емеспін боққа алданып [23, 55 б.] мысалындағы мал – төрт түлік үй жануарлары [45, 578 б.]. Бұл мысалда үй жануарларының өзіндік қасиеттері уәждегіліп, «ақымақ емеспін, санасыз емеспін» мағынасында жұмсалған.

Өткен ғасырларда әке-шешесі қыздарын малға сатқанын білеміз. Оны XX ғасыр басында жарық көрген көптеген шығармалардан оқығанбыз. Қазақ халқының негізгі күн көрісі мал екенін ескерсек, «мал» сөзі сонымен қатар «дүние, мүлік, дәулет» мағынасын да береді [45, 578 б.]. Сондай мағынада жұмсалған мына мысалдарды келтірейік: ... Қыздың байы **мал** екен-ау! – деп аяп, қабырғалары қайысып, көздеріне жас алды [23, 44 б.], Бұл күнде адамды емес, **малды** сыйлап, Әркім-ақ орын береді оған төрден [43, 148 б.], Шал болсын, пасық болсын, сасық болсын, Сата бер, әйел заты – **мал** деген жоқ [23, 56 б.].

Сол сияты «Қыздың байы **бес байтал**» деген рас, Сорлы қыз, әке салса, малша көнбек [43, 151 б.] мысалы да жоғарыдағы сияқты мағынада жұмсалған.

«Мал» метафорасы «надан, ақылсыз» мағынасында жұмсалған бір топ мысалдарды келтірейік: Күйеуі мал төлеген **малдың бірі**, Ақ үрпік балапандай көрсең түрі [43, 151 б.], Біреуге мал мен бақты үйіп беріп, Ақылсыз **екі аяқты мал** қылғаның [23, 27 б.].

Тілімізде «мал» сөзімен қатар «жануар» сөзі де қолданылады. Оның да мағынасы – ақымақ, санасыз. Ақын тілінде «жануар» метафорасы қолданылған мысалдарды келтірейік: Тез бір-екі **жануарды** өкіл сайлап, ауызбен: алды, берді, тигізді, сүйгізді... [23, 54 б.] және Мен адам, сен **жануар**, ал қалайша? Қайтейін, түсінбесең жамандығың! [23, 52 б.], «...Өздерінен өздері қобалжысып қайын атасының інісі – саңырау Жүсіп деген **жануарға** ықтиярсыз басып тигіземіз деген соң, қорадан қораға қашып тығылып, зар еніреп жүр» [43, 311 б.], сондай-ақ ...Нұрымның зұлымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былшбылш насыбай, ішпей мас, әрі нас елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай формының өзі сұпсуық бүйі секілді түксиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы **жануар** еді [23, 39 б.].

Қыздарын теңге бермей, малға беріп, Қазақты қара көңіл **аң** қылғанын [23, 27 б.], Мас болған дау-жанжалмен әлгі **андарға**, Ұсынған әр тараптан оқты көрдім [43, 44 б.], **Андардың** мұнан ешбір хабары жоқ, Көз салып жан-жағына бағары жоқ [43, 44 б.] және **Андар** тұр от пен судың арасында, Сахараның әр жердегі даласында [43, 45 б.] сияқты бір топ мысалдарда «аң» да «мал», «жануар» тәрізді «надан, топас» мағынасында жұмсалған.

Байқауымызша, тілімізде топас, надан, ақымақ адамдарды малға балау көп кездеседі. Соның дәлелі ретінде мына мысалды келтіріп кетейік: Қасен жігіттердің көлденең килігіп, сөзге түсінбей, осынша бүлініп, бүлік іздеп тұрғандықтарына күйіп кетіп: «Кет деген соң кетіндер! Ахметтің сендер садағасына да жарамайсыңдар», «Теңіне тегін бер» деген, Қамар – Ахметке лайық, жұмыстарың болмасын...» деп ұрсып-ұрсып әлгі мұрындықсыз **өгіздерді** де, у-шуға жиналған бала-шағаны да ыдыратып жіберді. шағаны да ыдыратып жіберді [23, 36 б.], сол сияқты Міне, Қамардың таяқ өтіп жалынғандығына үйдегі өңкей мисыз **өгіздер:** - Әйда-ай! Құдай берді! Қамар жазылды! Дерттің иесін біздің бақсының жыны жеңді, - деп мәз-мәйрам болысты [23, 75 б.], - Тыңдамасаң, әрі кет мыңқылдамай, Жүк артқан **өгізге** ұқсап ыңқылдамай [23, 58 б.], Тапқызбай оқу, өнер ұрпағыңды, Бақташы **өгіз** қылдың **малдарына** [43, 20 б.] және Мен өтпей-ақ табылар байларға **өгіз**, Толып жатыр, көзіммен көрдім кеше [43, 234 б.], Байларға **өгіз** болып өту үш3н, Дүниеге шыныммен-ақ келгенім бе? [43, 225 б.].

Төмендегі мысалда да «надан, топас» мағынасында «шошқа» сөзі пайдаланылған:

Нәпсінді шұғылдандыр, жатпа босқа, Ашуды қой, серік бол ақыл – досқа. Егер де бетіменен қоя берсең, Сені ол шұғылдандырып қылар **шошқа** [43, 28 б.].

Бұл мысалда да жоғарыда келтіріп кеткен «мал», «аң», «жануар», «есек», тәрізді «топас» мағынасында «өгіз» метафорасы қолданылған.

Сол сияқты, Естісе, әкең **азбан** қырына алар, Басыма арылмастай пәле салар [43, 123 б.] мысалындағы азбан – бұрын үйірге, күйекке, келеге түсіп, кейіннен кестірілген еркек мал [45, 20 б.]. Бұдан аңғаратынымыз – жоғарыдағы мысалдардағыдай, «малдың» топастық қасиеті уәждегіліп, «жануарлар» тобын осы бір мысал да толықтырып тұр.

«Қасқырдың» ауыспалы мағынасы – жауыз, жыртқыш [45, 491 б.]. Оны мына мысалдан көре аламыз: Ақылмен алды-артыңды шолып алмай, Қарны ашқан **қасқырға** ұксап қойға шаппа! [23, 29].

Ал мына мысалда «қасқыр» метафорасы «пысық» мағынасында жұмсалған: Тегінде делегаттар елден барған, Бәрі де ел билеген **қасқырлардан** [23, 147 б.].

Тіл - жан-жануар мен адамның дәм сезетін, үн шығаратын, адамның сөйлейтін ауыз қуысындағы негізгі мүшесі [45, 844 б.]. Тіл – пікір алысудың негізгі құралы болғандықтан, мына мысалда «хабар» мағынасында жұмсалған сияқты: Үйдегі тілмаш Петька Күлтайды аяп, Әнуардан әкеп тұрды хат пен **тілді** [43, 282 б.].

Жалын ауыспалы мағынада - күш-жігер, қайрат [44, 595 б.]. От – түрлі материалдардың: ағаш, көмір, т.б. жарық пен қызу шығарып жануы [44, 481 б.]. Мына мысалдарда оттың жарық пен қызу шығарып жану қасиеті уәждегіліп, «күш, қуат, жігер, қайрат, қажыр» ауыспалы мағынасында метафора ретінде жұмсалған: Жан сәуле, кеуде күйген, жүрек **жалын**! Кеудем **от**, жүрегімнің байқа халін?! [43, 163 б.].

Кірме фразеологизмдердегі қатты қайғының эмоционалдық образы жүрек лексемасының төңірегіне топтасатын жүрегіне дерт түсті, жүрегіне жара түсті, жүрегі дертті фразеологизмдерінен де көрінеді. Бұл кірме фразеологизмдер қайғы, қасірет секілді жағымсыз эмоциялардың шығыс халықтарының менталдық әлемінде, түсінігінде мынадай метафоралық модельдер түріне көрінетінін айтамыз: қайғы-дерт, от, жара, қызған темірмен жүрекке басылған таңба. Шығыс әдебиетінде ғашықтық, махаббат секілді жоғары сезімдерді қайғы, қасірет секілді жағымсыз эмоциялармен байланыстырады. Осыдан келіп шығыс мәдениеттерінде де ғашықтық, махаббат сезімдерін от, дерт, жара образдарымен береді [47, 276 б.]. Мұны біз ақын тіліндегі мына мысалдардан көре аламыз: Ғапу қыл, байқатпайды **ғашық оты**: Аз ғана күн әурелен деген ісім [23, 34 б.] және Амалсыз арды түйіп қалам алдым: Кеткен соң **ғашық оты** бойымды алып [23, 26 б.], сол сияқты Ол Ахметтің қорқақтығынан, я ынжық, жамандығынан емес, **ғашық оты** күйдірсе де, ақты қаралауға ішкі батылымның бармағандығымнан, жүрегінің тазалығынан еді... [23, 26 б.].

Дүние менің үшін жаралғандай, Өзім соның **кіндігі** саналғандай [43, 210 б.], Әрбір жан дүниеге өзін **кіндік** Қылмақшы, табылар ма мұнан бірлік [43, 197 б.], **Кіндік** болып мал менен жанды өсірген Жаз жалау, күзгі күзек, қысқы тебін [23, 204 б.] мысалдарындағы «кіндік» көп мағыналы сөз: 1) адамның (немесе малдың тұқымы) іште жатқан баласы қоректенуге және дем алуға әрекет жасайтын түтік тәрізді мүше; 2) қарынның ортасындағы шұқыр жер, кесілген

кіндіктің орны; 3) арбаның төстігі мен бел темірдің, сондай-ақ сағат, диірмен тастарының ортасындағы өзектік темір; 4) ауыспалы мағынасы – белгілі бір ел, мемлекет не ұйымға тән орталық [44, 407 б.]. Алғашқы мысалдарда кіндіктің өзіндік ерекшеліктері уәжделіп, «негізгі адам» мағынасында қолданылғанға ұқсайды. Екінші мысалда кіндіктің қоректендіру қасиеті уәжделіп, метафора ретінде жұмсалған.

«Удың» ауыспалы мағынасы – қайғы-қасірет, мұң-зар [45, 849 б.]. Қу – айлакер, амал тапқыш [45, 527 б.]. Мына мысалда ақынның өмірден түнілгенін көруге болады: Дүние бәрі у екен, Мені алдайтын қу екен [43, 87 б.]. Сонымен қатар «қу» ауыспалы мағынасында «опасыз, баянсыз, жалған» дегендерді білдіретіні еске түседі.

Білімсіз талант **тас** екен, Өмірің үшін қас екен [43, 87 б.] мысалындағы тас – таулы жерлердегі қатты кристалл жыныс, соның үлкенді-кішілі бөлшектері [45, 787 б.]. Яғни, «тастың» қаттылық қасиеті уәжделіп, «сезімі жоқ» мағынасында келген.

С. Торайғыровтың қанша рет талпынса да, материалдық жағдайының төмендігіне, денсаулығының нашарлығына байланысты оқуын жалғастыра алмағанын ескерсек, мына мысалдан жәрдемшінің, қол ұшын беретін көмекшінің жоқтығынан оқуды машинаға балап тұр: Туыссыз құр оқуға сүйенгендер, **Винті жоқ құр май құйған машинамен тең** [23, 144 б.]. Ал қандай техника болсын бір бөлшегі жетіспесе, жұмыс істемейтінін біз жақсы білеміз.

Ал мына мысалда ақын өлең жырды машинаға балап отыр: Көңілді түзейтін **машина** өлең жыр дедік. Ол **машинаның** тетігін біліп сайратып, есіткендердің аузынан суын ағызып көңілдеріндегі уын шығаратындар кім?! [43, 308 б.].

Жан біткен **қымыз бенен еттің құлы**, Ел оны еркелетпей қойсын неден? [43, 246 б.], **Тамақтың құлы** болған қызыл ауыз, Аласысыз өшігер, иттей талар [43, 123 б.] және **Құлқынның құлы** болып ардан безген, «Халқым» деген басшының ісі сол ма?! [43, 174 б.] мысалдарындағы құл – бір нәрсеге табынушылық, соның жетегінде кетушілік [45, 536 б.]. Демек, «құл» метафорасы «тамаққа тәуелділік» мағынасында келген.

Айна – алдында тұрған заттың бейнесін дәл көрсете алатын тегіс, жылтыр шыны [44, 99 б.]. Төмендегі мысалда ақын жазған мысалын оқып адамдар өзін тани алсын деген мақсатпен «айна» метафорасын қолданған. Яғни, айнаның алдында тұрған заттың бейнесін дәл көрсете алу қасиеті уәждеделген: Құрылған надандарға мысал – **айна** Не шара соқыр болса көңіл көзі [43, 297].

Ту – жеке бір мемлекетке, топқа арналып, белгілі бір түсті матадан жасалған ұзын сапты жалау. Ту байлады (тікті, көтерді) тіркесі халықтың басын қосып, ерлікке шақырды мағынасын білдіреді [45, 819 б.]. Мына мысалда «ғылым туы» метафорасы халықты оқуға шақырды мағынасында жұмсалған: **Ғылым туын** қолға алып шықса біреу, Бұзық келді, болды-ау заман ақыр дейді [43, 149].

Жігіттің бұл күндегі Абылайы, Не керек, бақ байлайтын бір қысқа қол,

Талабы, бар ынтасы зор оқымақ, Үлгілі үлкен городтан білім алмақ [43, 151 б.] мысалындағы қазақ тарихында ойып тұрып орын алатын хандардың бірі – Абылайдың жақсы қасиеттері метафора жасауға негіз болған.

Ақынның неліктен бұл метафораны қолданғанын түсіну үшін Абылайдың өмірі мен қайраткерлік жолын келтіріп кетуді жөн көрдік.

Абылай хан (Әбілмансұр) – қазақтың ұлы хандарының бірі, аса көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломат.

Үйсін Төле бидің түйесін бағып жүріп, Сабалақ деген ат алады. Алайда көреген дана би Сабалақтың жай тұқымнан емес екенін түсінген. Осы кезден-ақ оның бойынан ірі қайраткерге тән қасиеттер байқала бастады. Ақылымен, батырлығы, табандылығымен көзге түседі. Сабалақ ер жеткен шағында Төле биге сәлем бере келген Бөгенбаймен танысады. Бөгенбай адамның да, малдың да асылын бір көргеннен таниды екен. Бөгенбай Сабалақты көргенде:

Шырағым-ай, көзін отты бала екенсің!

Мінезін қазақтағы хан екенсің,

Жазға салым қалмаққа аттанамыз,

Соған да керек болар жан екенсің! –

деп батасын беріп, астындағы Нарқызыл атты тұлпарын сыйға тартқан.

Жиырма жасар Әбілмансұр қалмақтың батыры Шарышты жекпе-жекте жеңіп шығады. Содан кейін қалмақтың қалың қолына «Абылайлап» ұрандап, қарсы шабады. Қазақтар аруақтанып жауын жеңеді. Қалмақтың қас батырын жеңген Әбілмансұрдың аты кең-байтақ қазақ даласына тарап, енді оны «Абылай» деп атап кетеді. Абылай өз заманының көреген де ақылды саясаткері, даңқты батыры, өткір ойлы, дарынды дипломаты болған. Ол сонымен қатар мұсылмандық білім алған сауатты билеуші болды [58, 120-121 Б.].

Өнер-білім, адалдық, ар-намысты, Жоятын надандық қой емсіз **індет** [43, 159 б.] мысалындағы **індет** – жұқпалы ауру, кесел, дерт [45, 951 б.]. Бұл мысалда ақын адамның өсіп-жетілуіне негіз болатын сауаттылықты, адамгершілік қасиетті көзін құртатын надандықты емделмейтін дертке балап тұр.

XX ғасыр басында жасаған ақындардың басты мақсаты – өз шығармалары, іс-әрекеттері арқылы ұйықтап жатқан елді оятып, көзін ашып, оқуға шақыру болды. «Оян, қазақ!» деп ұрандатқан М. Дулатов сияқты С. Торайғыров та бұл идеяны ұстанған. Бұның дәлелі ретінде ақын тілінде кездесетін мына топ мысалдарды келтіруге болады: Бұл **ұйқысын ашпаса**, Надандықтан қашпаса, Басқаларға мазақ тұр [43, 17 б.], **Ұйқысын аш**, көңілін аш, Алға қарай барып қал [43, 18 б.], Біз де сол жұрт не болса, боламыз деп, Сахараның **ұйықтай бердің** даласында [43, 19 б.], Серпілмей тағы біраз **ұйықтай түссек**, Басқаның құл болармыз қаласына [43, 19 б.], Кейіміз халық **ұйқысын ашам** дедік, Ұмтылып ілгері аяқ басам дедік [43, 24 б.] және Өткендер қақсағанмен қайта келмес, **Көз ашып**, сөз қосатын уақыт жетті [43, 21 б.], Оқыған жастарының арқасында **Көз ашты** көрші жұрттың халықтары [43, 24 б.], **Көңіл менен көзді ашып** Уанта көр, құдай-ай! [43, 31 б.].

Халқы үшін өмірлерін қиған ақын-жазушыларымыздың еткен еңбектері босқа кетпейді деп сенеміз. Оның дәлелі – асылдарымыздың шығармаларын

зерттеп, оны дүйім жұртқа паш етіп жүрген ғалымдарымыздың еңбектері. Біз де өз тарапымыздан қазақ ғылымына кішкентай болса да үлесімізді қосуды мақсат етіп отырмыз.

«Дәрі» сөзі ауыспалы мағынада «жанға жайлы, ем-шипа» мағынасында жұмсалады. Осылай зиярат қып жұрттың бәрі, Аузыңнан шыққан сөзің болып **дәрі**, «Мырзеке, ие солай!» деп бас изесе, Тәштиіп таңауыңды онан әрі [43, 52 б.], Дәулетті өнер табуға жол даярлап, Болса да аузы қисық сөзі **дәрі** [43, 228 б.].

Магнитің түстік жерден қонақ бұрып, Әдейі сәлем үшін бұрыс жүріп, Бай, кедей, жақсы, жаман, төре, қара Жапырылып ыңғайына бәйік тұрып [43, 52 б.] мысалында магниттің заттарды өзіне тартып алу қасиеті уәждеделген.

Қорытындылай келсек, XX ғ. басында өмір сүрген С. Торайғыров шығармаларының тілінде семантикалық тәсіл арқылы жасалған метафоралар көп кездеседі. Бұл жағдайда бір заттың аты, есімі басқа затқа белгілері ұқсас болғандықтан ауысады.

Ақын тіліндегі метафоралар сөзжасамның түрлі тәсілдері арқылы жасалған. Әсіресе семантикалық тәсіл арқылы жасалған метафоралар көп. Қай тәсілмен жасалған метафоралар болсын әдеби тілімізге қосылып, лексикамызды байытуға көп септігін тигізді.

2.3 С. Торайғыров шығармалар тіліндегі метафораның семантикасы

Тілдің ішкі мүмкіндігі арқылы сөздік қорды молайтып, тілге үнемі қосылып жатқан күрделі аталымдардың бәрі де белгілі бір заңдылықтармен қалыптасып, сөзжасамның түрлі тәсілмен жасалып, тілдің лексикалық қорынан орын алады. Тілдік бірліктердің екі жағы болатыны белгілі құбылыс. Бірі – сыртқы тұрпаты, екіншісі – ішкі мағынасы, мәні. Сөздің мағыналық жағы семасиология саласымен байланысты. Туынды сөздердің лексикалық мағынасы – семантикалық бөлшектерден туындайды. Туынды сөздің құрамындағы белгілі семалық бөліктер бүтін сөздің лексикалық мағынасын құрайды [34, 39 б.].

Семантика (грек. *semantikos* таңбалаушы, білдіруші) – тіл және тіл бірліктері арқылы білдірілетін хабарды, заттар мен құбылыстардың мән-мазмұнын зерттейтін тіл білімінің саласы, семиотиканың негізгі бөлімдерінің бірі. Семантика сөз мағынасын, сөз құрамындағы элементтердің өзара мағыналық қарым-қатынасын, сөз мағынасы түрлерінің даму заңдылықтарын зерттейді.

Семантика ғылым ретінде XIX ғ. екінші жартысынан бері В. Фон Гумбольдт идеясының негізінде Х. Штейнталь, А.А. Потебня, В. Вундттың күрделі еңбектері жарық көрген соң дами бастады [59, 278 б.].

Метафораларды ғалымда әр түрлі топтастырады. Ғалым Б. Хасанов зат есім метафораларын адамға қатысты метафоралар, жануарларға, құс, өсімдік, географиялық байлықтар мен табиғи құбылыстар, географиялық ортаға, жер-суға байланысты метафоралар, тұрмысқа қажетті құралдар мен жиһаздар, матаға байланысты туған атаулар, тамақ атаулыға қатысты туған метафоралар түрлеріне топтастырады. А.С. Сыбанбаева концептуалдық метафоралар

түрлеріне соматикалық, өсімдіктер, географиялық орта, жер-су, тұрмысқа қажетті құралдар, тамақ, туыстық және адамның жас ерекшелігі атауларын топтастырады. Метафора когнитивтік, номинативтік, көркем мағына тудыру қызметін атқарады [2, 14 б.].

Тілдегі белсенді сипатына қарай әмбебап құбылыс деген бағаға ие болған метафора ойлаудың бір құралы ретінде тілдің бүкіл жүйесінде кеңінен қолданылады.

«Әлемнің тілдік бейнесі – қатысым әрекетінде ойлау, шынайы болмыс және тілдің өзара байланысынан туындайтын өнім» - болғандықтан, метафоралау ойды бейнелі жеткізу, жаңа ұғымдарды қалыптастыру, оларға атау беру әрекеттерінде әр қилы көрінеді.

Тіліміздегі аталым бірліктерінің жасалуында метафора белсенді қызмет атқарады. Бұл тілдік құбылыстың аталымдық қызметі екіншілік бірліктердің ішкі мағыналық құрылымы ерекшеліктеріне қарай метафоралардың түрлеріне әкеледі. Сөздердің ішкі мағыналық құрылымының түзілуіне байланысты аталымда тілдік метафоралардың түрлері қалыптасады.

Тілдік метафоралардың түрлері туралы тіл білімінде әр түрлі пікірлер бар. Олардың әртүрлілігі метафораның тілдік сипатын әлі де болса терең зерттей түсетін тақырыптардың бірі екенін дәлелдей түседі. Метафора – адам танымымен, ойлауымен, әлем бейнесін тіл арқылы суреттеумен байланысты когнитивтік құбылыс. Бейнелілік – метафораны түсіндіруші, оның уәжділігін айқындаушы қасиет.

Метафоралы жасалған аталымдардың бейнелілігі олардың ішкі мағыналық құрылымынан көрінеді. Тілде жиі қолданылуынан олардың бейнелілігі, яғни ішкі мағыналық құрылымы өзінің алғашқы айқын сипатынан алшақтай бастайды. Ішкі мағыналық құрылымның осы сипатына қарай метафораларды В.П. Москвин төмендегідей жіктейді: «1) образные метафоры, которые в полной мере сохраняют двуплановость содержания и, соответственно, свою внутреннюю форму; 2) стертые метафоры, находящиеся в процессе утраты такой двуплановости; их внутренняя форма ощущается уже не всеми носителями языка; 3) мертвые (лексические, лексикализированные, сухие, угасшие, окаменевшие) метафоры, в процессе использования утратившие свою внутреннюю форму и соответственно, двуплановость содержания». Осы жіктемеден метафоралардың аталым жасаудағы қызметі, түрлері олардың бейнелілігіне байланысты көрінеді.

Тіл білімінде метафора процесс ретінде және де сол процестің нәтижесі ретінде қарастырылады. Осы жолмен жасалған аталым түрлері процестің өту сипатына және атау берілер нысанға, оның қасиетіне байланысты. Сонымен қатар, «Метафораның лингвистикалық теориясы тек оның лексика-семантикалық ерекшелігін ғана емес, бұл құбылыстың функционалды-семантикалық сипатын да есепке алуы қажет». Ғылыми әдебиеттерде, метафораны көркемдік құрал ғана емес, тілдік құрал ретінде қарастырған еңбектерде олардың семантикалық сипаты немесе қолданымдық ерекшеліктері басты нысанға алынады.

В.Г. Гак метафораланудағы мағыналық процестер сипатына қарай: толыққанды метафоралар және жартылай метафоралар деп қарастырады. Толыққанды метафоралардың мағынасына тура мағына толығымен енеді, ал жартылай метафораларда тура мағынаның бір бөлшегі ғана себепші болады деп көрсетеді.

Н.Д. Арутюнова тілдік метафоралардың қолданымдық сипатына қарай: 1) атауыштық метафоралар – заттардың ұқсастығы нәтижесінде ауыспалы мағынаға көшкен метафоралар; 2) бейнелі метафоралар – бір заттың сыртқы бейнесінің екінші бір затты елестету арқылы жасалған метафоралар; 3) когнитивтік метафоралар – танымдық мақсатта, яғни белгісіз жаңа ұғымдарды атау мақсатында туындаған метафоралар; 4) жалпылауыш (генерализирующая) – когнитивтік метафоралардың тілде берік атау болып қалыптасуына байланысты туындаған метафоралар деп жіктейді. Н.Д. Арутюнова атауыштық метафоралардың нысандарды атауда олардың өзге затпен қызметі немесе көзге көрінетін сыртқы пішіні ұқсастығына негізделетінін айтады. Осылай жасалған атаулар затты ұқсастығына қарай нақты атап көрсетеді де, олардың мағына негізділігі, яғни уәжділігі дау тудырмайды. Атауыштық метафоралар бейнеліліктен оқтылуға тырысады. Қазақ тілінде жан-жануар, өсімдік атаулары, қоғамдық өзгеріске байланысты терминдер өзге нысандарға қызметі, түр-түсі, пішіні ұқсастығына орай туындап жататыны байқалады.

Н.Д. Арутюнова бейнелі метафоралар идентификациялаушы метафоралар, яғни олар заттарды нақтылап, жекелеп көрсетеді дейді. «Аппелируя к интуиции, метафора этого типа оставляет адресату возможность творческой интерпретации. И в этом замечен перенос в сферу предикации семантического принципа, действующего в сфере идентифицирующей лексики». Бейнелі метафораларға бейне түзуші денотаттық қасиеттері себепші болады. Метафораның бұл түрінде сипаттаушылық қасиет басым болады. Жалпы қолданыста атаулардың бастапқы ашық бейнелелігі солғын тарта бастайды. Атауыштық метафораларға қарағанда бейнелі метафоралардың бейнелелігі айқын және мұндай метафоралар ұлттық қабылдау, дүниетаным ерекшеліктеріне байланысты болады.

Метафоралардың абстракциялы ұғымдарды бейнелеуде нақты нысандарды негізге алуына орай Н.Д. Арутюнова оларды когнитивтік метафоралар деп береді. Метафоралануда бір нысандарға «бөтен» белгілерді тану әрекеті жүзеге асырылатындықтан, бір топтағы заттар екінші топқа жиі көшіп жатады. Мысалы, сындық мағынадағы сөздер (ақ, қара, қою, қатты т.б.), иесі жанды субъект болып келген етістіктер (ұлыды, жұтты, соқты, кесті, кемірді т.с.), өзге де қимыл, іс-әрекет аталымдары білім қорындағы ақпараттар салыстыру барысында дәстүрлі мағынасынан өзге мағынада қолданылады. Қарашаңырақ, қаражол, ақ тілек, жанкешті, жанашыр тәрізді аталымдар осындай әрекеттердің негізінде туындайтын сияқты. Метафоралар заттар мен құбылыстарды атап көрсету мақсатында, когнитивтік қызметте, яғни жаңа концептерді қалыптастырула, заттардың қасиеттерін даралап көрсетуде қолданылады.

В.Н. Телия метафораның қолданымдық сипатына қарай: 1) идентификациялаушы – құбылыстар мен заттарға атау болу мақсатына қарай туындаған, 2) когнитивті – дерексіз ұғымдарды жасаушы метафоралар; 3) бағалауыштық – деректі, дерексіз нысандарды бағалаудан туған метафоралар; 4) экспрессиялық-бағалауыштық метафоралар – жасалуында эмоциялық мағына басым көрінуші метафоралар деп жіктейді. Идентификациялаушы метафораларда «атаулар таза ұқсастыққа негізделіп, сананы нысандардың қызмет, түр сияқты белгілерінің ұқсастығына бағыттайды». Қай тілде болмасын белсенді метафоралардың осы түрі «атаулардың ауысуы» арқылы жасалатыны байқалады. Қазақ тіліндегі оққағар (сауыт) → оққағар (телохранитель), шарайна (зат) → шарайна (понорама), ақуыз (тағам) → ақуыз (жұмыртқаның ағы) → (биол. термин белок) жаңа жасалымдардың туындауы – осындай әрекеттердің жемісі.

Когнитивтік метафоралар деп дерексіз ұғымдарды қалыптастырушы және атаушы метафоралар аталған. Бұларда таңбалардың берер ассоциациялы бейнелері маңызды болады да, «атауларда нақты ұқсастық болмайды, ол жалпы белгілерге байланысты белгіленеді». Когнитивті метафоралардың ғылыми терминдердің қалыптасуындағы белсенділігі дерексіз заттар мен құбылыстардың атауларын түзуінен байқалады. Метафоралардың ғылыми терминологияны қалыптастырудағы маңызы белгісіз, беймәлім нысанды белгілі нысан арқылы атаумен де байланысты. Сөз тіркестерінің, фразеологизмдердің, сөйлемдегі ойлардың метафоралылығы аталым бірліктерінің жасалуына да негіз болып жатады. Сөзқосым бірліктерінің ішінде жансарай (ішкі дүние), жанайқай (қарсылық), жанталас (агония), текетірес (айтыс-тартыс) аталымдарын жасалуы жағынан когнитивтік деп тануымызға болады.

Дерексіз ұғымдарды немесе олардың негізінде деректі нысандарға атау бергенде ассоциациялы ойлаудың белсенді қатынасатыны белгілі. Сонымен бірге, метафоралардың тіл қолданушының мақсатына қарай әр түрлі көңіл күй нышандарын да дәл бере алу қабілеті де байқалады. В.Н. Телия бейнелі метафоралардың бағалауыштық сипатының басымдылығын ескере отырып: бейнелі-эстетикалық, бағалауыштық, бағалауыштық-экспрессиялық деп жіктейді. Бейнелі-эстетикалық деп ғалым көбінесе тіл қолданушының эстетикалық талғамына жауап беретін, әрлі қоладыныстарды мысал етіп алады. Біздің ойымызша, бұл көркем әдебиеттің мақсатынан туындайтын, белгілі бір қаламгердің стиліне, мәнеріне қатысты қолданыстар болғандықтан, тілдік метафоралар болып танылмайды.

Бейнелі метафора да В.Н. Телия зерттеу еңбегінде көркемдік құралдың қызметін сипаттаумен шектеледі. Бағалауыштық метафораны зерттеуші тіл қолданушының нысандар қасиетін бағалауынан туындаған тілдік бірліктердің табиғатынан қарастырады: «В вершине оценочного значения имеет место суждение о ценности свойств обозначаемого объекта по некоторому аспекту и основанию. А сама лценивающая метафора «работает» в основном не в сфере обозначения качественных и количественных параметров предметов, а фактов». Бейненің тілдік бірліктің ішкі мағыналық құрылымда сақталуына байланысты

және эмоцияның тілдік берілу сипатына қарай бейнелі-экспрессиялы метафоралар делінген тілдік метафораларда бағалауыштық айқын көрінеді.

Жоғарыда келтірген пікірлерден, көбінесе метафоралардың аталымды, бағалауыштық, танымдық, прагматикалық сипаттары негізге алынатыны байқалады [60, 100-103 Б.].

С. Торайғыров тілінде тіршілік атауларына, абстракт, діни ұғымдағы, табиғатқа байланысты метафоралар молынан кездеседі.

Біз ақын тіліндегі сондай метафораларды мағыналарына қарай «Адам», «Жан-жануар», «Абстракт», «Діни», «Табиғат», «Тұтыну заттары» тобы деп бөлуді жөн көрдік. Олар іштей бірнеше салаға жіктеледі.

Адам өзінің қасиеттерін табиғат құбылыстарына, жансыз нәрселерге ертеден-ақ теліген. Бұған қарағанда адамға байланысты метафоралар – ең көне метафораларға ғалымдар ертеден назар аударған.

Италия ғалымы Дж. Вико адамға байланысты метафораларды ең көне метафора деп ХҮІІІ ғасыр басында жазған.

Адам тілі жетіле бастағаннан бойындағы бар қасиетін, қимыл-әрекетін айнала қоршаған дүниеге тели сөйлеп үйренген. М. Горькийдің сөзімен айтқанда: «...человек придает всему, что видит, свои человеческие качества – воображая, вносит их всюду, во все явления природы, во все созданные его трудом вещи» [1, 75 б.].

«Адам» тобы бойынша дене мүшелеріне байланысты, лауазым атаулары болып 2 топқа жіктелді:

1) Дене мүшелеріне байланысты:

Үйдегі тілмаш Петька Күлтайды аяп,

Әнуардан әкеп тұрды хат пен **тілді** [43, 282 б.] мысалындағы тіл – пікір алысудың негізгі құралы болғандықтан, мына мысалда «хабар» мағынасында жұмсалған.

Дүние менің үшін жаралғандай,

Өзім соның **кіндігі** саналғандай [43, 210 б.] мысалындағы «кіндік» «негізгі адам» мағынасында қолданылғанға ұқсайды.

2) Лауазымға қатысты:

Жан біткен **қымыз бенен еттің құлы**,

Ел оны еркелетпей қойсын неден? [43, 246 б.] және

Тамақтың құлы болған қызыл ауыз,

Аласысыз өшігер, иттей талар [43, 123 б.] мысалдарындағы «құл» метафорасы «тамаққа тәуелділік» мағынасында келген.

«Бағасы, құны артық, ең асыл, ең құнды, басқадан жоғары» [44, 640 б.] деген ауыспалы мағынасында қолданылған мысалды келтірейік:

Адам ұлы – **патшасы жер жүзінің**,

Еңбегін сал, пайдалан, шығар кенін [23, 214 б.].

Ақын тілінде жан-жануарларға қатысты метафоралар молынан қолданылған.

Ертедегі түрік көсемдері қадірлі де ұлы қолбасшының бойынан аңдарға біткен он түрлі қасиеттің табылуын талап еткен. Олар: Қораздың батылдығы,

тауыққа біткен жанжалға бейімділік, арыстанның жүрегі, жабайы қабанның қайраты, түлкінің қулығы, төбеттің төзімділігі, сұңқардың алысқа самғауы, тырнаның сақтығы, қасқырдың ашқарақтығы, қандай қиындықта да арымай, семіре беретін нугаирге біткен семіздік. Міне, әрбір аңның қасиеті түркі халықтарының тілінде, солардың бірі қазақ тілінде, салыстыру, бейнелі сөйлеуде дәстүрлі қолданылуда [1, 81 б.].

«**Жан-жануар**» тобы бойынша метафораларды іштей жануар, құс, жәндік деген салаларға жіктедік.

1) **Жануар:**

Ертеде халық киікті «киелі, қасиетті аң» деп түсінген. Ол - әдемі аңдардың бірі. Қызыл түс өмірдің символы болып табылады. Яғни, осыны ақын ескеріп, ұтымды қолданған:

Дүние қызықтырған – қызыл **киік**,

Бар адам соны қуған көңілі сүйіп [23, 67 б.].

Ит жеті - қазынаның бірі. Бірақ ақын тілінде жағымсыз құбылыстар, адамның жаман қасиеттері итке баланады. Бұған синоним ретінде «төбет», «күшік» сөздері алынады.

Бармаймын матаса да, байласаң да,

Кәрі **итті** алтын жағып майласаң да [23, 56 б.],

- Бас салып елге келсе ұстап берем,

Ол **иттің** залымдығы асты, - деген [43, 276 б.],

Белгілі: қазақта ондай залым адамдардың өзіне қауіптілеу орынды күзеттіріп, сорпа-сумен алдап қоятын **иттері** болатын. Сол арсылдатып қойған **иттерінің ең басты төбеті** – біздің Оспан би еді [23, 39 б.] немесе

Ұялмай оны қостап өңшең **күшік**!

Жапырылып, ыңғайына ұшып түсіп [23, 60 б.].

Қазақта жүйріктіктің символы – жылқы болып есептеледі. Жылқының жүйріктік қасиеті уәждегі, метафора жасауға негіз болған. Ол «жүйрік» метафорасы арқылы танылады:

Меніңше, Халел деген сынсыз **жүйрік**,

Не түрлі ұзақ салсаң шабар шүйгіп [23, 142 б.] немесе

Көп талант бабын тапсаң **жүйрікке** ұқсас,

Бабын тапсаң жұрт қалар шаңына ере алмай [23, 151 б.].

Атаңды жау шапқанда бірге шауып,

Борсықтар семіріп жүр көміп арды [43, 181 б.] мысалындағы «борсық» метафорасы адамның жағымсыз қасиетін көрсету үшін пайдаланылған.

«Ызбарлы, қаһарлы, адуынды, сұсты» [44, 539 б.] ауыспалы мағынасында қолданылған мына мысалды келтірейік:

Кескекті туған **аюмын**;

Кескілеспей басылман [23, 216 б.].

Төмендегі мысалда есектің қырсықтық, ақымақтық қасиеті уәждегі, ауыспалы мағынасында қолданылған:

Есекке еп білмейтін зарлап қосып,

Жүрмісің бәлі тілеп, ажал тосып? [23, 55 б.].

Сол сияқты «ақымақ» мағынасын білдіретін мына мысалды келтірейік:

Қасен жігіттердің көлденең килігіп, сөзге түсінбей, осынша бүлініп, бүлік іздеп тұрғандықтарына күйіп кетіп: «Кет деген соң кетіндер! Ахметтің сендер садағасына да жарамайсыңдар», «Теңіне тегін бер» деген, Қамар – Ахметке лайық, жұмыстарың болмасын...» деп ұрсып-ұрсып әлгі мұрындықсыз **өгіздерді** де, у-шуға жиналған бала-шағаны да ыдыратып жіберді. шағаны да ыдыратып жіберді [23, 36 б.].

«Мал» сөзі «дүние, мүлік, дәулет» мағынасын береді [45, 578 б.]. Сондай мағынада жұмсалған мына мысалды келтірейік:

... Қыздың байы **мал** екен-ау! – деп аяп, қабырғалары қайысып, көздеріне жас алды [23, 44 б.].

Ал мына мысалда метафора «ақымақ емеспін» мағынасында жұмсалған:

Тұратын **мал** емеспін тоққа алданып,

Ұшатын қарға емеспін боққа алданып [23, 55 б.].

«Жануар» метафорасы «санасын, ақымақ» мағынасын береді. Мысалы:

Тез бір-екі **жануарды** өкіл сайлап, ауызбен: алды, берді, тигізді, сүйгізді... [43, 54 б.] немесе

Мен адам, сен **жануар**, ал қалайша?

Қайтейін, түсінбесең жамандығың! [23, 52 б.].

Сол сияқты мына мысалды да айтуға болады:

Қыздарын теңге бермей, малға беріп,

Қазақты қара көңіл **аң** қылғанын [23, 27 б.].

«Қасқырдың» ауыспалы мағынасы – жауыз, жыртқыш [45, 491 б.]. Оны мына мысалдан көруге болады:

Ақылмен алды-артыңды шолып алмай,

Қарны ашқан **қасқырға** ұқсап қойға шаппа! [23, 29 б.].

Айтылып кеткендей, қазақта жүйріктіктің символы – жылқы болып есептеледі. Жорға – жылқының төрт аяғын тең салып, ырғатыла, тайпала басқан жайлы жүрісі. Ауыспалы мағынасы – бір нәрсеге жүйрік, жетік, шебер. Осы сөздің ауыспалы мағынада жұмсалған мысалды келтірейік:

Шайтан беріп, төмені - тілмаш болсам,

Байың тұрсын, болысың болар **жорға** [43, 235 б.].

2) Құс:

Тілімізде «бақыт құсы қолына қонды» тіркесі кездеседі. Ақын бақыттың оңай қолға түсе бермейтінін ескеріп, оны құсқа балап алған:

Бақыт – **құс ұшып жүрген қолға түспес**,

Билеуге оны ешкімнің күші жетпес [43, 68 б.].

Мына мысалда да метафора жағымсыз мағынада келген:

Басында жаназаның **қызғыш** көрдім,

Сырты – қой, іші – қасқыр бұзғыш көрдім [43, 44 б.].

Біреуі Биохмет Сәрсенұлы,

Ыңғайлы, **қырғиға** ұқсар көрсең түрі [23, 148 б.] мысалда қырғидың ұшқырлық, алғырлық қасиеті уәжделіп, метафора ретінде қолданылған.

Сол тәрізді қаршыға құстың ұшқырлық, өткірлік қасиеті уәжделіп, адам сол қыран құсқа баланған:

Меніңше, Ермаков деген бала,
Ұқсайды ұшқыр қыран **қаршығаға** [23, 140 б.].

Теңіне теңелем деп жүргендердің

Талайын қара **қарға** қылған жауыр [23, 30 б.] мысалындағы қарға – қара немесе сұр қауырсынды тамақ талғамайтын еті арам құс [45, 484 б.]. Бұл мысалда метафора жағымсыз мағынада жұмсалып тұр.

Мына мысалда қыран құстың батылдық, қайраттылық қасиеті және сұқсыр үйректің жексұрындық қасиеті уәжделіп, адамдардың бір-біріне тең емес екенін білдіріп тұр:

Не шара, айтқан сөзім ем болмаса,

Сұңқар мен сұқсұр үйрек тең болмаса [23, 30 б.].

«Шешендікті» білдіру үшін қолданылған метафорасы бар мына мысалды келтірейік:

Қалам қас, мамық тамақ, уыз қойы,

Мөлдір көз, тілің **бұлбұл**, алма мойын [43, 28 б.].

Балауыз, балбыраған бала **бұлбұл**

Қалайша **жапалаққа** болады азық?! [23, 53 б.] мысалында ақын адамдарды екі құс құсқа балау арқылы олардың бір-біріне тең емес екендігін көрсетіп тұр. Сол тәрізді мына мысалды да келтіруге болады:

Сен **бұлбұл**, ол **қаракұс** болса-дағы,

Қосатын сені өзіне халі бар шал [23, 60 б.].

Оны мына мысалдан да байқауға болады:

Аққу құсты **жапалақ** қалай алар, зар-зар!

Ойлап па едің **ақтүйғын**, текке қалар зар-зар! [23, 46 б.].

3) **Жәндік:**

Қазақ тілінде жан сөзімен бірге шыбын сөзі жүреді. Ол ескі ұғым бойынша адам жаны шыбын тәрізді өте кішкене, нәзік әлсіз келеді және ол кеудеде ұшып жүреді деген сенімнен қалған түсінік, наным.

Сұлтанмахмұт ақын «шыбын жан» метафорасын ұтымды қолданған:

Қарайсың мөлдіретіп жәудір көзің,

Шын айтсам, **шыбын жаным** сенің өзің [23, 27 б.] немесе

Ақыл-ой, сын-сымбатта маған теңсің

Шыбыным, шын сүйгенім жалғыз сенсің [23, 31 б.] мысалдарындағы метафора адамды еркелету мақсатымен қолданылған.

Ес те жоқ, қуат та жоқ, үрей де жоқ,

Кеудеде бар демесең **шыбын жаны** [43, 269 б.] және

Даңқы жер жарған, шешендігі ел жарған, күліп кісі бетіне қарап көрмеген, атақты, ибалы, асыл Қамарымыз жоқ жерден мұндай жалаға ұшыпар, бүлік шығып кеткендігіне қайғыра-қайғыра сүзектен тұрған кісідей, құр **шыбыны** ғана бар еді [23, 38 б.] мысалындағы метафора қауқарсыздықты білдіру үшін пайдаланылған.

Даламның мен сағынам бек пен ханын,

Ел үшін аямайтын **шыбын жанын** [23, 206 б.] мысалында метафора елге деген сүйіспеншілікті білдіру үшін қолданылған.

«**Абстракт**» тобы:

Шын достым шыбынымдай Шайбайжан,
Болғанда біріміз – **жан**, біріміз – **тән** [43, 36 б.] бұл мысалда ақын достар арасындағы достықтың берік екенін көрсету үшін метафораларды ұтымды қолданған.

«**Діни**» тобы:

Мына мысалда өзінің қауқарсыздығын көрсету үшін ақын «өлік» метафорасын қолданған:

Мен **өлік**, менде жан жоқ бұдан былай,
Тағдырда солай жазған кәрі құдай [43, 153 б.].

Мен – **ұжмақ періштесі**, көңілім таза,
Қандай нәрсе білмеймін бәле, қаза [43, 191 б.],
Сыртым сондай, ішім бос жамандықтан,

Мен **періште ұжмақтан жаңа шыққан** [43, 192 б.] мысалдарындағы «періште» метафорасы адамның бейкүнәсіздігін, пәктігін көрсету үшін қолданылған.

Жазылмаған, жатқа ұғып ел өлеңін,

Бейне бір кеудесіне қылған **тұмар** [23, 213 б.] мысалындағы метафора халқына деген сүйіспеншілікті көрсету үшін қолданылған, мұнда «тұмар» қасиеттілікті білдіріп тұр.

Тұмар тағу пәле-жаладан, тіл, көзден, ауру-сырқаудан сақтайды деген ұғымнан туған.

Оны ертеде әйелдер ғана емес, еркектер де тағатын болған. Тұмар іші қуыс, әдемі былғарыдан тігіліп, ою-өрнектеліп, күміс шынжырмен мойынға асып алады. Айтылып кеткендей адамды пәле-жаладан, тіл-көзден сақтау үшін оның қуысына қасиетті дұғаны қағазға жазып тығып қояды [61, 65 б.].

«**Табиғат**» тобы су, табиғи құбылыстар, өсімдік әлемі, табиғаттағы пайдалы кендер мен бағалы минералдар деген салаларға жіктелді.

Ғалым А. Байтұрсынұлы: «Адам анайы шағында бала сияқты жанды, жансыз нәрсені айырмаған. Жанды да, жансызы да бірдей тіршілік ететін, бірдей өмір сүретін сияқты көрінген... Табиғаттан ұзап кеткен жері болмаған соң, адамның өзі де табиғатпен қатар, табиғатпен жалғас, сабақтас, өзектес сияқты күйде өмір шеккен. Жансыз нәрселерді жанды деп таныған», - дейді [55, 5 б.].

1) **Су:**

Ақын тілінде суға байланысты «қара су», «көл», «дария», «бұлақ» сияқты метафоралар кездеседі.

Топас күш – **тасқын**, біз – жаңқа,

Сең соқса достар айрылар [23, 138 б.] мысалындағы «тасқын» метафорасы «асып-тасқан күш, жігер, қарқын» ауыспалы мағынасында қолданылған.

Сең – қыс бойы қатып жатқан мұздардың көктемде еріп сынған бөліктері, мұз ағыны. Мына мысалда өмірдің қиындығы мағынасында жұмсалған сияқты.

Теңіз – жан-жағы құрлықпен ұштасып жатқан, кеме жүретін ұшы-қиыры жоқ су. Ауыспалы мағынасы – орасан көптік, молдық [44, 121 б.]. Яғни, теңіздің

молдық, көптік ерекшелігі уәждеііп, метафора ретінде қолданылған мына мысалдарды келтірейік:

Қыздырып күннің қарауы

Надандық теңізі тартылар [43, 59 б.],

Тауылмас ғылым **теңіз** шалқып жатқан,

Соңынан қалмас оның дәмін татқан [43, 124 б.] немесе

Қараңғы ел **қара теңіз тасып жатқан**,

Шыпшық боп өртеймін деп өлері жоқ [43, 152 б.],

Бұрын **көл** болса, енді **теңіз** болды

Өнердің арқасында адам қаны [43, 201 б.].

Қара су «мол, көп су» мағынасында қолданылады. Мына мысалда сол қара судың көптік қасиеті уәждеііп, метафора боп пайдаланылған:

Шынында, ғылым артық мал мен бақтан,

Ғылым болса **қара су тасып аққан** [43, 124 б.].

Дария – суы мол, көлемі кең өзен, көл, теңіз [44, 482 б.]. Төмендегі мысалда метафора «көптік» мағынада жұмсалған:

Бостандық дариясы былтыр тасып,

Жұрт кетті **ағынға** еріп араласып [23, 217 б.].

Бұлақтың теңіз, өзен сияқты мол суларға қарағанда көлемі кішіректеу болса да, ақын тілінде көптік мағынаны білдіріп, метафора болып қолданылған. Мысалы:

Жасыл шөп, көз жасындай аққан **бұлақ**

Бассаң да қай жерге аяқ, жүрген жолың [43, 289],

Шыңғыртып асқа сойған жылқылардың

Қандары **бұлақ** болып ақты сайдан [43, 273 б.].

«Сел» метафорасы да көптік мағынада жұмсалған:

- Обалым шөп шаппаған иеме, - деп,

Қандары **сел** боп жатыр хайуан малдың [43, 274 б.].

Өмірдің өтпелілігін білдіру үшін ақын «өзен» метафорасын ұтымды қолданған. Өзін сол ағысқа төтеп бере алмайтын саламға балаған:

Дүние - **өзен**, **ағысын** кім тоқтатар?

Ағып кете баратын мен бір **салам** [43, 206 б.].

2) Табиғи құбылыстар:

Көзің – **нұр**, сөзің – алма, аузың – алтын,

Самород, қоспасы жоқ нағыз балқын [23, 163 б.] мұнда көздің әдемілігін көрсету үшін оны нұрға балаған.

Төмендегі мысалда да метафоралар көздің әдемілігін көрсетіп тұр:

Бәрі сенің бір өзің:

Күн, ай, жұлдыз – дәл көзің [43, 99 б.].

Адамның бағалылығын көрсету үшін ақын мына метафораларды ұтымды қолданған:

Халел мен Әлімханды **ай** деп айтсақ,

Шолпандыққа жарайды ай қасында [23, 149 б.],

Кешегі қара күнде болмап па еді,

Бірі **күн**, бірі **шолпан**, бірі **айым** [23, 139 б.],

Газет пен журналдарда жайым толып,
Бірі **күн**, бірі атымды **ай** қылатын [43, 211 б.].

Мына мысалда «ай» метафорасы қыздың сұлулығын көрсету үшін пайдаланылған:

Толған **ай** шілдедегі жалт-жұлт еткен,
Мүбәда көрген кісі қиыр шеттен [23, 22 б.].

Ақын адамдардың бір-біріне тең емес екенін көрсету үшін мына метафораларды келтірген:

Арыстан айға шауып мертігіпті,
Секірме, қолың жетпес көктегі **аймын** [23, 29],
Әрине, қолым жетпес көктегі **айсың**,
Қағу көрмей, қарсы өскен қалқатайсың [23, 30 б.],
Бірің - **күн** де, бірің - **түн**, бір кемеге салса да,
Сыйысу жоқ, зар-зар! [23, 46 б.].

Мына жерде білім нұрын шашып, халыққа қызмет етер ақын бейнесі айқын көрінеді:

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, **күн** болам! [43, 59 б.].

Төмендегі метафора бірбеткей, айтқанынан қайтпайтын адам мінезіне байланысты алынса керек:

Кілегей қара **бұлтпын**;
Келе бір жаумай басылман [23, 216 б.].

Метафоралар ғашықтық күйін кешкен адамның бейнесін көрсету үшін тамаша қолданылған:

Жан сәуле, кеуде күйген, жүрек **жалын**!
Кеудем **от**, жүрегімнің байқа халін?! [43, 163 б.],
Ғапу қыл, байқатпайды **ғашық оты**:
Аз ғана күн әурелен деген ісім [23, 34 б.],
Амалсыз арды түйіп қалам алдым:
Кеткен соң **ғашық оты** бойымды алып [23, 26 б.].

Топырақ – жердің үстінгі жұмсақ қабаты. Тілімізде «Топырағы торқа болсын!», «Топырақ бұйырды» тіркестері кездеседі [44, 812 б.]. Яғни, мына мысалда «топырақ» «өлік» мағынасын білдіреді:

Сонда жатып аздан соң мен **топырақ**,
Топырақта жоқ сезім, тіл мен құлақ,
Бір дыбыс ала алмассың өмір бойы,
Қасымда отырсаң да жауап сұрап [43, 212 б.].

3) Өсімдік әлемі:

Шоңның, Торайғырдың ұрпақтары мағынасын білдіру үшін ақын мына метафораларды қолданған:

Шоңның, Торайғырдың көк **жапырақтары**,
Бұтағыңа келіп қонған едік [43, 76 б.].

Қазақтың жағымсыз мінезін көрсету үшін мына метафоралар қолданылған, яғни ақын қазақты қурап қалған сабанға балап отыр:

Бұл сөзді қыстамаймын жалғыз саған,

Мысалы қурап қалған қазақ **сабан**.

Өзімшіл, өзге үшін жәрдемі жоқ,

Жақынын жат көретін жаудан жаман [43, 37 б.].

Ауырып жатқан адамның бейнесін көрсету үшін мына метафора ұтымды пайдаланылған:

Өн бойы суық үйде шаншу алған

Сау жер жоқ, бейне **қурай** қатып қалған [43, 269 б.].

Қыз баланың сұлулығын көрсету мақсатымен ақын мына мысалдағы метафораны пайдаланған:

Ақ сәуле күміс жүзді, құндыз қабақ,

Сен **гүлсің иіс шашқан жарып сабақ** [43, 163 б.].

«Гүл» сонымен қатар жастық шақты да білдіреді:

Жапанда бір **гүл** едім жеке біткен,

Қызықты дүниеден өмір күткен [43, 155 б.].

Адамдар арасындағы теңсіздікті көрсету үшін мына метафоралар ұтымды пайдаланылған:

- **Қу ағаш** бола ма екен **талмен** күпу?

Майысқан өрім талдай жас қыздардың

Болмайды екі аяқты **малмен** күпу! [23, 60 б.] немесе

Құдай тұрсын, ынсапты пендесі де

Қоса ма **қу ағашқа** өрім **талды**? [23, 57 б.].

Жастық дәуренді сондай-ақ «өрім тал» метафорасы білдіре алады. Оны осы мысалдағы «жас алма» метафорасы дәлелдей түседі:

Майысып солқ-солқ еткен **өрім талмын**,

Жас **алма** пісіп тұрған шекер **балмын** [23, 52 б.].

«Қызғалдақ» метафорасы жастықты, сұлулықты білдіру үшін пайдаланылған:

Қызғалдақ пісіп тұрған шілдедегі,

Жер гүлі, қызыл нұрлы шашып ұрық [43, 150 б.].

4) Табиғаттағы пайдалы кендер мен бағалы минералдар:

Төмендегі мысалда метафора көздің әдемілігін көрсету үшін жұмсалған:

Болғанда көзің - **жақұт**, етің – торғын,

Қасың – ай, шашын – жібек, мамық тамақ [43, 163 б.].

Мына мысалда адам асыл тасқа баланып тұр:

Кетпестей түндегі ұйқы, батпастай ас,

Тағдырға бас иген соң шын **гауһар тас** [43, 36 б.].

«Тұтыну заттары» тобы:

Мұнда ыдыстың пішіні уәждеіліп, метафора ретінде қолданылып тұр:

Буаз қатын секілді шартиғанда,

Айран құйып шартиған бір жан торсық [43, 151 б.].

Азамат үш ағасы сақа бойдақ,

Еңбектің қазанында піскен кайнап [43, 157 б.] мысалындағы қазан – металл қорытатын үлкен шойын ыдыс, багранка [44, 501 б.]. Бұл жерде қазан жалпылама қолданылып, ағайындылардың еңбекқор екенін білдіріп тұрған сияқты.

«Қармақ» метафорасы «уысына түсірді» мағынасында қолданылған:

Елді, жерді бір майлы жем қылмауға,

Қалаңның салған жауыз **қармағы** үшін [23, 224 б.].

Сол сияқты мағынада жұмсалған метафораны мына мысалдан да көре аламыз:

Кәрі әкем қысқаннан соң ақша таппай,

Кеп түскем саудагердің **қақпанына** [43, 218 б.].

Өнерлі адамның «сегіз қырлы, бір сырлы» болу керектігін мына мысал дәлелдейді:

Ақынның **кітап** та өзі, **газет** те - өзі,

Пошта да - өзі: таралар айтқан сөзі [23, 213 б.].

Баланың ойнайтын затын білдіретін «ойыншық» сөзі мына мысалда метафора болып қолданылған. Яғни, бұдан байқайтынымыз, ақынның дүниеге босқа келмегенін айтқысы келіп тұр:

Айтпаймын: «құдай мені жаратты» деп,

Ойыншық қып сынуға ермегі үшін [43, 206 б.].

Ақынның арамтамақ молдалардың әрекетін сынға алуы мына мысалдардан көрінеді:

Жиырма жыл медреседе дауам етіп,

Қапшығы садақаның болған қандай? [43, 27 б.],

Підие, зекет, пітірге **қапшық** болып,

Миллетке микробтігі тие отыруға [43, 22 б.].

Айнаның алдында тұрған затты айнытпай көрсету ерекшелігі уәжделіп, метафора жасауға негіз болды. Мына С. Торайғыровтың метафораны мысалда ақылсыз адамдарға ой тастау мақсатымен қолданғанын көреміз:

Құрылған надандарға мысал – **айна**

Не шара соқыр болса көңіл көзі [43, 297 б.].

Қару-жарақ – ұрысқа қарсы қолданылатын соғыс құралдары; құрал-сайман. Қазіргі тілде бұл қос сөздің екеуінің де дербес мағынасы бар және жеке-дара қолданыла береді. «Қару» сыңары найза, қылыш, садақ, т.б. құралдарды білдірсе, «жарақ» сөзін де осылай ұғынамыз. Бірақ ертедегі тіл ерекшеліктеріне назар аударсақ, «қарудың» да, «жарақтың» да өз алдына меншікті мағыналары болған.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде: «қарвы йа» - иіліп жасалған садақ, жақ дегенді білдіреді. Осы тектес сөздің ауысып қолданылатын мағынасын моңғол тілінен де кездестіреміз: «харвуул» - садақ оғы. Ерте заманда «йарақ» немесе «йарық» сөздері батырлар киетін сауыт ұғымында қолданылған. Осы сөз қазақ тілінде «жарақ болып қалыптасқан. Қазіргі «қару-жарақ» қос сөзінің әр сыңарының орнына осыларды қойып көрсек, садақ-сауыт деген ұғым шығады [62, 46-47 Б.].

«Ер қаруы – бес қару» демекші, С. Торайғыров шығармаларында қару-жарақ атаулары метафора ретінде қолданылған.

Бірі жұмсайтын күш мағынасында қолданылса:

Әкім деген – күштіге **шоқпар** деген

Зорлығын істегенде күшсіздерге [43, 198 б.],

Байлар мен үкіметке **шоқпар** болып,
Жүргенін өз-өздерін ұрмақ үшін [43, 200 б.],
енді бірі өмірдің ауыртпалылығын білдіріп тұр:
Толықсып, ес жинауға шамасы жоқ,
Тұрмыстың оғы тиіп жатыр сұлап [43, 153 б.].
Ал енді бір топ метафора «күш, жігер» мағынасында қолданылған:
Мен тұрмыстың қылышы,
Тағдырдың буынар тынысы [43, 101 б.],
Әлпеті **алмас қылыш** жайнап тұрған,
Ашуы шапшаң, қатты барып тұрған [43, 247 б.].

Қорытындылай келсек, ақын тілінде түрлі мағынадағы метафоралар кездеседі. Біз оларды «Адам», «Жан-жануар», «Абстракт», «Діни», «Табиғат», «Тұтыну заттары» тобы деп сараладық. Олар іштей бірнеше салаға жіктелді. Ең көп келетін «Табиғат» тобы метафоралары, ең аз келетіндері – «Абстракт» топтағылар. Астарлап сөйлеуде бұл метафоралар үлкен қызмет атқарады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Метафора – сөйлеу мәдениетінің көрінісі, образды ойымыздың дамуы мен қалыптасуының көрсеткіші. Метафора тарихы – халықтың тарихы, оның ойы, сана тарихы. Метафора – мәдениеттің көрінісі. XX ғ. басында өмір сүрген қазақтың керемет ақыны С. Торайғыров тіліндегі метафораларда замана тұңғыындағы халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, таным-түсінігі, ой, сана тарихы бейнеленген.

Қазақ халқы сөз күдіретін қадір тұтып, оны рухани күш ретінде танытқан халық. Сөйлегенде бейнелі, астарлы метафораларды жүйесімен қолдана білген.

Аталмыш кезең тіліндегі метафоралық сөз орамдары метафоралық қолданыс ретінде кейінгі дәуірлерде көркем әдебиет аясында белсенді қолданылып, әдеби нормаға айналғандары баршылық. Сөздің сана жағынан қаншалықты дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі — оның метафоралық мағынада жұмсалып, түрлі ұғымдарды тудыруына себеп болуында.

Сөздің тууы уәжділікпен тығыз байланыста болады. Уәжділік тілдегі туынды бірліктерге, екіншілік мағынадағы дербес сөздерге қатысты. Метафоралардың синтетикалық, аналитикалық, семантикалық тәсілдермен жасалған уәжділігін көрсету арқылы сөз тудырудағы белсенділігін байқаймыз.

Метафораны зерттеу – ойлау заңдылығын зерттеу деген сөз. Метафора тілдік кеңістікті құраушы тәсіл, ол жасалады, жойылады немесе жаңа сапаға өтеді. Метафора – ойлау, таным процесінің нәтижесі, аналогия, ұқсастық негізінде жасалады. Ол ойда зат пен құбылыс белгілерінің бір-бірімен теңдестірілуі, ассоциациялануының көрінісі, сондай-ақ тілдік қолданыста бар сөз мағынасы мен жаңа ұғым атауының арақатынасының нәтижесі. Метафора сөз мағынасын қайта ойлаудан өткізіп, тілді жандандырып, көріктендіреді. Оның жасалуы шексіз, адам еркіне тәуелді емес, тілдегі қажеттіліктен пайда болады, тілдік үнемдеудің бір көрінісі. Адам өз ойын тек метафорамен білдіріп қоймай, метафорамен ойлайды, өзі өмір сүрген әлемді метафора көмегімен таниды. Кеңінен алғанда метафора мағынаның семантикалық кеңеюі, кейде тіпті толық өзгеруі.

Сөздің көп белгілері болған сайын метафоралы мән алу жеңіл болады. Сөздердің көп бөлігі мағыналарын адам тәжірибесінде біртіндеп таниды. Жаңа ауыспалы мағына жеке белгілерде көрініс табады. Жаңа ауыспалы мағынаның туындауы жаңалық емес, ол тек бастапқы мағыналы сөздің өзге белгілерін табу болып табылады. Тілде бар сөздің негізінде жаңа шындықтың тілдік тұлғасы жасалады. Метафора аты жоқ нәрсені белгілеу тәсілі ретінде екіншілік атауда көрініс табады. Екіншілік атау адам санасындағы заттардың образдарына сүйенеді. Метафора сөздің алғашқы мағынасын ығыстырып, сөзді жандандырып, ұлттық ажар береді.

Зерттеу жұмысымызда С. Торайғыров тіліндегі метафоралардың уәжділігі мен сөзжасамдық ерекшелігі анықталып, олардың синтетикалық, аналитикалық

және семантикалық тәсілдер арқылы жасалатыны көрсетілді. Ең көп семантикалық тәсіл қолданылатыны анықталды.

Ақын шығармаларындағы синтетикалық тәсіл арқылы жасалған метафоралар -шық, -ғылт, -ік, -қын, -тық, -ын, -ер, -қан сияқты жұрнақтардан туындаған.

Ал семантикалық тәсіл арқылы жасалған метафоралар бір заттың аты басқа затқа белгілері ұқсас болғандықтан қолданған.

Аналитикалық тәсіл сөзжасамдық өте көне тәсіл ретінде, ақын тілінде екі сөздің қосарлануы, бірігуі арқылы келген.

Метафоралар семантикалық топтарға жіктеліп, метафоралардың түрлері мен олардың мағыналық ерекшелігі қарастырылды.

Ақын С. Торайғыров тілінде тіршілік атауларына, абстракт, діни ұғымдағы, табиғатқа байланысты метафоралар молынан кездеседі.

Біз ақын тіліндегі сондай метафораларды мағыналарына қарай «Адам», «Жан-жануар», «Абстракт», «Діни», «Табиғат», «Тұтыну заттары» тобы деп бөлуді жөн көріп, оларды іштей бірнеше салаға жіктеп көрсеттік. «Адам» тобы дене мүшелеріне байланысты, туыстық атаулар, қызмет, лауазым атаулары деп, «Жан-жануар» тобы жануар, құс, жәндік, «Табиғат» тобы су, табиғи құбылыстар, өсімдік әлемі деп жіктелді. Олардың ішінде жиі кездесетіндері «Табиғат» тобы болса, ең азы «Абстракт» топтағылар.

Қорыта айтқанда, С. Торайғыров шығармашылығынан тілдің бейнелі көріктеуіш құралдарының бірі болып табылатын метафоралар маңызды орын алады. Мұның өзі аталмыш кезең туындылары тілінің айшықтығын, байлығын, бейнелілігін аңғартады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. Мұғалімдерге арналған көмекші құрал. – Алматы: Мектеп, 1966. – 205 б.
2. Абитжанова Ж. А. Орхон - Енисей ескерткіштері тіліндегі метафораның уәжділігі мен семантикасы. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - ҚР: Алматы, 2008. – 23б.
3. Сеитова Ф.З. Метафора в текстах искусствоведческой проблематики (живопись). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – РК: Алматы, 2007. – 21 б.
4. Вестник университета «Кайнар», №2/1, 2009.
5. Alma mater. Вестник высшей школы, 2003, № 1. – 56 с.
6. Қазақ тілі мен әдебиеті. № 1. – Алматы, 2009. – 144 б.
7. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, № 1-2 (125-126). 2010. – 371 б.
8. Вопросы философии. 2005, № 9. – 192 с.
9. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
10. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd. ЖШС, 2005. – 576б.
11. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
12. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. - Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
13. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Казучпедгиз, 1960. – 246 б.
14. Жұмалиев Қ. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2007. – 272 б.
15. Шәбжантайқызы М. Әдебиет теориясы – көркемсөз ғылымының айнасы. – Көкшетау, 2002. – 186 б.
16. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.
17. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
18. Хасенов Ә. Тіл білімі (Оқу құралы), 3-басылуы. – Алматы: Санат, 2003. – 416 б.
19. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Оқулық, 4-бас. – Алматы: Санат, 2003. – 469 б.
20. Қазақ тілі мен әдебиеті. №3 – Алматы, 2007. – 145 б.
21. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: Ан Арыс, 2007. – 312 б.
22. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №3 (111), 2008. – 370 б.
23. Торайғыров С. Романдар, поэмалар, өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002, – 240 б.
24. Омирбекова Ж.К. метафора және тіларалық транспозиция (Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы бойынша) ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – ҚР: Алматы, 2008. – 22 б.

25. Ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, аспиранттар, магистранттар, студенттер мен оқушылар арасында өткізілген «Ғұлама тағылымы» ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар: ЭКО, 2007 – 294 б.
26. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы (оқу құралы). – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 197 б.
27. Кенжебайұлы Б. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Асем-Систем, 2010. – 344 б.
28. Қазақ тілі мен әдебиеті. №2. – Алматы, 2008. – 144 б.
29. Еспенбетов А. Уақыт өрнегі. – Алматы: Инжу-маржан, 2005. – 515 б.
30. Аңыз адам. С. Торайғыров. №6 (66) Наурыз 2013. – 50 б.
31. Еспенбетов А. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт: Ғылыми зерттеу. – Алматы: Раритет, 2008. – 240 б. – «Шәкәрім әлемі» сериясы.
32. Зинов-Габден Бисенғали. Қазақ прозасы. XX ғасыр басы. Жаңа роман жолында. – Алматы: Арыс, 2010. – 315 б.
33. Мәшһүр Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Монография. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2007. – 442 б.
34. Қасым Б.Қ. Сөзжасам: семантика, уәждеме. Оқу құралы. – Алматы, 2003. – 167 б.
35. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, № 4 (94). 2006. – 209 б.
36. Будагов Р.А. Введение в науку о языке. – Москва, Учпедгиз. 1958. – 435 с.
37. Шанский Н.М. Лексикология современного русского языка. – Москва, 1972. – 326 с.
38. Поршнев В.Ф. О начале человеческой истории. – Москва, 1974. – 325 стр.
39. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, Ғылым, 1997. – 272 б.
40. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). Алматы, 1999. – 309 б.
41. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
42. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
43. Торайғыров С. Дүние дөңгелегі айналады. Таңдамалы. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2009. – 356 б.
44. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I - X томдар. – Алматы: Қаз ССР Ғылым, 1974-1986 жж.
45. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
46. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
47. Жұбатова Б.Н. Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдер. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 312 б.
48. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
49. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
50. Нұрмағамбетов Ә. Сөз сырына саяхат: Орта мектеп оқушыларына арналған. – Алматы: Жалын, 1990. – 128 б.

51. Фразеологический словарь русского языка. Коллектив авторов: Л.А. Войнова, В.П. Жуков, А.И. Молотков, А.И. Федоров. Под ред. А.И. Молоткова. – Москва: Сов. Энциклопедия, 1967. – 543 с.
52. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан). Толықтырылған 3-басылымы. – Алматы: Арыс, 2004. – 232 б.
53. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2010. – 356 б.
54. Даль В. И. Толковый словарь русского языка. Современная версия. – Москва: ЗАО Изд-во ЭКСМО – Пресс, 2001. – 736 с.
55. Белбаева М., Әміреева А. С. Торайғыров шығармалары тілінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1995. – 272 б.
56. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы: Монография. – Алматы: Баспалар Үйі, 2009. – 192 б.
57. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б. «Шәкәрім әлемі» сериясы.
58. Артықбаев Ж.О., Сабданбекова Ә.Ә., Әбіл Е.А. Қазақстан тарихынан әңгімелер: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. Басылымы, өңделген. Алматы: Атамұра, 2010. – 208 б.
59. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
60. ҚР Ұлттық Ғылым академиясының хабаршысы, №6, 2003, қараша.
61. С. Қалиев, М. Оразаев, М. Смайылова. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. (Орта мектептің VІІІ-ІХ кластарына арналған оқу құралы). – Алматы, Рауан, 1994. – 219 б.
62. Нұрмағамбетов Ә. Қос сөздердің құпиясы. Алматы: Жалын, 1991. – 96 б.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 МЕТАФОРАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ	
1.1 Метафораның шетел тіл біліміндегі зерттелуі.....	5
1.2 Метафораның түркі тіл біліміндегі зерттелуі.....	8
2 С. ТОРАЙҒЫРОВ ТІЛІНДЕГІ МЕТАФОРАНЫҢ УӘЖДІЛІГІ МЕН ЖАСАЛУ ТӘСІЛІ ЖӘНЕ СЕМАНТИКАСЫ	
2.1 С. Торайғыров шығармалары тілінің ғылыми зерттелуі.....	12
2.2 Метафораның уәжділігі, сөзжасамдық тәсілмен берілу жолдары.....	19
2.2.1 С. Торайғыров шығармаларындағы синтетикалық тәсілмен жасалған метафора уәжділігі.....	24
2.2.2 С. Торайғыров шығармаларындағы аналитикалық тәсілмен жасалған метафора уәжділігі.....	28
2.2.3 С. Торайғыров шығармаларындағы семантикалық тәсілмен жасалған метафора уәжділігі.....	32
2.3 С. Торайғыров шығармалар тіліндегі метафораның семантикасы.....	49
ҚОРЫТЫНДЫ.....	63
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	65

АҢДАТПА

Зерттеу жұмысы С. Торайғыров шығармаларындағы метафора жүйесі мен уәжділігін ашуға арналады. Аталмыш зерттеудің мақсаты ақын тіліндегі метафора жүйесін, олардың уәжділігін, семантикалық топтарын зерттеу болып табылады. Ақын тіліне байланысты жарық көрген еңбектерге ғылыми талдау жасалынып, метафораның түркі, орыс, әлемдік тіл біліміндегі теориялық негіздері сараланды. Сондай-ақ, С. Торайғыров шығармаларындағы метафораның уәжділігі мен жасалу тәсілдері терең ғылыми талдауға түсті.

Қазақ тіл білімі саласында әлі де жұмбақ тұстары бар уәжділік теориясы аталмыш зерттеуге өзек болды. Осы бағытта метафораның сөзжасамдық табиғаты ғылыми тұрғыдан жан-жақты талданылып, уәжделу сипаты тілге тиек етілді.

АННОТАЦИЯ

Исследовательская работа посвящена раскрытию системы метафоры и ее мотиваций в произведениях С. Торайгырова. Целью данной работы является исследование системы метафоры, их мотивации и рассмотрение семантических групп в произведениях поэта. Материалами исследования послужили произведения поэта, а также теоретические исследования метафоры в тюркском и мировом языкознаниях.

С научной точки зрения были рассмотрены особенности использования метафор в произведениях С. Торайгырова, которые являются стержнем для раскрытия теории мотивации, употребления их в казахском языкознании.

ANNOTATION

The research work is devoted to the disclosure of metaphor and its motivations in the works S.Toraigyrov. The aim of this work is to study the system metaphor, and considering their motivatsii semantic groups in the poet's works. Materials research were the poet's works, as well as theoretical studies of metaphor in Turkish and world linguistics.

From a scientific point of view were considered especially the use of metaphors in the works S.Toraigyrov, which are the core of the theory of motivation for the disclosure, use them in their Kazakh linguistics.